

Ғалым Қожабеков

Л 2014

2709 к

САЙЫПҚЫРАН



Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

САЙЫШҚЫРАН

УДК 796/799(574)

~~ББК 75.4~~

Қ 56

Қ 56 Қожабеков Ғ. Сайыпқыран (спортшылар туралы мақалалар мен сұхбаттар). – Астана: «Астана-полиграфия», 2009. – 160-бет+16-бет жапсырма.

ISBN 978 – 601 – 254 – 087 – 1

Бұл кітапта журналист Ғалым Қожабековтың халықаралық Жарыстарда ел намысын қорғап жүрген танымал Спортшылар туралы мақалалары мен сұхбаттары жарық көріп отыр. Кітап көпшілікке арналған.

УДК 796/799

ББК 75.4


ISBN 978 – 601 – 254 – 087 – 1


© Қожабеков Ғ. 2009.

©«Астана-полиграфия», 2009.

І БӨЛІМ

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК...





АСХАТ ЖИТКЕЕВ

Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері.

Қазақстанның бірнеше мәрте чемпионы.

Әлем чемпионатының қола жүлдегері – 2001 жыл.

Азия чемпионы – 2003, 2004, 2008 ж.ж.

Азия чемпионатының күміс жүлдегері – 2005 жыл.

Азия ойындарының қола жүлдегері – 2002, 2006 ж.ж.

Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері – 2008 жыл.

ЕР КЕЗЕГІ ҮШКЕ ДЕЙІН

Дзюдо... Бұл күрес те қазақтың жамбасына түсе бастады. Бұрын жапонның ұлттық өнері болған бұл күрестің бүгінде айдарынан жел есіп тұр десек те жарасады. Олай дейтініміз алдымен құрлықта қарқын алған, одан кейін әлем біріншіліктері өткізіле бастаған дзюдо спорт сайыстарының ең биік шыңы Олимпиада ойындарының да бәсекесін қыздыратын болды.

Қазақстанда дзюдо күресі бертінде қолға алынды. Табиғатынан балуандыққа бейім қазақ үшін дзюдоны меңгеру соншалықты қиынға соқпады десек те, халықаралық аренада Қазақстан дзюдошылары тек 2001 жылы ғана өз шеберліктерін көрсете бастады. Осы жылы қазақтың қос Асхаты - Шахаров пен Житкеев әлем чемпионатының қола жүлдегері атанған. Осыған дейін екі Олимпиада ойындарына, төрт әлем біріншілігіне қатыссақ та, жүлдеден құралақан қайтқан екенбіз. Екі әлем жүлдегерін алға салып Афины Олимпиадасына барғанда да қазақ балуандарының жолы болмаған. Тек арада тағы бір олимпиадалық цикл өткенде барып Қазақстан дзюдошысы Олимп тұғырынан орын алды. Пекинде өткен ХХІХ жазғы Олимпиада ойындарында қазақ дзюдошысы Асхат Житкеев күміс жүлдегер атанып, ел мерейін өсірді. Ал 2009 жылы Максим Раков әлем чемпионатының алтын медалін жеңіп алды. Арада екі ай өтпей-ақ астаналық дзюдошы Тимур Болатұлы Моңғолияда өткен Әлем кубогында күміс жүлдегер атанды. Бұл жеңістер шын мәнінде Қазақстан дзюдосына ұлттық бедел, жаңа серпін әкелгені сөзсіз. Бүгінгі таңдағы кимоно киген балалар мен жастардың көбейе түсуіне де осы жеңістердің әсері тигені сөзсіз.

Қытай астанасында байрағы көтерілген Олимпиада ойындарында Асхат Житкеевтің арыстанша алысып, жолбарыстай жұлқынып күрескенін тапжылмай көрдік қой. Өмірінде үшінші рет барған дүбірлі додада астаналық балуан барын салғанын, яғни жан-тәнін осы жарыстың жүлдесі үшін сарқа жұмсауға келгенін бірінші белдесуінде-ақ көрсеткендей болды. Алдына келгеннің бәрін нығынан асыра лақтырып немесе әп-сәтте буындырып жарыстан шығара берді, жеңе берді...

...Асхат Житкеев боз кілемге жеті жасында жығылды. Талдықорған облысындағы І. Жансүгіроватындағы ауылда күрес деген дүркіреп тұрған кезең болатын. Мектептегі оқушылардың көпшілігі балуан болғысы келетін. Бірі еркін күреске, енді бірі классикалық күреске барып, ауыл балалары кәдімгідей шыңдалып жүретін. Асхат бірінші сыныпқа барғанда күреске онша мән бере қоймады. Бірақ іштей күреске қатысып жүрген тұстастарына қызығып қарайтын еді. Бара-бара сабақтан шыққан соң күрес залына соғып, ондағы балалардың жаттығуын қадағалайтынды шығарды. Мінезі салмақты болғаннан шығар, құрдастарының «күреске келсейші» дегендеріне бірден жығыла қойған жоқ. Содан жазғы каникул да басталып кетті. Ала жаздай доп қуып, үй шаруасына да жегілген кішкентай Житкеев жаңа оқу жылынан бастап күреске баратынын шешті. Шешкенде де дзюдо күресін қалады.

Жас бапкер Саят Құдайбергенов бірінші рет кимоно киіп, дзюдоның қыр-сырын меңгеруге кіріскен Асхаттың алғашқы қимылдарынан-ақ талабы мен табандылығын байқап қалды. Содан бапкер мен шәкірт арасындағы «тіл табысу» тезірек қалыптасып, үлкен спортқа жетелеген құтты қадам басталып кетті. Күнделікті жаттығулар мен түрлі жарыстар жасөспірім Асхаттың өмір салтына айналып жүре берді. Аудандық және облыстық турнирлерде ысылып, бірнеше республикалық жарыстарда жүлдегерлер қатарынан көріне берді.

1994 жылы талапты балуанды бапкерлері Алматыдағы спорт-интернатқа жіберуді ұйғарды. Асхат сөзге келмеді. Бір күнде жиналды да, Алатаудың баурайына бір-ақ тартты. «Мектепті бітіргенше осы ауылдағы спорт та саған жетер еді ғой» деген ағайындарының кеңесіне де құлақ аспады. Бұл шешімінің дұрыс болғанын, бұл ұйғарымының дер кезінде жасалғанын бүгінде Асхаттың өзі де, сан-алуан «ақыл қосқан» бауырлары да мойындайтыны айдан анық. Өйткені, спорттың әлемдік биігіне көтерілу үшін үлкен қалада, ерекше жағдайда жаттығу қажет екені заңдылық екені айтпаса да түсінікті еді.

Жастар арасындағы республика біріншілігін бірнеше рет ұтқан Асхат Житкеев 17 жасында ересектер чемпионатына қатысып, мамандардың көзіне айрықша түсті. Бір жылдан кейін ел чемпионы атағын ұтып алды. Осы жылы жазғы Олимпиада ойындарына да қатысатын болды. Сиднейге жолдама алуы да бір қызық болды десе болады. Бұл кезде Асхаттың салмағы 90 келі болатын. Ал бұл салмақ бойынша олимпиадаға қатысу құқығын белгілі балуан Сергей Шакимов алып қойған болатын. Қазақстан құрамасында тек 100 келі салмақ қана бос. Содан бапкерлер құрамы Житкеевті осы салмақта күрестіруге ұйғарады. Асхат болса республика чемпионатында да, Азиялық лицензиялық турнирде де барлық қарсыластарын тізе бүктіріп, Австралияға аттанып кетті. Өкінішке қарай, Сидней татамиі Асхатқа жақпады. Ол бірінші айналымнан шыға алмады. Бірақ жас жігіт бұл жеңілісіне соншалықты өкіне де қоймады. Өйткені, ол құрамадағы ең жас балуан еді.

Сидней ойындарынан кейін Асхат елордамыз Астанаға көшіп келді. 100 келіге түбегейлі тоқтады. Бас қаладағы «Жақсыкелді» спорт клубының шақыруын қабылдап, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Саян Хамитжановтың қол астында шеберлігін жетілдіре түсті. Айналдырған бір жылда төккен тері ақталып шыға келді. 2001 жылғы әлем чемпионатында қазақтың қос Асхаты

– Шахаров пен Житкеев қола жүлдегер атанып келді. Бұл Қазақстанның дзюдо күресіндегі бірінші әлемдік жүлделер болған еді. Осы жеңісіне арқаланған Асхат келесі жылы Азия ойындарында үшінші орыннан көрінді. 2003 жылы Азия чемпионатында төрт қарсыласын иппон әдісімен, яғни таза жеңіспен аяқтап құрлық чемпионы атанып келді. 2004 жылы да Азияда алдына жан салмады. Бұл жылы астаналық Асхаттың иығына бұрынғыдан да салмақты жауапкершілік артылды. Алып құрлықтың қатарынан екі дүркін чемпионы Афины олимпиадасына жолдама алды. Бұл – біздің балуанның екінші Олимпиадасы.

Грекия астанасындағы ойындардың алдында Асхат Житкеев әлемдегі ең мықтылардың қатарынан саналған. Елдегі бапкерлер де, жанкүйерлер де Асхаттың жүлде алатынына сенімді-ақ еді. Үлкен сенім жай адамға артыла ма?! Асхаттың өзі де осы кезде бабында екенін сезетіндей болып көрінетін. Мүмкін сондықтан да болар Мемлекет басшысы Н.Назарбаев XXVIII Олимпиада ойындарында Қазақстан туын көтеріп шығуды Асхат Житкеевтің қолына ұстатты. Бұдан артық сенім, бұдан артық жауапкершілік болар ма?! Шыны керек, Афины ойындарында Асхат жетінші орынды ғана қанағат тұтты. Бұл көрсеткіш біздің жігіттің мақсаты емес еді. Ол бұл жолы жүлдегерлер қатарынан көрінуге дайын болатын. Алайда, спорттың аты спорт емес пе, бармақтай бақ жетпей қалды. Әйтпесе, бабында мін жоқ сияқты еді. Осы жарыстан кейін Асхат бір жылдай тынықты. Содан кейін Пекин ойындарына, яғни өміріндегі үшінші Олимпиадасына баруға бекінді. Азиядағы лицензиялық турнирде бәрін жапырлата ұтты. Сөйтіп, XXIX ойындарға аттанды.

...Пекиндегі алып сарайдың ортасына төселген татами айналасында сапырылысқан жұрт. Айқай-шу. Арқаларында «RUSSIA» деп жазылған бапкерлер болса керек қапталдағы төрешілерге төніп барады... Таблодағы көрсеткіштер жарқ-жұрқ етіп өзгеріп жатыр.

Бұл Олимпиада ойындарының жартылай финалдық белдесулері өтіп жатқан күн еді. Хабарлаушының даусынан келесі жұпта кімдердің шығатыны айтыла бастады. «Қызыл белбеудегі балуан Хенк Гролл. Голландия. Олимпиада ойындарының жүлдегері. Еуропа чемпионы. Әлем чемпионы...» дегенде бір топ жанкүйерлердің даусы ерекше қатты естілді. Қызғалдақ түсті жалаулар желбіреп шыға келді.

«Көк белбеулі спортшы Асхат Житкеев. Қазақстан. Азия чемпионы. Әлем біріншілігінің қола жүлдегері...». Кең сарайдың қақ ортасында орналасқан бір топ адам тік тұрды. Енді көк байрағымыз желбірей бастады...

Финалға, яғни Олимпиада чемпионы атағына таласуға жолдама беретін шешуші бәсеке. Гролл мен Житкеев бірін бірі жақсы білетін қарсыластар. Талай жарыста жолдары түйіскен. Дегенмен бұл белдесудің жөні бөлек. Жеңгені Олимпиада чемпионы атағы үшін күресетін болады. Татамидегі төреші «хаджиме» дегені сол-ақ еді Хенк арыстандай атылды. Асхаттың жағасынан алып «шыр көбелек» айналдырмақ ойы бар сияқты. Тапқан екен айтқанына көнетін қарсыласты. Жағаласқан екі балуан да кілем сыртына шығып кетті. Күресті қайтадан ортадан бастады. Бұл жолы Житкеев жағадан мықтап ұстады. Бір сәтте қазақ жігітінің оң қолы арқадан асып Гроллдың белбеуіне ілікті. Жұлқып-жұлқып жіберді. Қарысып бара жатқан қарулы қолдан қалай құтыламын деп сасқаны ма голландық кілемнен шығып кетуге күш салды. Осы бір сәтті дер кезінде пайдалана білген Асхат қас-қағымда Хенкті шалып құлатты. Таблода «юка» ұпайы жарк етті. Қайтадан белдесу жалғасып жатыр. Енді Еуропа чемпионы алға өнмендейді. Бірақ өте салқынқанды жүрген Асхаттың қай жағынан кірерін білмей жүр. Дегенмен тіс қаққан шебер емес пе, қазақ балуанын бір айналдырып түсірді. Бұл әдісіне «кока» алды. Біреуінде «юка», біреуінде «кока», былайша айтқанда есеп әзірге 2:1 Житкеевтің пайдасында. Мұндайда уақыттың созылып

алатыны бар емес пе, бес минут бігер емес. Әлі 55 секунд қалды. Дзюдода жеңіске жету үшін қас-қағым сәт жетіп жатыр. Бір-ақ әдіспен «иппон» жасауға, яғни таза жеңіске жетуге болады. Сондықтан да әр балуан соңғы секундқа дейін өте сақ болуға тырысады.

...Ал басталды Гролл тағы да алға қарғыды. Асхатты қылқындырып алмақшы. Екі қолы біздің балуанның екі жағасынан мықтап ұстаған. Буындырып тұрып лақтырмақ ойы бар. Дәл осы сәтте қызбалыққа берілмей, қайта қарсы әдіс қолдануды ойластырған Житкеев тамаша әдіс қолдана білді. Өзіне ұмтылған Гроллды кеудесінен асыра лақтырды. Иппон! Татами төрешісі оң қолын жоғары көтеріп қалды. Бұл Асхат Житкеевтің таза жеңіске жеткенін білдірген белгі болатын. Енді финал. Алтын үшін өтетін соңғы күрес қана қалды.

...Боз кілемге екі алып теңселіп шықты. Бір-біріне сес көрсететіндей... Қарастары тәкәппар. Әсіресе, моңғол балуанының жүрісі адуынды, өзі алпамсадай екен. Екі нығына екі адам мінгізіп қойсаң да міз қақпайтын мықтының өзі дерсің. Оның қасында біздің Асхаттың дене-бітімі әлдеқайда шағын болып көрінетіндей. Көрінгенде, шынымен де моңғол жігіті бес келідей ауыр болып шықты. Оның үстіне бұған дейін Моңғолия тарихында Олимпиада чемпионы болмаған. Осы бақытқа Найдан Тувшинбаяр кенелуі әбден мүмкін. Әрине, егер қазақ балуанынан айласын асыра алса.

Бұл жекпе-жек туралы Асхаттың өзі былай еске алады: «Моңғол балуаны өте ыңғайсыз қарсылас. Мен онымен бес рет күрескенмін. Олимпиадаға үш ай қалғанда екеуміз Азия чемпионатының финалында кездескен едік. Сонда тоғыз минут алыстық. Сол жолы мен Найданның қолын қайырып барып жеңіске жеткен едім. Ал Пекинде есе жіберіп алдым. Одан да Азияда жол беріп, Қытайда жеңгенім дұрыс болар еді... Бірақ спорттың аты – спорт, біреу жеңеді, енді біреу жеңілуге мәжбүр болады. Қазір ойлаймын, менің де чемпион болуға мүмкіндігім

жеткілікті болған еді, бірақ неге екенін білмеймін финалға қалжырап шыққандай болдым. Денем де, жүйкем де бір ауыр жағдайда болған сияқты. Бір күнде бес рет күресу шынында да оңай емес қой. Оның үстіне қатардағы жарыс емес – Олимпиаданың финалы. Дегенмен мен үшінші рет Олимпиадаға барғанымда жүлдегер атанғанымды мақтан тұтамын. «Ер кезегі үшке дейін» деген сөз бар ғой... Егер бұл жолы да құралақан қайтқанда үш цикл бойы төккен терім зая кеткендей болар еді. Сондықтан да мен құдайға шүкір деймін».

Асхат Житкеев Олимпиаданың күміс жүлдегері болып келгенде ел Президенті оның кеудесіне мемлекеттің жоғары наградасы – «Барыс» орденін тақты. Астана қаласының әкімі елорда төрінен үш бөлмелі пәтердің кілтін табыс етті. Ал Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы елордадағы «Қазақстан» спорт сарайында «Асхат Житкеевтің дзюдо залын» ашты. Бүгінде Олимпиада жүлдегері өзі тұсауын кескен кілем-татамиде жүздеген бала тер төгіп жүр.

– Асхат Житкеевтен бата алған бұл балалардың арасынан ертең-ақ ел намысын қорғайтын сайыпқыран чемпиондар шығатынына сенімдіміз, – дейді Астана қаласы әкімінің орынбасары Әмірхан Рахымжанов. Иә, иә, өзіңе риза бол, сен еліңе де, халқыңа да спорт бақытын сыйлаған саңлақсың дейміз біз де Қазақстан дзюдосына жаңа тарихтың бетін қосқан, Олимпиада ойындарының тұңғыш жүлдесін алған Асхат балуанға. Сенің күмісің қазақ даласына, қазақ баласына дзюдо күресінің құдіретін танытты. Кимоно іздеп, боз кілемге баратын жасөспірімдер көбейді. Үлкен жолға із салдың Асхат – чемпион. Енді сол із алға тартсын.



ҚАНАТ АБУТАЛИПОВ

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

Қазақстан чемпионы – 2002, 2003, 2006, 2007, 2008 ж.ж.

Әлем кубогының күміс жүлдегері – 2002 жыл. / Қазақстан/.

Орталық Азия ойындарының чемпионы – 2003 жыл. / Тәжікстан/.

Азия чемпионатының қола жүлдегері – 2007 жыл. / Моңғолия/.

Олимпиадалық Азиялық іріктеу турнирінің жеңімпазы – 2008 жыл. /Қазақстан/.

Қазақстан Президенті кубогының, Тайланд Королі кубогының, АИБА президенті турнирінің жеңімпазы.

ҚАЙСАР МІНЕЗДІ ҚАНАТ

...Бокс!

Шаршы алаңдағы реферидің даусы саңқ етті. Атшаптырым спорт сарайының іші гуілдеп кетті. «Соқ, соқ!..» деген дауыстар үдеп барады...

«Асықпа! Аптықпа! Оң қолын байқа, сол қолыңды көтер...» бұл дауыс шаршы алаңның бұрышынан ептеп-ептеп естіледі. Иә, иә, бұл рингтің көк бұрышына жақын отырған акқұба жігіттің салмақтап-сыбырлап айтып жатқаны. Қадала қараймыз, өзіміздің Бейбіт Масабаев екен.

...Стоп!

Төрешінің даусы тағы саңқ етті. Бірінші раунд аяқталды. Бейбіт бапкер рингке қарғып шықты. Бір қолында орамал, екінші қолында бөтелке.

- Қанат, әзірге жақсы, бірақ байқа. бұл «кубинецтерді» білесің ғой... Алда әлі үш раунд бар. Күшінді есепте, анау әлі қызған жоқ сияқты... Сен енді осы ұпай айырмашылығыңды ескеріп істе, әзірге үш ұпай алдасың.., - деп үсті-үстіне бастырмалап айтып жатыр.

...Екінші раунд басталып кетті. Қызыл бұрыштан көзі қанталап шыққан 2001 жылғы әлем чемпионы Варталамейо Валлеро бірден алға ұмтылды. Бірінші соққысы біздің жігіттің шықшытын жалап өтті. Алыста отырсақ та біздің зәреміз кетті. Жанымда тұрған белгілі боксшы. Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Берік Маржықпаев «Әй,

байқа! Ол енді өзеурей береді, оң қолыңмен қарсы ал!» деп айқай салды. Сол-ақ екен Қанаттың сол қолы тиген жерге, оң жұдырығы да сарт етті. Тағы да гу ете қалдық. Бірін-бірі біраз төмпештеп алса да, әзірге екеуі де тың сыңайлы. Әсіресе, Қанаттың қимылында мін жоқ, табаны еденде тұрақтамайды. Оңға-солға шапшан ауыса салады. Кубаның «қара маржаны» екі қолғабын бетіне басып алған. Алға өнмеңдей береді. Ұрып құлатқысы келіп жүргендей.

Шаршы алаңның оңқапталында бір топ астаналық боксшылар шоғырланып қалыпты. Орталарында таудай болып Роман Каспер тұр. Ағайынды спорт шеберлері Жанат, Қайрат, Марат Манашев, Ерік және Ермек Маржықпаев, Мәулен және Мұрат Мұстафиндер кезектесіп айқайға басады. Бәрінің есіл-дерті Қанаттың жекпе-жегі үстінде.

«... Рингтің көк бұрышында демалып отырған – Қанат Абуталипов. Қазақстан. Астана қаласы. Спорт шебері. Осыған дейін 65 жекпе-жек өткізіп 53 рет жеңіске жеткен».

...Соңғы, шешуші, төртінші раунд басталды. Сарай іші у-ду. Қанат сәл басымдылықпен ғана алда келеді. Бағанағы бірінші-екінші раундтағы ұпай айырмашылығы жоқ. Небары бір-ақ ұрыс... Шындап келсек, бұл кубалықтар үшін түк емес. Талай көргенбіз, Бостандық аралының боксшылары соңғы сәтте бұрқырап кететінін. Осындай ойлар басымды айналдырып бара жатқанда кең сарайдың іші тағы гу еткені. Андамай қалған екенмін, Қанат қатарынан екі соққыны дәл тигізген екен. Есеп үш ұпайға ұзарды. Варталамейода ес жоқ дерсің, қорғанудан қалған, тек алға ұмтылады. Оң қолын да, сол қолын да сермеп жатыр. Бір сәтте кубалықтың

сол жұдырығы Қанаттың оң жағына сылқ етті. Қанат қарап тұрсын ба, жанталаса қорғанып, арасында қос жұдырығын қарсыласының қос бүйіріне түйіп-түйіп алады. Екеуі де шегінетін жер қалмай, жартастан құлайтын құландай жанталасады... Бітті-ау.

«Қазақстан» спорт сарайының іші у-ду. «Жарайсың, Қанатжан!», «Қазақстан!», «Алға, Астана!» деген ақжарқын дауыстардаң құлақ тұнады. Бұл астаналық тастүлек Қанат Абуталиповтың Әлем кубогы турниріндегі жеңісті сәті еді. Осылайша, жарысты спорт шебері болып бастаған астаналық боксшы «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атанып шыға келді. Бапкері Бейбіт Масабаев «Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағына ие болды.

Төрткүл дүниедегі ең мықты 8 елдің боксшылары сынға түскен бұл байрақты бәсекеде Қазақстан құрамасы тек қана Куба боксшыларына 6:5 есебімен есе жіберіп, командалық нәтижеде Әлем кубогының күміс жүлдегері атанған. Бұл Қазақстан боксының тарихындағы жаңа биік, жаңа нәтиже болғаны айқын. Жеңімпаздар тұғырында Бақтияр Артаев, Мұхтархан Ділдабеков, Геннадий Головкин, Галиб Джафаров, Нұржан Кәрімжанов, Руслан Мусинов, Сергей Рычко, Руслан Мыржықбаев, Олжас Оразалинов, Берік Серікбаев, Владимир Сторожук секілді сайыпқыран жігіттеріміз болды. Осылардың қатарында ең жеңіл салмақтағы Қанат Абуталипов та тұрды. АИБА /Бүкілдүниежүзілік әуесқой бокс федерациясы/ президенті Анвар Чаудридің қолынан күміс медаль алды.

Қанат 1983 жылы Қорғалжын өңірінің Баршын ауданына қарасты Жанбөбек ауылында дүниеге

келген. Алақандай ауылда шағын мектептеп басқа қоғамдық орта жоқ десе болатын. Бүкіл ауыл тұрғындары мереке болса осы мектепке тоғысады. Осы ауылдағы қатарлас құрбыларымен тайқұлындай тебісіп өскен баланың бірі – Қанат еді. Бір өкініштісі, Қанаттың әкесі бұл өмірден ерте озды. Бірақ, анасы Тілеукең жан баласын адам қыламын деп қолынан келгенше «тұмсықтыға шоқтырмай, қанаттыға қақтырмай» ер жеткізді. Жас ана Қанаттан кейінгі інісі мен қарындасын жетектеп аудан орталығы Баршыңға көшті. Міне, осы кезден бастап, киіктің асығындай Қанаттың өмірінде түбегейлі өзгеріс болды. Ол Баршындағы мектептің табалдырығын аттасымен, жаттықтырушы Бейбіт Масабаевпен кездесті. Табиғатынан елгезек бала бірден жас бапкердің алдына барып, «Аға, мені боксқа алыңызшы» деп сұранды. Түр-әлпетінде қобалжу бар. Бокс әлемінің қызығы мен шыжығын бір адамдай білетін Бейбіт бапкер сонда жұдырықтай баланың көңілін қалдырмай «Кешке спорт залға кел, сосын сөйлесеміз» деген еді... Міне, содан бері ондаған жылдар өтті. Бейбіт бапкер мен Қанат шебердің жолдары айырылған жоқ. Екеуінің былғары қолғапты арқалап бармаған жері жоқ. Төрткүл дүниенің төрт бұрышында өнер көрсетіп жүр.

...Талантты баланың бағын ашу үшін Бейбіт Масабаев Қанатты жетектеп Астанаға тартты. Мектепте жүріп-ақ, бірнеше облыстық және республикалық жарыстарда топ жарған шәкіртінің болашағын үлкен қалада жетілдіру қажет болғанын жан-тәнімен ұқты. Құдайға шүкір, бұл шешімнің дұрыс жасалғанын бүгінде бапкердің өзі де, Қанат

та мойындайды. Қалаға келген беттен Бейбіт пен Қанат осындағы бапкерлермен келісе отырып, тұрақты жаттығуға кірісті.

«Талап тас жарады» деген атам қазақтың есті сөзін ұстанған бапкердің көрегендігін айтсаңызшы. Бұл сөздің шынайылығын шәкірті де дәлелдеп келеді. Қ.Абуталипов жасөспірімдер арасындағы жарыстарда ысылып, бірқатар біріншіліктерде бас бәйгені алған соң, жастар арасындағы сайыстарға түсті. Алдына қойған мақсатқа жету үшін күнді түнге, түнді күнге жалғастырып жалықпай жағтыққан жігіттің маңдай тері біртіндеп ақтала бастады. Ол 2001 жылы жастар арасындағы Қазақстан чемпионатында қарсыластарының бәрін ұтып, жеңіс тұғырына көтерілді. Міне, осы жарыстан бастап Қанат Абуталиповке республика боксының мамандары көз тікті. Жас баланың бойындағы талантты байқаған елдің жігіттері де қолдау көрсетуге әзірлік танытты. Табиғатынан бірбеткей жігіт өзіне ықылас көрсеткен ағалары мен мамандарға алғысын айта жүріп, жаттығудан бір сәт те қол үзбеді. Оның бойына мұндай мақсаткерлікті әрі еңбекқорлықты анасы Тілеуке мен бірінші бапкері Бейбіт Масабаев дарыға берді. Осылайша дарынды баланың жолы халықаралық жарыстарға да түсті.

Екі жыл қатарынан жастар арасындағы республика жеңімпазы атанған ол 2002 жылы ересектер арасындағы Қазақстан чемпионатына қатысты. Барған беттен бірінші орынды жеңіп алды. Келесі жылы осы жетістігін тағы бір қайталады. Осы жылы Әлем кубогында күміс жүлдеге кенелді. Ал жыл соңына қарай Душанбеде өткен Орталық

Азия ойындарында алдына жан салмай, алтын медальмен елге оралды. 2006, 2007 және 2008 жылдары Қазақстанның чемпионы атағын дүркін-дүркін жеңіп алды.

Осы бір үш жылдың аясында Қанат Абуталипов бірнеше ірі халықаралық жарыстарда да топ жарды. Алдымен Қазақстан Республикасы Президентінің кубогында жеңімпаз атанса, 2006 жылы Баку қаласында өткен «А» категориялы АИБА президенті Чаудридің жүлдесіне арналған турнирде де ешкімге дес бермей, бірінші орынды жеңіп алды. 2007 жылы Ұлан-Баторда жалауын көтерген Азия чемпионатында қоламен оралды. Бірақ бұл жарыста астаналық жігіт жеңіске жететіндей бабында еді. Төрешілердің көпе-көрінеу әділетсіздігі Қанатты ақтық сынға шығармай тастады. Сол жекпе-жекте қазақ боксшысы Өзбекстанның мықтысы деген Баһадүр Шайымовтың адымын аштырмай, соққының астына алған-ақ еді. Тіптен бұл айқас аяқталғанда таблодағы есеп 25:19 болып қазақстандық боксшының пайдасына шешіліп тұрған. Дегенмен өзбек боксшысының көкелері «күшті» болды ма екен, рингтегі төреші Ташкент жігітінің қолын көтерді. Дәл осы тұста бапкер Бейбіттің өзегін өртеген өкініш пен тұла бойындағы алай-түлей ызаның қаншалықты болғанын ешкім түсіндіре алмас. Масабаев сол жолы қолындағы орамалын бір жаққа, алдында тұрған шелекті екінші жаққа лақтырып, кең сарайдан безіп, сыртқа бір-ақ атты. Қайта Қанаттың жүйкесі әлі сыр бере қоймаған екен. Шаршы алаңнан түскенде басын төмен түсірмеді. Кеудесін керіп түсті. Өйткені ол бұл жекпе-жекте қарсыласын сөзсіз ұтқанын біліп

тұрды. Бірақ әділетсіздіктің дәл осындай үлкен жарыстарда да болатынын ол, әрине, бұрын осынша сезінбеген еді.

Қанат осы жарыстан кейін босаңсып кетті. Азия чемпионы болайын деп тұрғанда әділетсіздіктің құрбаны болғанына қатты назаланды. Бір ай бойы жаттығу залына жоламай қойды. Бапкері «Қанат, жетеді енді бос жүргенің, алда тағы жарыстар бар ғой, соған дайындалыйық. Бір ашуынды ки енді сол өзбектерге. Маған да оңай болып жүрген жоқ...» деп бірнеше рет әңгімелесіп бақты. Бірбеткей жігіт бәрібір қайтпады. Достарына еріп алып, футбол ойнады, бильярд қуды. Бапкерінен тіптен маза кетті. Тек бір айдан аса бере Бейбіт ағасының үйіне келіп, «Ал, аға бастайық! Мен күйзеліп те, демалып та болдым. Егер сол қарсыласыммен тағы бір кездесем, шаршы алаңда құлатпай тынбаймын» деп ағынан жарылды.

Содан бапкері екеуі Қазақстан бокс федерациясының жолдамасымен тынығу үшін және одан әрі шеберлігін шыңдау мақсатында мұхит асып Кубаға барды. Бостандық аралында екі апта жатып, кубалық әріптестерімен жаттықты. Елге оралғанда Қанатты тағы бір үлкен дода күтіп тұрды. Бұл Қазақстан Республикасының Президентінің кубогы үшін өткізілген екінші халықаралық турнир еді. Байрақты бәсекеге Ресей, Куба, АҚШ, Түркия, Қытай, Украина, Корей, Германия елдерінен кіл мықтылар жиналған. Дүбірлі жарыста Қанат 54 кг. салмақта сынға түсті. Бұл жарысқа АИБА президенті Анвар Чаудри қатысып, әлемдегі үздік боксшылардың шеберлігіне баға берді. Ал, жарыстың финалына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, бас бәйгені

жеңіп алған Қазақстан құрамасының боксшыларына өз қолымен кубокты табыс етті.

Шыны керек, бұл күнде бокстан Қазақстанның чемпионатын ұту оңай емес. Олай дейтіміз, әр салмақта «сен тұр, мен атайын» деген жігіттер жеткілікті. Осындай ойды ұстанған әр боксшы шелектеп тер төгіп жүргені сөзсіз. Солардың бірі – Қанат Абуталипов екені талас тудырмайды. Тек Қанаттың бокс әлеміндегі екі ірі жарыста жолы ашылмайқойғанын несіне жасырамыз. Шеберлігінен емес, қайсарлығынан емес. Титтей қырсық бағын байлауға дайын тұрады. Екі рет әлем чемпионатына және Пекин Олимпиадасына ел намысын қорғауға барып қайтты. Алғашқы әлем біріншілігіндегі сәтсіздігін түсінуге болады, мұндай жарысқа бірінші рет қатысқан қай спортшының болса да толқитыны түсінікті жайт емес пе. Ал Олимпиада ойынында бірінші жекпе-жекке шыққанда Қанаттың қалай істегенін тапжылмай қарадық қой. Төбелесінде мін болмады. Тап-таза жеңіске жетті. Есесіне екінші кездесуде атақты Аларконмен айқасқа шықты. Кәдімгі соңғы әлем чемпионатында ешкімді бетіне қаратпаған кубалық жұлдыздың өзі. Дегенмен біздің Қанат та сол жолы ешқандай қобалжу болмаған еді. Шегінген жоқ, тайсалған жоқ. Аларкон бір ұрса, өзі екі рет жауап беруге әзір болды. Бірақ Аларкондай мықтыны тізе бүктіру үшін «айды аспанға шығаратындай» төбелес көрсету керек. Бұл ретте Қанат бәрін көрсетті. Бойында шөміштей күші қалғанша арпалысты. Бірақ жеңіс біреуге ғана тиесілі болатын заңдылық бар емес пе?! Сөйтіп жеңіс ұпай санымен кубалықтың уысында кетіп қалды.

Спорттық тағдыр деген болады екен. Біреуге бұл ауыр болып тиссе, енді біреуге жағып тұратынын қайтгерсің. Кезінде Нұржан Сманов деген мықты боксшымыз болған. Он жеті жасында-ақ халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанған сол жігіттің әлем чемпионаты мен Олимпиада ойындарында бір жолы болмай-ақ қойды. Ал онымен бірге жаттығып, одан шеберліктері әлдеқайда әлсіз боксшылардың бағы аспандап кетті десе болады. Мәселен, Атлантада чемпион болған Жировты Сманов бет қаратпай ұтып жүрген екен. Мұндайда қазақтың «Бап шаба ма, бақ шаба ма» деген сөзі осындайдан айтылады екен-ау дейсің де қоясың. Біздің Қанат Абуталиповтың да спорттық тағдыры осындай соқпақтарға толы болды десек, артық айтқанымыз емес. Әйтпесе, тәжірибесі толысып, бабына келген жігіттің әлем біріншілігінде олжа салатындай қайраты да, күші де жеткілікті еді. Бірақ сол бармақтай бақ 2009 жылы Италияның Милан қаласында өткен әлем чемпионатында да жетпей қалды емес пе. Бірінші жекпе-жекте жастар арасындағы әлем чемпионы, Марокко елінің талантты боксшысы Мехбади Хасанды тас-талқан етіп ұтқан жоқ па?! Содан соң ширек финалға шығар жолда Еуропа біріншілігінің жүлдегері, Венгрияның намысын арқалаған Криштиан Ләкетушты 21 : 5 есебімен тізе бүктірді. Ал жартылай финалға шығаратын, әлем біріншілігінің жүлдесіне жеткізуге жол ашатын шайқаста сол баяғы Леон Аларконмен тағы да жұдырықтасуға тура келді. Қанатқа керегі де осы еді. Пекинде кеткен есесін қайтарудың реті келгендей болды. Осы кездесудің алдында Қазақстанның мемлекеттік

жаттықтырушысы Болат Абдрахманов «Қанат бұл жекпе-жекте сен жеңіске жетуге тиіссін, өйткені бұрын өзінді ұтқан боксшы сенен бетер толқитыны болады. Кім болса да есе қайтаруға ұмтылады ғой. Яғни, бұл жолы сенің жеңетін кезеңің келіп тұр. Оның әлем чемпионы екенін тіптен ойлама...» деп арқасынан қағып, намысын қамшылап жіберді. Болат Үкібайұлы астаналық боксшыны бала кезінен білетін, оның өсу деңгейіне бір адамдай қолдау беріп жүрген маманның өзі болатын. Кезінде өзі де шаршы алаңның шаңын қаққан КСРО спорт шебері емес пе?! Қанатты қайта-қайта қайрай түседі.

Шынымен де бұл жекпе-жек бірден сарт-сұрт ұрыспен басталды. Екеуі де бір бірін білетін қарсыластар емес пе, аңдысу жоқ, төте төбелеске кірісті. Айқастың бұлай басталуы астаналық боксшыға ыңғайлы-ақ болды. Өйткені, Қанаттың бір соққы алса өзеуреп, өшін алғанша кейін шегінбейтін мінезі бартын. Бұл мінезін Абуталипов бірінші раундта да, екінші раундта да көрсетті. Аларконның кәдімгідей сасқанын көрдік қой. Бірақ та сол тағдыр қырсығы тағы да аяғынан шалып түсті. Кубалықтың соңғы раундтағы «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп жұмсаған соққыларын қазылар шапшаңдатып санап жібергені... Ал бір минут бұрын таразы басындағы есепте алда тұрған Қанаттың соққыларын «көрмей» қалғандөрешілердің бүйірі ақыры кубалыққа бұрылып тынды. Қанат бұған да жасымады. Қайта тістеніп, отты жанарымен төрешіге бір қарады да қойды.

Қанат соңғы үш жылда республика көлемінде ешкімге дес бермейтін боксшыға айналды. 54 кг салмақта алдына жан салмайтын болып алды. Ең басты қарсыласы Миржан Рақымжанов болып

тұр. Бұл да бокстың жілігін шаққан шебердің өзі. Кезінде жасөспірімдер арасында әлем чемпионы да атанған болатын. Қазақстанның бірнеше мәрте чемпионы. Екеуінің арасындағы жекпе-жектер негізінен финалда түйісіп жатады. Бұлар алты рет айқасқа түскен екен. Соның төртеуінде Қанаттың мерейі үстем болған. Қос шебер неше жерден сыралғы қарсылас болса да, рингтен тыс кезде армандас достар.

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Қанат Абуталипов өзінен жас спортшыларға қамқорлықпен қарап жүретін жайсаң жігіттердің қатарынан. Ол өзімен бірге жаттығатын, жас болса да, үлкен бокста едәуір биікке көтеріліп үлгерген, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Мерей Ақшалов пен Бақытжан Қожабеков, спорт шеберлері Данияр Төлегенов, Мейірболат Тойтов, Ілияс Сүлейменов және Мирас Масабаев сынды боксшы бауырларын қашанда қолдап, білгенін үйретуге дайын тұрады. Ал боксшы інілері болса «Біздің Қанат ағамыз қайсар мінезді, нағыз еңбекқор боксшы» деп мақтан тұтып жүреді.

Жақында Қанат боксшымен Астананың символына айналған «Бәйтеректің» басында кездестік. Миланнан таяуда келген былғары қолғап шебері туған қаласына бір серуендеп шыққан беті екен. Содан біраз әңгіме үйірдік.

– Менің бокс әлемінде қол жеткізген жеңістеріме бапкерім Бейбіт Масабаев пен әр жылдарда маған сеніммен қарап әрі қолдау көрсеткен ағаларым да ортақ деп есептеймін. Осы орайда қалаға алғашқы келген кезімде көмек көрсете білген спортжанды азамат Еркін Бексейітов

ағама, ағайынды кәсіпкерлер Бауыржан мен Жанболат Смайыловтарға, боксты жақсы көретін Николай Мещеряков пен Михаил Пугачев сынды азаматтарға, сондай-ақ тұратын жерім болмай қиналып жүрген кезімде баспана тауып берген Астана қаласындағы су спорты мамандандырылған спорт мектебінің директоры Зәуреш Журкаева апаға және басқа да жанашыр болған жерлестеріме ризашылығым шексіз. Өзіңіз білесіз ғой, егер спортшыға тиісті әлеуметтік жағдай жасалмаса, онда нәтижелі көрсеткіш көрсету қиын ғой. Қазір ортамызда талантты жас спортшылар жүр ғой. Сондықтан оларды да демеп жіберетін азаматтар көп болса деп тілеймін, - дейді тілеуқор көңілімен Қанат бауырым.

Баршынның баурайынан түлеп ұшқан Қанат Абуталипов былғары қолғаптың құдіретіне арбала жүріп төрткүл дүниені түгелдей шарлап шыққан сайыпқыран. Сайын даланың мамыражай мезгілі мен дүлей дауылдарында жүрегі де, мінезі де шыңдалып өскен жігіт әлемдік бокстың қазанында да сарқырап қайнады. Алған бетінен қайтпады. «Осы баладан бірдеңе шығады» деп қалаға жетектеп әкеткен бапкері Бейбіт Қазбекұлының да сенімінен шықты. «Әкесіз қалған баланы ешкімі жоқ қалаға алып кетті, құлынымның ендігі тағдыры қалай болар екен...» деп талай түндер ұйқысының берекесі қашқан, қамыққан, зарыққан жан анасының да үмітін ақтап берді.

...Әңгіме барысында Қанат боксшыға тағы бір сауалымды көлденең тартып жібердім.

– Қанат, жақсы боксшы болу үшін қандай қасиет керек деп ойлайсың?

– Қай спортта болсын ең бірінші мақсаткерлік керек деп санаймын. Алдымен адамның мақсаты айқын болу керек. Мен мәселен, Серік Қонақбаевқа ұқсағым келді. Қазір құдайға шүкір, Қазақстанның әуесқой бокс федерациясы барлық жастағы құрама мүшелеріне қажетті жағдайды жасап жатыр ғой. Ел аймақтарында да үлкен шаруалар қолға алынып жатыр. Яғни, біздің республикада бокс ең мәртебелі спорт болып қала береді деп ойлаймын. Бүгінде Қазақстанның бокс федерациясы үлкен жобаларды қолға алып отыр. Федерация президенті Тимур Қулибаев мырза еліміздің барлық аймақтарында боксты жандандыру үшін нақтылы бағдарламаны іске қосты. Бапкерлер мен боксшылардың еңбегі ерекше бағаланатын болды. Егер осы мақсаттар жүзеге асып жатса, онда қазақ боксы әлемдегі ең мықтылардың қатарынан түспейтін болады. Ал жас боксшыларға мен былай айтар едім: бокс – нағыз ер жігіттердің өнері. Былайша айтқанда, «жан алып, жан берісетін» спорт қой. Сондықтан боксшыға бірінші кезекте тайсалмайтын жүрек, бірбеткей мінез, әрине, күш-қуат керек деп ойлаймын. Осының бәрі үйлесіп жатса, ондай адамнан нағыз мықты боксшы шығады.

Бокстың майын шаққан майталман жігіттің бұл сөзіне де, өзіне де риза болдым. Өр мінезін алға жетелей берсін, боксшы бауырым деп Қанат чемпионның қолын қыстым.



ДӘРМЕН САДУАҚАСОВ

Халықаралық гроссмейстер.

Қазақстанның жасөспірімдер арасындағы 13 дүркін жеңімпазы

Қазақстан чемпионы – 2000, 2002, 2006, 2007

Азия чемпионы – 1996 жыл. /Иран/.

Студенттер арасындағы командалық әлем біріншілігінің күміс жүлдегері – 1997 жыл. /Аргентина/.

Жастар арасындағы Әлем чемпионы – 1998 жыл. /Үндістан/.

БӘРЕКЕЛДІ, ДӘРМЕН!

Тәуелсіз Қазақстанның қасиетті көк байрағы желбіреген салтанатты сәттен бері халқымыздың абыройын асқақтатқан қаншама тұлғалар қанат қақты. Ел мерейін сан мәрте өсірген сайыпқырандарын алақанда әдидлеген халқымыздың да ұлттық рухы биіктей түскені айқын. Өнер мен спорт әлемінде еркін көсілген алаш қырандары, құдайға шүкір ұлт намысын қалықтатып ақ келеді. Асылында, қай халықтың болмасын тектілігі халықаралық бәйгеде көрінеді екен-ау. Осы орайда төрткүл дүниеде өтіп жататын сайыстарда еліміздің атынан сынға түсетін ұл-қыздарымызға жанымыз күйетіні заңдылық. Ал, сол дүбірлі додада қазағың жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығып жатса, ой-хой дүние-ай қазақ болып туғаныңа шаттанады екенсің. Сөйтіп бөркінді аспанға атып мақтанасың-ай... «Ер елін көтереді, елі ерін көтереді» деген аталы сөз осындайда айтылатынын еріксіз еске аласың.

Ер намысы, ұлт намысы дегенде бүгінде барша қазақтың мақтанышына айналған талантты шахматшы Дәрмен Садуақасов бауырымызды тілге тиек етеріміз айқын. Аққұба жүзінен нұр шашылған, жүріс-тұрысынан ізеттілік пен сергектік есетін Дәрменнің асқан қарапайым мінезіне қарап, асып-таспаған адамның биік деген мақсатқа да, асқақ деген арманға да жететініне иланбай қоймайсың. Шыны солай, халқынның бағына туған дараның жеңісі үшін қуану да бір ғанибет екен.

Жер-жаһанның түкпір-түкпірінде өрелі өнер ретінде қалыптасқан шахмат туралы қаншама аңыз бен ақиқат

айтылады. Шахмат тарихы тереннен тартылады. Азаматтың ақылын додаға салып келе жатқан осынау күрделі өнерге кез келген адам қызықпай тұрмасы да сондықтан болар. Әйтседе, адамның ой-санасын ғана арбап қоймай, оның төзімділігі мен күш-қайратына, парасат-өресіне сынақ болатын шахматты барлық әуесқой адамдар өміріне өзек қылмасы және шындық. Демек, шахмат әлеміндегі асқақ биікті бағындыру үшін тума талант пен асқан еңбекқорлық қажет болмақ. Міне осындай құдіретті өнердің ақжолтай жолына қазақ баласының ізі ХХ ғасырдың соңында ғана түсті.

Ұяда не көрсен...

Дәрмен – сәбидің бірінші қызықтағын ойыншығы да шахматтың фигуралары болған екен. Болашақ чемпионның әкесі Қанат Жылқайдарұлы шахмат десе ішкен асын жерге қойып өскен азамат екен. Отағасының шахматқа арбалғаны соншалық, күнделікті жұмыстан келген соң көрші-қоландағы әуесқойлармен шаршы тақтада көз майын тауысып, шахматтың қызығына кенелу әдетіне айналып кеткен. «Әке көрген оқ жонар» деген емес пе, бауыр еті Дәрмен де әкесіне қарап, шахматтың сыйқырына арбала берді. Ал, шаңырақтың ұйытқысы Сара Ахатқызы болса, әкесі мен баласының «ермегіне» ешқашан қарсылық білдірмеді. Қайта әкесінен үйренуге талпынған ұлының талабына қуанып өзі де ара-тұра шахмат туралы ой-пікірін ортаға салып қоятын. Мүмкін Сара ананың осы қамкөңіл мінезінен шығар, әке мен бала арасындағы шахматқа деген қызығушылық күн өткен сайын арнасын толтыра түседі.

«Ұяда не көрсен ұшқанда соны ілесің» деген ұлағатты сөздің қасиетін түсінген әке мен шеше көңілі

шынында да алданбады. Дәрмен жеті жасқа толғанда шахмат тек ойын емес, ақыл мен ойдың жарысы екенін шындап түсіне бастайды. Сөйтіп, мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап Қанат әке ұлын қалалық шахмат-дойбы клубына жетектеп әкеледі. Бір жақсысы Х.Омаров атындағы клуб қаланың ең әдемі де үлкен көшесі Республика даңғылында орналасқан еді. Ал Дәрменнің үйі болса, осы клубқа карама-қарсыда тұр. Арада көше ғана. Бағдаршамнан өтсе болғаны клубқа келеді. Нағыз көше ойынына тоймайтын шақта шахмат секілді спорт түріне ықылас қойған баласына әкесі ешқашан қарсылық білдірмеді. Қайта өзі ойнап отырғанда Дәрменін тізесіне алып отыратын. Қалада жиі өтіп тұратын жарыстарға тұрақты қатысатын Қанат Жылқайдарұлының өзі де шаршы тақтада шеберлігі ұшталған ойыншы еді. Сол шахматқа деген айырықша құштарлығы мен табандылығынан болар қаладағы шахмат әуесқойларының бәрі Қанат ағамен дидарласуға, сәті келсе бір партия ойнап тастауға құмартатын. Көп ретте отағасы әуесқой әріптестерін үйіне шақыратын да еді. Мүмкін әкесінің осындай қасиеттерінен болса керек, кішкентай Дәрменнің шахмат құдіретіне ерте арбалып құштар болғаны. Ойынның қым-қуыт қызығына беріліп кететін әсерінен бала Дәрмен «Атты неген олай жүрдің?», «Ладьяны неге бұлай қозғадың...» деп сұраудан жағы талмайтын. Ал осындайда әкесі болса, баласының мазасын алғанына ренжімей, қайта білмекке ұмтылған ұлының сауалына көңіл бөліп тиісті жауап беріп отыратын. Осылайша бір мезгіл шахмат клубында машықтанып, одан қалды көрші-қоландағы әуесқой шахматшылардың «шайқастарына» зер салып өсе берген Дәрмен көп ұзамай шахматтың теориясына көңілаударатүсті. Бара-баракешкісін әкесімен бір партия шахмат ойнамай жатпайтынды шығарды. Осындайда

мамамдығы инженер, күні бойы жұмыстан шаршап келетін күндері болса да Қанат ағай баласының бетін бір қакпайтын. Тазабын қайтарғысы келмей ме, әлде шынымен де шахматтың шырмауына түскен Дәрменнің бойынан бір ұшқынды сезді ме екен, әйтеуір ұлының қай еркелігін болса да көтеруге тырысатын. Сөйтіп, әке мен бала кейде түн ұзақ шаршы тақтаға шұқшиып отыратынды. Кейде Қанат әке жеңіліп те қоятын. Бірақ Дәрмен әкесінің мұндай кадамға баруына қарсылық білдіріп «Егер шындап ойнамасаң мен сенімен ешқашан шахмат ойнамаймын» деп бұртиып қалатын. Бала болса да әкесінің ойындағысын сезетін еді. Содан екеуі бір күні шындап ойнауға келісіп алған. Бірде Дәрмен әкесімен бәстесіп, кім жеңсе соған сыйлық беретін болып ойнады. Осы жекпе-жекте күтпеген жерден Дәрменнің бір жүрісі әкесін шынымен тығырыққа тіремесі бар ма. Қанат Жылқайдарұлы цейтнотқа түсетінін сезіп «Сара келші бері, мына ұлын мені ұтатын түрі бар...» деп зайыбын көмекке шақырғандай болатын. Әкесі мен баласының бәсекесіне сырттай жанкүйер болып жүрген Сара Ахатқызы болса, шаршы тақтадағы жағдайға көз жүгіртіп алып «Ұтылдың, ұтылдың... енді сыйлығыңды әпересін» деп ұлын қолдап шыға келсін. Осы ойында шынымен Дәрмен жеңіске жетті. Сөйтіп, ол өміріндегі алғашқы жүлдесіне қол жеткізген еді. Ал сыйлық үшін ол көптен ойында жүрген бұйымтайы мысық әкеліп беруін қалады. Уәдеге берік әкесі келесі күні-ақ әп-әдемі парсы мысығын құшақтап үйге кіріп келді. Ой, сондағы Дәрменнің қуанғанын айтсаңызшы!.. Алақайлап, кіп-кішкентай мысықты құшағына алған оның қуанышында шынында да шек болмағаны анық. Өйткені, бұл шахмат әлеміне бар жан-сезімімен беріліп бара жатқан бала Дәрменнің алғашқы ақшақар жүлдесі болған еді.

Жасына жас қосылып, уақыт алға жылжыған сайын Дәрмен біртіндеп балалар арасындағы жарыстарға қатыса бастады. Қалада түрлі мерекелерге арналып өткізілетін турнирлердің біреуін жібермейтін болды. Тіптен өзі жарысқа қатыспайтын болса да қалмайтын. Осындай жарыстардың бәріне Қанат әкей де қатысуға уақыт таба білетін. Өзі де ойнайды. Дәрменіне де бір көзін салып жүреді.

Сайыс болған соң, спорт болған соң оның нәтижесі, беретін жемісі болатыны ақиқат. Кім болса да жеңіске ұмтылатыны заңдылық емес пе. Осы орайда Дәрмен үшін, алғашқы ресми көрсеткіш мектеп оқушылары арасындағы қалалық «Ак ладья» турнирі болған еді. Күзгі каникул кезінде қалалық шахмат-дойбы клубында өтетін дәстүрлі жарысқа Дәрмен тас-түйін дайындалып келді. Бірінші күнгі ойында барлық қарсыластарымен ұпай бөліскен Дәрмен үшін, әсіресе турнирдің екінші күні ерекше әсер етті. Өйткені, бұл күні жарысты ұйымдастырушылар неше түрлі сыйлықтар мен түрлі-түсті безендірілген дипломдарды үстелдің үстіне жайып қойыпты. Баламысың деген ғой, Дәрмен болса қашан үлкендер сияқты диплом аламын деп қиялдап жүретінді. Енді, міне сол тәтті қиялына жететін мүмкіндік те келіп тұр. Ол үшін бүгінгі ойындарда жақсы нәтиже көрсету керек. Осы жеңіске деген құштарлығы күш-қуат қосты ма, Дәрмен алты ойынның бесеуінде мерейі үстем болып, бір ойында тең түсіп жақсы көрсеткішке қол жеткізді. Сөйтіп, түпкілікті қорытынды бойынша ең кішкентайлар арасында жеңімпаз атанып шыға келді. Жарыстың бас төрешісі қолына бірінші дәрежелі диплом мен сыйлық ретінде кішкентай сағатты ұсынғанда жұдырықтай жүрегі кеудесінен шығып кетердей қуанды. Тек бір титтей өкінгені, дәл осы сәтке әкесі қуә бола алмады. Жұмыс бабымен жолсапарда

жүрген әкесі бұл қуанышты телефон арқылы естіді. Ести сала «Ұлым, сенің жеңетінінді сезген шығармын, саған керемет сыйлық сатып алдым. Ал оның не екенін қазір саған айтпаймын. Бірақ саған ұнайтынын білемін...» деп мақтаныштан жүрегін кернеген сөздерін бастырмалата айтты. Ал әке сыйлығы Дәрмен үшін шынымен де керемет олжа болды. Бірнеше шахмат туралы арнаулы оқулықтар алып келген әкесіне риза болған ұлымен бірге Сара ана да балаша қуанды. Бала көңілінен шыққан әке сыйлығы Дәрменді ұзақ түндер ұйқысынан қашырып, шахмат сырын талқылап, оқып-білуіне үлкен ықпал жасағаны сөзсіз. «Бұлақ көрсең көзің аш» деген емес пе, бұл да болса жас талаптың қабілетін ашуға әке тарапынан көрсетілген тәлім-тәрбиенің шынайы үлгісі болғаны аян. Айта берсек, Дәрменнің талабын ашқан Қанат ағайдың талай тәлімгерлік әдістері болған. Мәселен, соның бірі ретінде мына оқиғаны келтіруге болады. Бір жылы Дәрменді әкесі Анападағы курортқа бірге алып барады. Олар мұнда келгенде Анапа қаласында жыл сайын өтетін «Летящий орел» атты шахмат турнирі өтейін деп жатыр екен. Жарыс жөнінде әбден құлағдар болған Қанат Жылқайдарұлына баласын осы сайысқа салып, бір сынамақ ой келеді. Содан турнирді ұйымдастырушыларға жолығып, ұлының жарысқа қатысатынын әбден тиянақтап барып бірақ келеді. Күн болса кеш болып қалған. Келе сала «Ал Дәрмен жарысқа қатысатын болдың. Ертең бірінші тур. Дайынсың ба?» деп ұлына үміт арта қарайды. Дәрмен болса, «Әрқашан дайынмын!» деп әкесінің жанашырлық әрекетіне риза болды. Сөйтіп, курорт та, демалыс та жайына қалды. Әке мен бала күнде турнирге қатысады. Санаторийге тек түнеу үшін келеді. Күні бойғы ойыннан шаршап-шалдығып жетеді. Солай болса да екеуі үшін шахмат, турнирдегі нәтиже бәрінен

қымбат. Олай дейтініміз, Дәрмен алғашқы турдан бастап бірінші орынға шыққан. Одан әрі тіпті жақсы ойнап, жарыс қорытындысында «Летящий орел» сыйлығын жеңіп алды. Осылайша күтпеген жерден қаршадай қазақ баласы Анапа қаласының чемпионы атанып шыға келді. Жарыстың салтанатты жабылуында Қанат Жылқайдарұлы Садуақасовқа турнирдің дәстүрі бойынша «Чемпионды дайындаған бапкерге» атты арнаулы сыйлық табыс етілді. Жергілікті газеттер «Курортқа демалуға келген қазақтың өрімдей баласы Анапаның дәстүрлі турнирінде топ жарды. Ол әр ойында келешегінен үлкен үміт күттіретін талант иесі екенін дәлелдеп кетті» деп жарыса жазып жатты. Осылайша, небәрі 14 жастағы Дәрмен әке алдында, сондай-ақ алғашқы ұстаз-жаттықтырушысы алдында кезекті бір сынақтан сүрінбей өтіп, үмітті ақтап шыққан еді.

Жыл санап шахматқа деген көзқарасы айқындалып, шахматты енді ермек емес, өміріне өзек болатын өнер ретінде бағалай білген Дәрмен мектептегі оқуына да ерекше ынта қоя білді. Әсіресе, математика, денешынықтыру сабақтарына құлшыныспен ден қойды. Шахматты меңгеру үшін ой мен ақылдың, сондай-ақ тұла бойдың күш-қайраты қатар шынықса ғана жақсы нәтижеге жетуге болатынына әкесі сыйлаған оқулықтарды оқыған сайын сан мәрте көз жеткізген.

Әкесінің осындай қамқорлық қасиетіне өмір бойы борыштармын, дейді Дәрмен әлі күнге дейін. Атақты Анатолий Карповтың да бағын ашқан әкесі екен. Кейіннен әлем чемпионы тәжін ондаған жылдар ұстаған Карповтың әкесі де қарапайым инженер болғанын ескерсек, осы Карпов пен Дәрменнің тағдырынан көптеген ұқсастықты байқауға болатын сияқты. Олай дейтін тағы бір себебіміз Дәрмен үшін А.Карпов өмір бойы үлгі болып келе жатқан тұлға екен. Бұл ретте

Дәрменнің өзі бірде былай деп ағынан жарылғаны есіме түсіп отыр: «Маған барлық шахматшылардың ішінен Карповтың ойын мәнері ұнайды. Оның ойын тәсілін шахмат тілінде «Тұзақ» дейді. Өйткені ол қарсыластарын шиеленісті жағдайға тартып отырып, олардың қарсы шабуылға шығуына мүмкіндік бермей, біртіндеп буындыра береді. Карповтың миллиондаған шахмат әуесқойларын тамсандыратын сиқырлы сыры да осындай шеберлігінде».

Иә, қаршадайынан гроссмейстерлер туралы көп оқып, олардың өмірі мен шығармашылығына қызығушылықпен карап өскен бала Дәрмен, әрине ол кезде өзі үшін өнеге болған Карповтың өзімен шаршы тақтада кездесемін деп ойлады ма екен?! Ойласын, ойламасын арман қанатынан түспеген Дәрмен 1999 жылы Анатолий Карповпен Голландияда өткен турнирде екі рет ойнап, тең нәтижеге кол жеткізген еді. Арман мен ақиқаттың орындалғаны осындай болар.

Уақыт алға озған сайын Дәрменнің көптеген республикалық жарыстарға жолы түсті. Бірде жеңіп, енді бірде болмашы жерден сүрініп жеңілістің ащы дәмін татқан талай сәттері де болды. Сөйтіп жүріп жеңіліссіз жеңістің келмейтініне көзі жете берді. Шахматта тек қабілет қана емес, сабыр сақтай білу өте қажет екенін ұқты. Қаншама рет қысылтаяң жағдайдан шығудың жолын оймен көріп тұрып, қапыда қалған кездері де есінде мықталып сақталды. Шахмат ойнағанда ашудың серік болмайтынын жете түсінді. Ашуға ерік беріп ілкідегі ойыннан жаңылған шахматшыладың өкінген сәттеріне де талай куә болған. Есесіне сабыр сақтай білетін шахматшылардың позициясы әлсіз болса да қиыннан амал тауып, қарсыластарын қапыда қалдырып кеткенін де көрген кездері аз болған жоқ. Осы орайда Дәрмен үшін соншалықты қасылудың жөні де жоқ

деуге болады. Туа біткен салқынқанды мінезінен болар, ол шаршы тақтаға шұқшиса болды, елден ерек бір селт етпейді. Кезекті жүрісін жүріп, оршынан бірден атып тұру оған жат. Жүрісіне байланысты жағдайды әбден таразылап алмайынша қаққан қазықтай отырады да қояды. Бұл, біле білсек шахматшы үшін алдымен қажет – төзімділік қасиет. Міне, осы мінез, осы табандылық Дәрменді он бес жылдан бері таңдаған жолынан адастырмай алып келе жатыр. Өзін жаттықтырған Ольга Черепанова, халықаралық дәрежедегі шебер Яков Нестерев, Владислав Насыбуллин секілді бапкерлермен тіл табысып, биік көрсеткіштерге қол жеткізуі де осы сабыр сақтай білген сары алтындай мінезінің арқасы екені сөзсіз. Түйіндеп айтқанда, бүгінде ел мақтанышына айналған Дәрменге әкесі Қанат Жылқайдарұлы мен анасы Сара Ахатқызы берген тәрбие-тәлімі арман қуған баланың өміріне құтты жол ашқаны ақиқат. Үміттің ақталғаны қандай жақсы!

Талап тас жарады

Шахматтың таусылмас тұңғыық жұмбағына жауап іздеп келе жатқан Дәрмен жасөспірім шаққа толғанда өзі қатысатын әрбір жарысқа дербес әзірлік жасауға ықылас қояды. Ол үшін алдымен шахматтың дебютіне айрықша мән береді. Дебют – шахмат ойынының бастапқы жүрістері. Демек, алғашқы жүрістер ойынның түпкілікті нәтижесіне әсер ететін жауапты тұсы саналады. Осыны дер кезінде ұғынған Дәрмен талай әдебиетті ақтарып, Алехин мен Фишердің, Карпов пен Каспаровтың... ойын тәсілдерін ой елегінен өткізе берді. Кейде гүрлі комбинациялардың қызығына беріліп кететіні соншалық бозарандап атқан таңды да аңғармай қалатын-ды. Сөйтсе де таң атты-ау, күн

батты-ау деп өкішуді білмейтін. Қайта амалын тауып, шешіміне көзі жеткен ойын партияларын арнаулы дәптеріне жазып қойып, үлкен іс бітіргендей өзінің көңілін өзі көтеріп жүре беретін. Ол үшін қарынды ашырып, ұйқыны қашырып өткізген түнгі жаттығулар ой-санасына мәңгілік жатталып қалатындай әсер ететін еді. Шынында да Дәрменнің сабырлы мінезі көп ретте жеке ой-көкпарды қалайтыны бар. Шахмат десе жалықпайтын, шаршамайтын болып алғанын, әрине өзі сезбесе де әке мен ана жүрегі бәрін аңғаратын. «Балам, жатсаңшы енді, жарысқа дейін әлі талай уақыт бар, өзінді өзің қинамай...» деген ана сөзі күнде айтылса да Дәрменнің шабытына тоқтам бола алмайтын. Ондайда Дәрмен «Мама, бүгін біраз отырамын, ал ертеңнен бастап, айтсан болды, ұйықтаймын...» деп анасының кам көңілін аулап қоятыны бар. Бірақ келесі күні сол сөзін тағы ұмытып жүре береді. Тағы да оқу, тағы да жаттығу, тағы да жазу...

Әрине, бұл жерде Дәрменді шахматтың дертіне шалдыққан «қияли» деуге болмайды. Ол жалпы бой сергектігіне де көңіл бөліп, спорттың баскетбол, стол теннисі сияқты түрлеріне қатысуға уақыт табатын. Мүмкін бұл шахмат әлемінің жұлдыздары Карпов пен Каспаровтың өмірбаянына қатысты әдебиетті көп оқығаннан болар, күш-қуатты қолдайтын спорт түрлерімен шұғылдануды өзіне міндет санайтын еді. Кейбір күндері ойынның әбден қызығына беріліп кеткенін өзі де байқамай қалса керек, сүйікті шахматын да есінен шығарып алатын. Бірақ, бұл қиялы шахмат әлемін шарлаған жасөспірімнің уақытша ғана бой сергітулері болатын. Өйткені, Дәрмен үшін шахмат өмірінің өзегіне айналып кеткен еді.

Осылайша, шахматтың күдіретіне арбалған Дәрмен баланың ой-түйсігі, шыны керек көшеде ойын қуған

көптеген тұстастарына қарағанда асқан күш-жігер мен табанды еңбекқорлықты талап ететін өрелі өнердің қасиетін игеруге ікемделе берді. Жүрек қалағанды ақыл мен парасат қолдағаны қандай жақсы. Кезінде ұлы Әл-Фараби бабамыз «Шын беріле қызықтаған нәрсе ғана адамның жүрегінен орын алады» деген екен. Осындай тереңнен тартылып айтылған сөз, шынымен де осы біздің Дәрмен секілді арманы мен қиялы елінің мерейін өсіруді көксеген ұлдарға арналып айтылған да шығар. Қалай айтсақ та қай адамның болмасын мұратына жетуі, әркімнің құдай берген қабілетін ұдайы жетілдіруіне, талмай-тапжылмай еңбектенуіне байланысты болатыны заңдылық. Өйтпейінше ғұлама ғалым да, ақиық ақын да, топ жарған чемпион да болмасы ақиқат.

Адамның маңдай тері, егер ол жүрек қалауымен, шынайы табандылықпен төгілер болса ақталмай қоймайды. Қазақтың талаптанған ұлына «Құдай қолдасын», «Алла жар болсын» деп бата беріп жататыны тегін болмаса керек. Осы орайда Дәрмен жөнінде ауыз толтырып айтпасқа болмайды деп ойлаймын. Қараңызшы, Дәрмен Садуақасов 16 жасқа толғанша республикамыздың 8 рет чемпионы атаныпты. Дәлірек айтқанда, 10 жасқа дейінгі балалар арасында екі рет, 12, 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер біріншілігінде де бірнеше мәрте жеңіс тұғырына көтерілген екен. Демек, ол он жасынан бастап республикалық жарыстарда алдына жан салмаған. Бұл көрсеткішті шын мәнінде еліміздің шахмат тарихындағы айырықша құбылыс деуге болады.

Міне, осылайша Дәрмен жыл санап шахматтың қыры мен сырына қанығып қана қоймай, оның теориясы мен тактикасына кәсіби тұрғыдан оқу-жаттығу жүргізуді күнделікті тәртібіне айналдырады. Миттельшпиль жүйесін, Эншпиль стратегиясын, дебюттер мен айтулы

партияларды неше қырынан талқылап, зердесіне сіңіре берді, үйрене берді.

1994 жылы Дәрменді республикалық шахмат федерациясы Катарда өтетін 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы Азия біріншілігіне қосты. Бұл жарысқа қатысу Дәрмен үшін ең бір есте жатталған оқиға болғаны сөзсіз. Өйткені ол осыған дейін алыс шетелге шығып көрмеген. Сондықтан оның көңіл-күйі тек шахмат жарысына ғана аударылмай, бөтен елді көрсем-білсем деген қиялмен де шарықтағаны анық. Сөйтіп астаналық жасөспірімнің табаны Катар жеріне де тиді. Чемпионатта да жаман өнер көрсеткен жоқ. Алып құрлықтағы ең таңдаулы деген тұстастары арасында екінші орынға ие болды. Тұңғыш рет туған елден жырақта сынға түскен 14 жасар бала үшін, әрине бұл тәп-тәуір жетістік.

1995 жылы Дәрмен Ресейдің Қорған каласында өткен халықаралық турнирге шақыру алды. Естуімізше, жалпы шахмат кеңістігінде жас шахматшылардың қадамына ерекше ықылас аударылады екен. Олай болатыны қай әлем чемпионы немесе әлем тәжіне үміткер болса да жасөспірімдер мен жастар арасындағы әлемдік, сондай-ақ құрлық біріншіліктерінің чемпиондарымен кездесу мүмкіндіктерін алдын-ала болжап, жас таланттың шығармашылығына назар тігіп жүретін дәстүр бар деседі.

Дәрменнің Қорғандағы халықаралық жарысқа қатысуына сол Азия біріншілігіндегі ойынның нәтижесі ықпал еткені сөзсіз. Құдай сәтін салғанда, қазақ баласы ересектер арасында өткен бұл сыннан да сүрінбей өтті. Тіптен сүрінбей емес, жарыстың басынан ешкімге тізгін ұстатпай көмбеге жеке-дара бірінші келді. Ол 11 мүмкіндіктен 11 ұпай жинап, керемет көрсеткішке қол жеткізді. Осы жарыс кезінде Қорғанның облыстық

газетінде «Дәрменді кім тоқтата алады?» деген мақала жарыққа шығып, онда «Жанкүйерлердің бәрін бірдей толқытып отырған бір сұрақ: Халықаралық турнирге қатысушы шахматшылардың ішінен қазақ жігітінің салтанатты шеруін тоқтата алатын жүректі біреу табылар ма екен? Жұртты таң қалдыра отырып, Дәрмен өз қарсыластарын оп-оңай жеңе береді», деп жазды. Ал «Курган и курганцы» апталығының тілшісі болса «Бұл жарыста кәдімгі бір мазак қылғандай ылғи кара фигуралар ақтарды жеңе берді, себебі онымен ойнап отырған қазақстандық шахмат сикыршысы Дәрмен еді» деп пікір айтады. Шығармашылық шабытын көтерген осы жарыстан кейін Дәрмен тағы бірқатар жарыстарда бағын сынады. Ойнай жүріп қазақтың « Бак шаба ма, бап шаба ма?!» деген аталы сөзінің қадірін ұғынды.

Ресейде өткен жарыстан кейін Дәрмен Шымкентте болған 20 жасқа дейінгі жастар арасындағы Қазақстанның біріншілігіне қатысты. Өзі 16 жаста болса да бұл бәсекеде тағы да бағы жанды.

...Дәрменнің өміріндегі кезекті жауапты сынақ жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатына қатысуға жолдама беретін жарыстар болды. Бұл іріктеу бәсекелеріне еліміздегі барлық талапты жастар тартылып, бәрі бірдей жағдайда сынасып, жалғыз жолдаманың тағдырын шешкен еді. Алып құрлықтың бас бәйгесі үшін таласатын тастүлектер қай елде болмасын жетіп артылатыны анық. Шахматтың отаны болып саналатын бір ғана Үндістанның өзінен әлемдік деңгейде өнер көрсете білетін бірнеше үміткер бар болса, соңғы жылдары шахматы қарыштап дамыған Филиппин мен Қытайдың, Өзбекстан мен Жапонияның да үкілеген үміттері Азияда бірінші болғысы келетіндері айтпаса да түсінікті еді.

Көп талагтын жүрегінде үміт отын маздатқан Азия додасында Қазақстан намысын қорғау үшін өткен іріктеу сындарында астаналық Д.Садұақасовтың мерейі үстем болып шықты. Сөйтіп талай күндер жүйкені жұқартып, арманға баланған жолдама да қанжығаға байланды. Бірақ, басты мәселенің басы ашылғандай болғанымен ендігі ой-қиял Ирандағы жарысты ойлауға ауысты. Жо-жоқ... Дәрмен құр қиялдай беретін кезеннен әлдеқайда өткен. Ол Азия біріншілігіне жүйелі жаттығу жасауға түбегейлі кірісіп кетті.

Иранға барғанға дейін Дәрменнің рейтингі 2260 болатын. Ал оның қарсыластары арасында 2400, одан жоғары рейтинг көрсеткіштері бар шахматшылар да бар екенін ол алдын ала біліп алған. Сол білгендіктің арқасында дайындығын да еселеп жүргізді. Бұл ретте, әсіресе бапкер-әкесінің тәжірибесі мен көмегі ұшан-теңіз болғаны сөзсіз. Сондай-ақ Дәрменнің бала кезінен бергі шығармашылығына көз жеткізіп жүрген жаттығушылары Ольга Черепанованың, Владимир Насыбуллин мен Яков Нестеровтың да кеңестері үлкен демеу болды. Ал дәл осы жарыс қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті еліміздегі өте дарынды балалар мен жастардың басын қосып, алқалы кездесу өткізген еді. Міне, осы мәртеделі қабылдауға болашағынан үміт күттіретін жас талантты шахматшы Дәрмен де шақырылған. Осы кездесу барысында Елбасының Дәрменге сепім арта сөйлегені ол үшін Азия біріншілігі алдындағы нағыз үлкен қолдау болғаны айқын.

Иран мемлекетінің үлкен өнеркәсіптік әрі мәдени орталықтарының бірі саналатын Исфахан қаласына келгенде Дәрменнің көңіл-күйі жақсы болды. Ол чемпионат өтетін кең сарайға көтеріңкі шабытпен аяқ

басты. Үйдегі әзірлік пен туа біткен намысқойлығы ма, әйтеуір бірінші партияны тек женуге ғана оқталып шыққаны байқалды. Жүрістерін нық жасап, қарсыласын тығырыққа тіреп отырды. Бірақ байтақ Қазақстанның солтүстік өңірінде өскен Дәрменге тағы бір көзге көрінбейтін қарсылас табылатынын кім ойлапты. Бұл қарсылас – ыстық болды. Кәдімгі күннің ыстығы. Сынап бағанасы көлеңкенің өзінде 40 градусты көрсетіп тұрған көрінеді. Оның үстіне құрлықтағы ең дарынды ойшылардың ойынын тамашалауға жиналған жұрттын есебінде шек болмады десе де болады. Миллионнан астам тұрғыны бар қаланың өміріндегі үлкен оқиға болған соң ба, атшаптырым сарайда жанкүйерлерден артылған орын табылмайды. Осының бәрі әсер етті ме екен, тәп-тәуір басталған Дәрменнің дебюті сыр бере бастады.

Сөйтсе де ол өзі ұстанған позициясынан айнымай шабуылды үдетуге жұмыла берді. Маңдайын қайта-қайта сүрте берген Дәрменге ыстықтың жақпай отырғанын жете сезген қарсыласы болса кезекті жүрістерін белгілі уақытының шегіне дейін жеткізіп барып жүріс жасауға кірісті. Бұл қазақ баласының жүйкесін жұқарта түсуге бағытталған айла болғаны түсінікті. Шынымен де ыстықтан қажыған Дәрмен осы кездесуде тең ойынды сұраған қарсыласына келісімін беруге мәжбүр болды. Сыртқа шығып, көлеңке саясында сәл-пәл дамылдап алды. Бірақ ыстықтан, қапырықтан мең-зең болған басына ие болмай, тізесін бүгіп отыра қалды. Осы кезде өзімен бірге жүрген Қанат әкенің «Жедел жәрдем» шақырудан басқа амалы болмады. Сөйтіп, Дәрмен ойламаған жерден госпитальға түсті. Абырой болғанда дәрігерлер жақсы болып, тиісті дәрі-дәрмегін беріп, едәуір демалдырып барып Дәрменді қонақ үйге жібереді.

Қонақ үйге жеткен соң Дәрмен бір сәт мызғып алды. Оянса, бойы сергін қалыпты. Ойына әлгінде ғана ұтып тұрған ойында ұнай бөліскеніне карадай қаны қайнап, қалың ойға сүңгіп кетті. Сөйтіп отырғанда әлдебір ішкі күш қолдау берді ме, қаздай ұшып тұрды да үлкен терезені айқара ашты. Аспанға ұзақ қарап қалды. Бір шөкім бұлт көрінбейді. «Жоқ, мен жеңуге тиіспін. Енді әлсіреуіме болмайды. Сол ойынмен бәрі кетсін. Мен жеңуге тиіспін...» деп күбірлегенін өзі де сезбейтін сияқты. Осы кезде әлгінде ғана ұнжырғасы түсіп тұрған ұлына риза болған Қанат Жылқайдарұлы «Бәсе! Бәсе!..» деп алғаш рет үлкен жарысқа түскен ұлының көзінен отты аңғарып, арқаланып кетті.

О, тоба-ай, Дәрменнің жүзі келесі ойында жадырап шыға келсін. Отырысы нық. Кеудесі керулі. Жанарының жарқылы айқын. Әлде анасының тілеуі періштенің құлағына шалынды ма екен, мүмкін ата-бабасының аруақтары қолдады ма екен... Әйтеуір қалған ойындарының бәрінде желіген аттай бір демде өнер көрсете білді. Ол осы біріншілікте алты рет жеңіске жетіп, үш ойында тең түсіп, бас жүлдені талассыз қанжығасына байлады. Дәрмен осылайша Азия чемпионы атанды. Басы қатты басталып, соңы тәтті аяқталған жарыстың жеңімпазына ФИДЕ-нің шешімі бойынша Халықаралық шебер атағы берілді.

Дүниежүзіндегі ең үлкен құрылықтың бәйгесінде бағы жанған қазақтың тастүлегі үпін ендігі сын Аргентинада өтетін жастар арасындағы командалық әлем чемпионаты болды. Ираннан аппақ қудай болып жүдеп, жағы суалып келген ұлын қарсы алған Сара ананың етжүрегі елжіреп бәйек болғаны кеше ғана сияқты еді. Енді міне, әлем чемпионатына қатысуға жолдамасы қолына тиген жан баласы тағы да күн мен түнді ауыстырған әзірліктерін бастап кетті. Өзінің

өмірінен баласының өмірін биік қойып күн кешетін ана емес пе, Дәрменнің көңіл-күйін көтеремін деп тыным таппайды. Өзі ойнамаса да түн ұйқысы төрт бөлініп, алаңсыз жатудан қалды. Сөйтсе де, ана жүрегінің түпкірінде жатқан ұлына деген мақтаныш пен сезім күш қосатын. Осы Сара ананың ауызы дуалы ма, әлде шынымен жүрегі соншалықты сезімтал ма, сонау 1978 жылы қаладағы бір үлкен сауда мекемесінің кәсіподақ басшысы болатын. Өзі кәсіподақтың жетекшісі болған соң облыстық сауда ұйымдары арасындағы өтіп тұрған түрлі мәдени-спорттық шараларға белсенді қатысатын. Бірде осы Сара апамыз шахмат жарысында бірінші орынды жеңіп алды. Сонда әріптестері қолпаштап «Біздің Сара чемпион» деп едәуір көтеріп тастаған еді. Ол болса құрбыларына «Мені бүгін чемпион дейсіңдер, нағыз чемпион мен емес, менен туатын мына ұл болады» деп бала көтерген ішін көрсетіп құрбыларын күлкіге кенелткен екен. Осындай өткен-кеткенді ойлап жатып шаршағанын да ұмытып жүре беретін. Баласының жеңісіне марқайған әкенің көңілі болса келешектегі күресті ойлайды. Сан алуан комбинацияларды жіліктеп талқылауға ерінбейтін отағасы Дәрменге «Сен ана жолы былай жүргенде...» немесе «Мына фигураны қозғамай-ақ ферзінді құрбандыққа бергенде, жағдай басқаша болар еді» деп, есіне түсіп кеткен әр сәтті көз алдыға әкеліп, ақыл-кеңес беруден бір жалықпайды-ау.

Аргентинаның Саянс-Пенья қаласында өткен студент жастардың командалық әлем чемпионаты Қазақстан шахматшылары үшін тұңғыш рет қатысқан жарыс болды. Оныншы рет өтіп отырған біріншілікке ел намысын қорғауға Мұртас Қажығалиев, Евгений Егоров, Руслан Иржанов. Петр Костенко, Павел Коцур және ең жасы болып Дәрмен Садуақасов аттаңды. Бір қызығы осы жарысқа біздің елдің шахматшылары

кешігіп жетті. Олар чемпионатқа келіп жеткенде бірінші турдың ойындары аяқталып қалған екен. Сондықтан да Қазақстанға бірден жеңіліс саналды. Алайда, екінші турда Аргентинаның 3-ші командасымен кездескен қазақстандықтар төрт тақтада да жеңімпаз атанды. Содан кейін алаң иелерінің 2-ші командасын 3:1, Бразилияның құрамасын 4:0, Аргентинаның 1-ші командасын 2,5:1,1, Грузияны – 4:0, Чилиді – 2,5:1,5, Филипинді 3:1 есебімен тізе бүктіріп, тек Россия шахматшыларымен 2:2 есебімен ұпай бөлісті. Осы сындарда ағаларының сенімін ақтауға бар күшін сарқа салған Дәрмен Садуақасов барлық ойындарда жеңімпаз атанды. Ол төрт мүмкіндіктен бірде-бір ұпай жоғалтпады.

Осылайша, тұңғыш рет жастар арасындағы командалық әлем біріншілігіне қатысқан Қазақстан шахматшылары күміс жүлдегер атанып, ел мерейін өсіріп қайтты. Ал жеңімпаз болып Аргентинаның негізгі құрамасы танылды, қола жүлдені Ресей құрамасы еншіледі. Аргентинадағы дода 18 жасар астаналық шахматшының оң жамбасына келген жарыс деуге болады. Омырауында күміс медаль жарқыраған Дәрменнің бұл жетістігі республика шахматына жас таланттың қосылғанын паш етті.

Бәйге атындай жарыс сайын бауырын жаза түскен Дәрменді 1998 жылдан бастап Республикалық шахмат федерациясының басшылары ересектер арасындағы, яғни халықаралық гроссмейстерлер сайысына салуды ойластырды. Шахматтағы ең жоғарғы атақ иелері гроссмейстерлердің бәрі қатысатын дүбірлі доданың бірі – Бүкілдүниежүзілік шахмат олимпиадасы. Тарихында 32 рет өткен олимпиада ойындарының кезекті бәсекесі Қалмық Республикасының астанасы Элиста қаласында өтетін болды. Осындай деңгейі тым

жоғары жарысқа қатысып, елдің намысын қорғау қай шахматшының болса да асқақ арманы екені сөзсіз. Шахмат сияқты құдіретті өнер өміріне өзек болған Дәрмен Садуақасовтың арманы да осы емес пе?! Сондықтан ол 1998 жылы қатысқан жарыстарда өте жинақы ойнауға тырысып бақты.

Қазақстанның олимпиада құрамына қабылданар алдында ұлттық құраманың бас бапкері Болат Асанов: «Қазіргі бабыңды сақтасаң Олимпиадаға қатысасың» деген еді ағалық сезіммен іштартып. Айтқандай-ақ болды, сапында Мұртас Қажығалиев, Руслан Иржанов, Павел Коцур, Серік Темірбаев, Петр Костенко сияқты тәжірибелі шахматшылар иық тірескен республика құрамасының бір мүшесі болып Дәрмен де Элистаға аттанды. Командадағы ең жасы болғандықтан Дәрменге бірден межелі міндет жүктеле қоймады. Сондықтан ол қосалқы ойыншы ретінде қатысты. Егер негізгі ойыншылардың бірі әлдеқандай себептермен сайысқа жарамай қалса, Дәрмен жарысқа кірісуі тиіс. «Жаман айтпай, жақсы жок» демекші, олимпиада барысында бірнеше шахматшылар түрлі себептермен шаршы тақтадағы айқастарға шыға алмай жатты. Міне, осындай сәттерде Дәрменнің шеберлігін шыңдауға мүмкіндік ашылды. Ол бірінші ойында Никарагуа шахматшысы Бендалға қарсы венгр партиясын қолданды. Өз ферзесін орталыққа нық орналастырып алған Дәрмен бір фигурасын құрбандыққа шалуға дейін тәуекел етті. Сөйтті де қарсыласының королін тығырыққа тірейтін жағдай жасап алды. Қаша-қаша тығылатын қуыс таппаған қарсыласының королі ақыры 40-шы жүрісте тізе бүккенін мәлімдеді. «Бәрекелді, Дәрмен бауырым! Олимпиададағы алғашқы ойының сәтті болды. Құтты болсын, енді алған бетіңнен қайтпа!» деп командалық әріптестері мәз болды.

Екінші ойында Дәрмен Филлипин құрамасымен өткен ойынға қатысты. Бұл ойын Қазақстан шахматшылары үшін өте маңызды болғаны жасырын емес. Олай дейтініміз Филлипин Азиядағы мықты шахмателдерінің бірі саналатын. Ал Қазақстан болса 1993 жылы Азия чемпионы атанған болатын. Міне сондықтан да бұл кездесудің бәсі жоғары болды. Дәрмен жас та болса бұл текетіресті іштей терең сезіне білді. Содан да ойынға білек түрініп шықты. Қарсыласы тісқаққанның өзі екен, бұл ойын 85 жүрісте барып тең аяқталды. Келесі Франция құрамасымен болған матчта ақпен жүрген Марцианна орыс партиясын таңдапты. Сірә, орыс пен қазақтың жақындығын ескермесе керек, француздың тактикасын Дәрмен дер кезінде түсініп, қарсыласының ойлағанын алдын-ала екшеп, адымын аштырмай қойды. Ақыры тең ойын тіркелді. Бұл кезде Қазақстанның жалпы есептегі жағдайы турнир кестесінің кеуде тұсынан орын алып, әлем шахматшыларының назарын еріксіз өзіне аудара бастаған. Ал Дәрменнің үш ойындағы табандылығына тәнті болған бапкерлер оны енді әлемдегі күшті құраманың бірі Англия командасына қарсы матчқа қосты. Қазақ баласына қарсы халықаралық гроссмейстер, 80-ші жылдары А.Карповпен әлем тәжі үшін таласқан Джонатан Саймон Спил ойнады. Әділетін айтқанда, шахматтың талантты теоретигі ретінде танымал ағылшын шебері өзінің немересімен тұстас Дәрменнің адымын аштырмады. Жойқын шабуылдың жолын тапқан Саймонның шым-шытырық комбинацияларынан жаны шығуға шақ қалған Дәрменнің королі қолын көтеруге мәжбүр болған еді.

Шахмат теориясының керемет білгірінен сүрінген Дәрмен келесі ойынға тас-түйін шықты. Ол Албания шахматшысына қарсы итальяндық партияны таңдап,

30-шы жүрісте қарсыласын тізе бүктірді. Жалпы осы олимпиада барысында Дәрмен өзіне берілген ұпай мүмкіндігінің 50 пайыздан астамына қол жеткізді. Құрама жетекшілері бірауыздан Д.Садуакасовтың өнерін жоғары бағалап, жас та болса тұңғыш рет қадам басқан Олимпиада сайысында қазақ елінің намысы үшін ұшан-теңіз көмек көрсеткенін атап өтті.

Бүгінгі таңдағы шахматтың астанасы саналып отырған Элистаның іргесіндегі Нью-Васюки шахмат сайысында өткен 33-ші Бүкілдүниежүзілік шахмат Олимпиадасына 110 елдің командасы қатысып еді. Міне, осы сында 30 ұпай жинаған Қазақстан құрамасы 19 орынға табан тіреді. Бұл егемен еліміздің шахмат тарихындағы ең үлкен жетістігі болды. Ал әйелдер арасындағы жарыста қазақстандықтар 72 команданың ішінең 23 орынға ие болды. Осылайша Қазақстан шахматы әлемдік шахматта үздіктермен бәсекеге түсуге қабілетті екенін дәлелдеп берді.

Жол мұраты - жету

Қазақстан тарихында бұрын соңды болмаған жетістікке қол жеткізген 33-ші шахмат олимпиадасынан зор қуанышпен оралған Дәрменді тағы бір ірі жарысқа қатысатыны туралы ақжолтай хабар күтіп тұрды. Бұл жөнінде Дәрменнің өзіне бұрынырақ басбапкер Б. Асанов суыртпақтап айтып та қойған. Бірақ бұл хабардың әлі нақтыланбаған жақтары да бар еді. Сондықтан Дәрмен де бұла жүрегінде бұлқынған қуанышын ешкімге тіс жарып айта қоймаған.

Бір күні Дәрмен үйіне кешігіп келеді. Қалада жақында ашылған кафе-интернетке барып әлемдегі шахматтың жайына бір қанығып қайтқан болатын. Үйге келсе анасы Сараның жүзі бал-бұл, қуанышында шек жоқ.

– Құттықтаймын ұлым, құттықтаймын... енді не Әлем чемпионатына баратын болдың ба?! – деп Дәрменін шолп-шолп сүйді. Дәрмен болса алған сәттен анасының бұл қуанышын түсінбей қалғанымен, іле көкейінде жүрген арман-ойы санасына сақ етті.

– Мама, не Алматыдан біреу хабарласты ма? Не жаңалық айтсаңшы... – деп анасының жүрегін толқытқан хабарды тез естуге ынтықты.

– Иә, құлыным, шахмат федерациясынан телефон соқты. Саған ФИДЕ-нің ұғымы бойынша жастар арасындағы әлем чемпионатына қатысуға құқық беретін жолдама келіпті.

– Солай ма, онда мен өзім де хабарласайын, – деген Дәрмен дереу телефон номерлерін тере бастады.

...Әлистадан қайтып келе жатқанда ұлттық құраманың бас бапкері «Дәрмен биыл өтетін жастар арасындағы әлем чемпионатына баратын шығарсың. Сенің рейтингін жетіп қалған сияқты. Онын үстіне Азияның чемпионысың. Сен бір күнінді босқа жібермей дайындала бер. Қазақ баласының Әлем тәжіне таласатын күні жақындағанын жүрегім сезетіндей...» дегені Дәрменнің есіне қайта-қайта түсе берді. Ол Үндістанда өтетін 20 жасқа дейінгі жастар арасындағы әлем біріншілігіне қатысатынын өз құлағымен естіген күні таң атқанша көз ілмей шықты. Тек әкесі маңдайынан сипап «Әлем чемпионатына қатысатын қазақ, тұр енді, шай ішсейік» дегенде барып денесінің ып-ыстық болып, көрпесінің дымқыл тартқанын сезді. Сірә, түсінде талай оқиғаны бастан кешірді ме, әйтеуір орнынан эзер тұрды. Тұрды да салқын суға шайынды. Сосын балконның терезесін айқара ашып тастап, өзінің балалық шағы өткен Республика даңғылындағы тірлікке ұзақ қарап тұрды.

– Дәрмен, жүрші енді, шәйің суып қалды, – деген анасының дауысы тереңдеп бара жатқан киялын кілт тоқтатты.

...Қараша айының 16 жұлдызында жалауы көтерілген әлем чемпионаты Үндістанның Каликут қаласында өтті. Шахматтың отаны саналатын елге 20 жасқа дейінгі 70 шахматшы келген екен. Дүниежүзінің 50-ден астам елінен жиналған ең күшті шахматшылардың арасында 5 гроссмейстер, 15 халықаралық шебер, 8 ФИДЕ-нің шебері болды. Біріншілік 13 тур бойынша, швейцариялық жүйемен өтті.

Шахматтағы ең жоғары атақ – гроссмейстер атағы осы екі жарыста жеңімпаз атанған, сондай-ақ түрлі жоғары категориялы жарыстарда өте жақсы өнер көрсеткен шахматшыларға беріледі. Ал қазақ баласы тұңғыш рет қатысып отырған жастар арасындағы әлем чемпионаты туралы айтар болсақ, ол 1951 жылдан бері өткізіліп келеді. Әр жылдарда осы турнирді кейіннен әлем чемпиондары атанған Борис Спасский, Анатолий Карпов, Гарри Каспаров, Вишванатан Ананд сияқты шахмат жұлдыздары жеңіп алған.

ФИДЕ-нің катал таңдауынан өтіп, жастар арасындағы әлем чемпионатына бақ сынауға келген 70 шахматшының 65-і гроссмейстерлік атаққа бір табан жетпей тұрған сайыпқырандар болатын. Азия чемпионы үшін Халықаралық шебер атағын алған Дәрмен Садуақасов болса, осындай деңгейі өте жоғары жарысқа қатысып отырған тәуелсіз еліміздің тұңғыш өкілі. Бұл Дәрмен үшін өте үлкен мақтаныш болғанымен, оның жауапкершілігін, елдің намысын абыроймен қорғау жағын ойлағанда астаналық жігіттің тұла бойы аза-қаза болатыны түсінікті. Осындайда үйіне телефон шалып анасымен бір сәт сөйлескісі келеді-ақ. Бірақ айналып келгенді бос белбеулікке барғысы келмейді. Жарыс

басталмай жатып үйін ойласа, елдің намысы қайда қалмақ?!

Ойды ой қозғайды. «Мен мұнда жеңуге келдім. Бір ғасырда бір рет бұйырған мүмкіндікті ақтау маңдайыма жазылған екен ақтауым керек. Қазақтың құдіреті, бабалардың аруағы бар емеспе?! Қолда берсе, қолымдағы бақыттан айырылмауым керек. Оның үстіне туған қалам елімнің жас елордасы болып жатқанда биіктен көрінуге тиіспін. Сонда қазағымды да, Астанамды да бар әлем тағы бір танып қалады...». Каликутдағы қонақ үйде жатқан Дәрменге осындай найзағай намыс, камшы салар ойлар бір сәт те маза бермеді. Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің студенті Дәрмен Садуақасов үшін әлем чемпионатының алғашқы туры, құдай салғанда сәтті басталды. Ол бірінші ойында Хорватияның үміті Боян Медакты ұтты. Содан кейін қос бірдей Әзірбайжанның талантты шахматшылары Р.Алиев және А.Мирзоевпен кездесті. Алғашқысын Дәрмен ойын басталысымен уысынан шығармай, эндшіпильге жеткізбей-ақ жеңілуге мәжбүр еткен етті. Ал Мирзоев болса оңай шағылатын жаңғақ емес екенін дебюттен-ақ аңғартты. Әлде осының алдында ғана отандасының «оққа ұшқаны» намысын күйдірді ме, ойынға өте сақ кірісті. Өз жүрісін жүріп алады да Дәрменге бажырая қарап отырады да қояды. Мұнысы, сірә, Дәрменді көзінің отымен жасқандырмақ болғаны шығар. Мүмкін қазақ баласының биязы мінезіне қарап, қалай да рухын сындыруды ойлады ма екен, түр-түсін сан құбылтып, қабағын түйе берді. Дәрмен болса, туа біткен сабырлы мінезінен айнымақ емес. Сөйтіп, бұл ойында да әзірбайжандық үміткер жеңілістің ащы дәмін татуға мәжбүр болды.

Үш мүмкіндіктен үш ұпай алған Дәрмен енді Грециядан келген талантты гроссмейстерлер Халисас

және Баникаспен ойнады. Бұл жолы да қазақ баласы қос грекке шеберліктерін көрсетуге мұрша бермей екеуінде қапыда қалдырды. Міне, осы тұста чемпионатқа қатысушылар Қазақстанның жалғыз үмітінің қадамына назар аударып, әлемдік шахматқа тағы бір таланттың қосылатынын аңғарғандай болды десе болғандай. Дәрмен келесі турда рейтингісі жоғары /2510/ Қытай шахматшысы Жанг Жонгумен бетпе-бет келді. Соңғы жылдары Қытайда шахмат өрлеп тұрғаны мәлім. Әсіресе, Қытайдың әйелдері керемет табыстарға қол жеткізуде. Се Цзюньнің әйелдер арасында әлем чемпионы атанғаны осы сөзімізге дәлел. Дәрмен осының бәрін біледі. Сондықтан қытайлық шахматшыға қарсы өте жинақы ойнауға тырысты. Шынында да Жонгу осал емес екен. Екеуара ойын ұзаққа созылды. Мүмкін бұл ойын тең аяқталар ма еді, егер Қытай шахматшысының өтінішін Дәрмен қабылдаған жағдайда. Алайда, осы ойынның нәтижесі қорытынды көрсеткішке әсер етерін алдын ала болжай білген Дәрмен ойынды жалғастыра берді. Турнир кестесінің бірінші сатысында тұрған Дәрменнің бұл шешімі нағыз көрегендік болды. «Тәуекел түбі – желқайық» деген емес пе, қазақ баласы өз дегеніне жетті. Қытай шахматшысы Дәрменнің шеберлігіне бас иіп, жеңілгенін мойындады. Францияның үкілеген үміті Лаурету Фрессикету мен ресейлік Николай Кабалия да астаналық шахматшыға қарсы қауқар көрсетуге жарамады.

Енді қалған ойындарда Дәрменге жеңілуге болмайды. Өйткені, ол көп басына шыққан еді. Сондықтан оның ізін басып келе жатқан шахматшылар қандай тәсілмен болса да әлем чемпионы атағы үшін аянбайтыны анық еді. Осындай өте шешуші сәттерде Дәрмен көзсіз тәуекелге бармауға бекінді.

Жарыстың жартысынан астамы аяқталып қалған. Әзірге біріншіліктің бас жүлдесі үшін бірден-бір үміткер

болып келе жатқан Дәрмен кезекті ойыннан соң қонақ үйден шықпайтын болып алды. Ертең болатын ойынға, қарсыласына қарсы қолданаатын тактикаларын алдын-ала зерделеп алуға көбірек көңіл бөлді. Ол сондай-ақ тамақтануына, ұйқысына да тиісті мән беріп жүрді. Шахматтың тек қана ой-сана сайысы емес екенін бала кезінен түсінген Дәрмен көп ретте түпкілікті нәтиженің күнделіктірежимнің сақталуына байланысты болатынын жақсы білетін. Ол жөнінде оқыған кітаптарынан талай мысалдарға көзін жеткізген. Сондай-ақ әр жылдарды әлем чемпиондары болған А.Ботвинниктің шахмат-ғылым, Т.Петросяннның шахмат-өнер, А.Карповтың шахмат-спорт деп айтқандары есінде мықтап сақталып қалған.

Дәрменнің тағы бір қызық мінезі бар. Ол құдірет күшіне сенеді. Жарыс өтетін жерге әрқашан оң аяқпен кіреді. Шахматтың еш фигурасын бөліп-жарып ұнатпайды. Бәріне бірдей жауапкершілікпен қарайды. Жарыста жүргенде, қай жақтан болса да үйіне бір-ақ рет телефон соғады...

Үндістанда өткен әлем біріншілігі барысында да Дәрмен осы қасиеттерінен айнымады. Біріншіліктің ортасынан асқанда барып Астанаға хабарласты. «Мама, менде бәрі жақсы. Денсаулық жаман емес. Төрт-ақ тур қалды. Мен үшін аландама. Әзірге жағдайым жаман дей алмаймын...».

Шынында да Дәрменнің алыстағы анасымен хабарласқан тұстағы жағдайы осы чемпионатқа қатысқан шахматшылардың ішіндегі ең тәуір екені сөзсіз еді. Қанша айтқанмен құрлық асқан Үндістанның табиғаты мен ауа райы әсер етпей қоймайды екен. Жарыс басталғаннан көш тізгінін қолдан шығармай ұстаған қазақ баласының жүйкесі Швейцария шахматшысы Флориянмен арадағы ойында сыр бергендей болды.

Дәрменнің қарсыласы миттельшпиль кезінде бірнеше оқыс жүрістер жасап, лидердің алдын орап алды. Алайда өзі үшін бір жеңілісі өліммен бірдей болатынын жете түсінген Дәрмен эндшпильде тапқырлық жасап, швейцарлық қарсыласын ұпай бөлісуге мәжбүр етті. Вьетнам елінің намысын қорғаған Дао Хай мен украиналық Сергей Федорчук те қазақстандық шахматшының екпінін тоқтата алмай, амалсыздан тең көрсеткішке көніп тынды.

Осылайша, 13 ойынның 5-інде тең нәтижеге қол жеткізіп, қалған ойындарының бәрінде жеңіске жеткен қазақ баласы Дәрмен Садуақасов шахматтан тұңғыш рет жастар арасындағы әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Бұл Қазақстан шахматының тарихына алтын әріппен жазылған ақжолтай жеңіс болғаны айдан анық.

Үндістанда аяқталған чемпионаттың қорытындысы бойынша ФИДЕ-нің атқару комитеті Дәрмен Садуақасовқа ең жоғары – Халықаралық гроссмейстер атағын салтанатты түрде табыс етті. Сондай-ақ, ересектер арасындағы өтетін кезекті әлем чемпионатының іріктеу жарыстарына қатысуға жолдама ұсынды.

Жастар арасындағы әлем чемпионы атанған Дәрмен үшін барша республика жұртшылығы шаттана қуанып жатты. Бұл кезде біздің елімізде Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған шаралар жүріп жатқан. Осындай мерекелік салтанаттың аясында Елбасы Дәрмен Садуақасовты Отанымыздың жоғары наградасы «Құрмет» орденімен марапаттады. Қазақстан Республикасының Үкіметі жас чемпионға «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын тапсырды. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт істері жөніндегі агенттігінің шешімімен Дәрменнің әкесі Қанат Жылқайдарұлы Садуақасовқа «Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағы берілді.

Осылайша тәуелсіз еліміздің торқалы тойы мен Астананың бүкіл әлем алдында тұсауы кесілген мерейлі жылында дарынды қазақ баласы Дәрмен Садуақасов халқымыздың тарихында бұрын-соңды болмаған биікке қол жеткізіп, алаштың абыройын аспанға көтерді. Омырауында алтын медалі жарқырап алтын бесігі Астана жеріне табаны тиген сәтте Дәрменді сөзге тартқанымызда оның былай деп ағынан жарылғаны есімде қалыпты: «Елім мен жерімнің, маған жанкүйер болған барлық отандастарымның тілегінақтағым келгені соншалық, чемпионаттың алғашқы сәтінен жолым болғандай. Әр ойынға белді бекем буып, өте жинақы кірістім. Ел мен жердің намысы, әкем мен шешемнің, әріптестерімнің маған артқан үміті маңдайыма шырақ болып жанып тұрғандай сезіндім. Нәтижесі ме, оған өзім де сенерімді, сенбесімді білмеймін. 13 партияның 8-ін ұтып, 5 ойында тең түстім. Тіптен, чемпионат аяқталмай жатып-ақ чемпион болыпшын ғой...».

Өз халқының данышпандары болған Фердоуси, Бируни, Тамерлан, Омар Хаям, Вольтер, Руссо, Дидро, Наполеон, Франклин, Бетховен, Ньютон, Кант, Балзак, Гете, Пушкин, Лермонтов, Маркс, Әуезов және көптеген ұлы тұлғалар бағалаған көне ойынның қазақ елінде де жарқын болашағы болатыны ақиқат. Сеніммен қарай отырып, жаңа қадам басқан ХХІ ғасырда қазақ баласының шахматтағы ең биік шың – Әлем чемпионы болғанын көруді армандайды екенсің. Арманда шек жоқ-ау.

...Шахматта 20 жасқа дейінгілер арасындағы әлем чемпионатының жеңімпазын «Шахмат бекзадасы» /«Шахматный принц»/ деп атайды. Олай болса, қазақстандық бекзада күні ертең шахматтың патшасы болатын күні де туатын шығар. Құдайым, ел тілегін арқалаған балаға қуат берсе болғаны. Әлем тәжін

ондаған жылдар ұстаған Карпов, Каспаров секілді чемпиондарға еліктеп өскен қазақ шахматының бекзадасы да сол аятын тәжді иеленгісі келеді. Ол әлем чемпиондары Карповпен, Каспаровпен, Халифманмен, Крамникпен шаршы тақтада «шайқасып» та үлгерді. Осылардың бәрімен терезесі тең ойын көрсетті. Демек, алдағы күндерге сенім бар.

«Жол мұраты – жету». Ал Дәрменнің таңдаған жолы шахматтың ең биік шыңына шығу.

Арманда шек болмайды

Үндістандағы үлкен жеңістен соң Дәрмен едәуір үзіліс жасады. Жан-жақтан шақырулар болып жатса да демалысына көңіл бөліп, тек 1999 жылдың жазында Шымкентте өтетін халықаралық жарысқа қатысуға дайындық жүргізді. Байыпты да, байсалды әзірліктің арқасында Дәрмен айтулы жарыста бірінші орынды жеңіп алды. Осыдан кейін ол әлемдік шахматтың ірі орталығы саналатын Голландияда жыл сайын өтетін «Хоговен-турниріне» шақыру алды. Бұл жарысқа дәстүр бойынша ең таңдаулы төрт шахматшы қатысады. Турнир ұйымдастырушыларының таңдауы бұл жолы әлемнің 12-ші чемпионы Анатолий Карпов, бірнеше рет әлем тәжіне үміткер болған әйгілі Ян Тимман, ерлер арасындағы талай халықаралық жарыстарда бағы жанған, венгрдің талантты шахматшы қызы Юдит Полгар және біздің Дәрмен Садуақасовқа түскен екен. Ал осыған дейінгі өткен «Төрт мықтының» атаулы турнирінде әр жылдарда әлем чемпиондары Маркс Эйве, Михаил Ботвинник, Михаил Таль, Тигран Петросян, Борис Спасский сияқты марқасқалар жеңімпаз болған.

Дәрмен Хоговен қаласында бала кезінен өзіне кумир болған Анатолий Карповпен тұңғыш рет кездесті.

Карповты бір көрсем деп армандан өскен қазақ баласының маңдайына құдай оңғарып көрмек емес, онымен бетпе-бет шаршы тақтада шайқасатын сәт туатынын кім ойлаған. Маңдайға жазылса бәрі де болады екен. Енді карашы кешегі арманы бүгін ақиқатқа айналып отыр. Карпов екеуі қол алысып, ойынға кірісті. Қанша айтқанмен кезінде жалпақ жаһанның жартысына жуығын еншілеген СССР кезінде барша халықтың мақтанышына айналған Карпов емес пе, алғашқы ойында Дәрменнің берекесін қашырды. Алдында отырған кәдімгі Карпов пе, әлде Карповқа ұқсайтын басқа ма деген берекесіз ойлар Дәрменнің есіне бір кіріп, бір шығады. Ал келесі ойынға Дәрменнің көңілі орнығып, салқынқанды мінезі сабасына түсіп келді. Ұзаққа созылған ойында Карпов Дәрменді жеңе алмайтынына көзі жеткенде барып, тең ойынға келісті. Шахматтың бір патшасына қайрат көрсеткен жас қазақ кезекті партиясында Ян Тимманды тас-талқан етіп ұтты. Өз еліде, оның үстіне шахмат әлемінде дебюттік өресі күшті, миттельшпиль жағдайында асқан шеберлігімен танымал саналатын Тимман үшін жап-жас шахматшыдан ұтылу өте ұят болғаны сөзсіз еді. Алайда, «Күш атасын танымас» деген емес пе, Дәрменнің жойқын шабуылдары Тимман королін тығырыққа тығып қойды. Бұл жеңіс Дәрменнің гроссмейстерлік қабілетін шын мәнінде дәлелдеп берді.

Еуропадан оралған Д.Садуақасов енді әзірлігін ФИДЕ-нің жаңа «нокаут жүйесі» бойынша өтетін әлем чемпионатының іріктеу жарысына арнады. Қазақстаннан аймақтық іріктеу сындарынан сүрінбей өткен Павел Коцур да қатысатын болды. Ал Дәрмен болса жастар арасындағы әлем чемпионы ретінде бірден шешуші ойындарға кірісетіні анықты. Американың аңыз болып айтылатын Лас-Вегас қаласында өткен жарыста Дәрмен бірнеше кездесулер өткізіп, әлем тәжі үшін жарыстын

өзіндік тәлім-тәжірибесіне қанықты. Оның бұл кездегі рейтингі 2464 бірлік болған еді.

2000 жылы Дәрмен үшін ең жауапты сынның бірі қасиетті Түркістан қаласының 1500 жылдығына арналған халықаралық турнир болды. Осы жарысқа ағылшынның атақты гроссмейстері Найджел Шорт, сондай-ақ басқа да халықаралық шеберлер қатысатын болыпты. Бүкіл түркі әлемінің қасиетті мекені Түркістан қаласының торқалы тойына арналған жарыста қазақ намысын абыроймен қорғау Дәрмен үшін перзенттік парыз болды. Ол иісі мұсылманның әулиесі Қожа Ахмет Яссауи жерленген киелі топырақта туған елінің намысын жыртудан артық бақыттың болмасын жандүниесімен түсінді. Сөйтті де Шымкентке жол тартты. Мұнда келсе шынымен де қала тірлігі үлкен жарыстың өтуіне байланысты жайнап-жасарып кеткен екен. ФИДЕ-нің туы астында өткізілген тұңғыш әлем біріншілігінің чемпионы Александр Халифман да осында жүр. Басқа елдердің де бірнеше таңдаулы шахматшылары Түркістан турнирінің көрігін қызғыруға келіп қалыпты. Жарыстың талап-тілегіне, қатысушылардың деңгейіне әбден көзін жеткізіп алған Дәрмен бұл турнирге ерекше ықыласпен кірісті. Жарыстың нәтижесінде алты шахматшы бірдей ұпай жинап, киелі Түркістанның торқалы тойына арналған байрақты жарыстың жүлдесін тең бөлісті. Олардың қатарында өзіміздің үміт артқан Дәрмен Садуақасов та болды. Осы жеңіске Дәрмен неге екені белгісіз алабөтен қуанды. Өлде, туған елдің алдында абыройын сақтап, ұлтының туын жықпағанына қуанды ма екен, әйтеуір Шымкенттен Астанаға жеткенше қуаныш пен мақтаныштан жүрегі аттай тулап келді.

Бұл жаңа ғасырға қадам басқалы отырған Тәуелсіз еліміздің спортына үлкен жеңістер тойланып жатқан кез еді. Сидней Олимпиадасында 199 мемлекеттің

арасынан 22 орынға табан тіреген Қазақстанның әлем қауымдастығы алдында мерейі өскен осы сәттер халқымыздың тарихи жетістіктері болатын. Боксшылар Бекзат Саттарханов, Ермахан Ыбырайымов, Болат Жұмаділов, Мұхтархан Ділдәбеков, жеңіл атлет Ольга Шишигина, балуан Ислам Байрамуков, велошабандоз Александр Винокуров сынды спортшыларымыздың жүлделері халқымыздың мәңгілік мақтанышы болып қала бермек.

Осындай ғасырлар тоғысындағы байрақты шахмат турнирінің бірі Югославияда өткен «XXI ғасырдың үміті» атты халықаралық турнир болды. Бұл жарыста дүниежүзіндегі ең талантты алты шахматшы күш сынады. Екі айналымда өткен турнирде қазақстандық Дәрмен Садуақасов 10 мүмкіндіктен 6,5 ұпай жинап, бас бәйгені Астанаға алып келді. Осылайша жаңа ғасырға жеңіспен кірген Дәрмен барша отандастарының үмітін тағы бір ақтап берді.

Арада айжарым уақыт өткен соң Дәрмен Өскеменге келді. Мұнда ересектер арасындағы Қазақстанның кезекті чемпионаты жалауын көтерген еді. Еліміздің барлық облыстарынан талантты шахматшылар жиналған біріншілікке 86 шахматшы қатысты. Осы сында еліміздің негізгі құрамасының мүшелері Павел Коцур, Серік Темірбаев, Павел Костенко, Ерлан Иржанов және басқа да тіс қакқан шеберлердің алдын ораған астаналық Дәрмен Садуақасов Қазақстанның чемпионы атанды. Осы біріншілік аяқталысымен Қазақстан қалалары арасындағы чемпионат өткізілген еді. Бұл жолы да құрамында Дәрмен ойнаған Астана құрамасы бас жүлдені жеңіп алды. Сапында Болат Асанов, Владимир Насыбулин, Николай Воронцов, Нұрлан Ибраев ойнаған команданың шеберлігіне кім болса да қызығатын еді.

Жыл өткен сайын еліміздегі шахматтын қарқын ала бастағанын ескерген Қазақстанның шахмат федерациясы өз елімізде ФИДЕ-нің деңгейіне сәйкес жарыс өткізуді күн тәртібіне қойды.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТУРНИРИ

Республикалық шахмат федерациясы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған 20-шы категориялы супертурнир өткізуді ұйғарды.

Қазақстан жағынан көтерген бастаманы ФИДЕ толық қуаттайтынын мәлімдеп, әлемдік рейтингісі бойынша алғашқы ондыққа кіретін шахматшыларға ақпарат салды. Ал, ФИДЕ-нің көрсеткіші бойынша ең жоғары категория 21-ші болып саналады. Осыдан-ақ Астанадағы сайыстың мәртебесі қаншалықты жоғары болғанын аңғаруға болатын еді.

Көп ұзамай-ақ Гарри Каспаров /рейтингі 2822, бірінші орын/, Владимир Крамник /2802, екінші орын/, Александр Морозевич /2749, бесінші орын/, Алексей Широв /2727, сегізінші орын/, Борис Гельфанд /2712, тоғызыншы орын/ сияқты дарынды шахматшылар Астанаға келетінін жария етті. Бұл бес дүлдүлге алтыншы болып қазақстандық жас гроссмейстер Дәрмен Садуақасов қосылатын болды.

Каспаров пен Крамник бастаған шахматшыларды Мемлекет басшысы қабылдап, қазақ жеріне келіп көне ойынның көрігін қыздырып жатқаны үшін ризашылық білдіргені жарыстың мәртебесіне көрсетілген жоғары баға болғаны сөзсіз.

Президентпен болған кездесуден кейін Гарри Каспаров, Владимир Крамник және Дәрмен Садуақасовты журналистер қауымы ортаға алып, сан сұрақтың астына алды. Сонда Г.Каспаров: «Қазақстан

халқының шахмат өнеріне деген ынта-ықыласын жарыстың алғашқы күнінен-ақ айқын аңғардым, – деді Гарри Каспаров. – Республика Президенті де, оған ерекше мән беріп отыр екен. Мұндай турнирді дәстүрлі түрде өткізіп тұру қажеттігін айтты. Егер бұл идея жүзеге асса, біз Қазақстанға қуана-қуана келіп тұрар едік». Ал, Владимир Крамник: «Шахматтан осындай ірі жарыстардың өтіп тұруы жас ұрпақтың ойлылар ойынына құштарлығын оятады. Бірақ шахматқа қызыққан жеткіншектің бәрінің келешекте керемет ойыншы болуы шарт емес. Бұл өнер балалардың күшті де қуатты, интеллектуал иесі болып өсуіне өте пайдалы. Шаршы тақтада жинаған тәжірибені ертеңгі күні экономика саласындағы мамандықтарды игергенде іске асыруға болады» – деген ой айтты.

Дәрмен Садуақасов болса: – Көңіл-күйім жаман емес. Тек алғашқы ойында ұтылып қалғаным өкінішті. Әйтсе де алда әлі талай партиялар бар. Оның үстіне бүгін Елбасымен кездесіп, біраз жігерленіп қалдым. Ал кешкісін мені әлемнің ең үздік шахматшысымен кездесу күтіп тұр. Сол матчқа дайындаламын, – деген еді.

Бұл Дәрменнің Каспаровтан әлем тәжін жеңіп алған Крамникпен кездесер алдында айтқан сөзі еді. Кешкі сағат бесте қол алысып, ойынға кіріскен Дәрмен мен әлем чемпионы арасындағы бәсеке бірден шиеленісті басталды. Тіпті миттельшпиль кезінде Садуақасовтың позициясы қарсыласына қарағанда тәуір еді. Алайда, өте салқынқанды мінезімен ерекшеленетін Крамник біртіндеп тізгінді өз қолына ала бастады. Сөйтіп, ол қазақ гроссмейстерінің сәл қателескен сәттерін ұтымды пайдаланып, 57-ші жүрісте ойын тағдырын өз пайдасына шешті. Ел тәуелсіздігінің тұғырын көтерген айтулы жарыста бүкіл әлемдегі шахмат әуесқойларын қызықтырған оқиғалар да болғаны анық. Мәселен,

Каспаров пен Крамниктің жекпе-жегіне назар тікпеген адам аз шығар. Бұл екеуі 2000 жылдың соңында ғана әлем чемпионы атағын сарапқа салып, сонда 15 жыл бойы чемпиондық атақты иеленіп келген Каспаров қапыда қалған еді. Ал Астанадағы кездесуде Каспаров Крамникпен бір ойында тең түсіп, шешуші кездесуде жеңіске жетіп, жарыстың жеңімпазы атанды.

Ал, біздің Дәрмен болса осы Каспаровқа қарсы жақсы ойнауға айырықша әзірлік жасағаны байқалмай қалмады. Дәл осы жарыс өтіп жатқан кезде, рейтингісі бойынша әлемдегі ең үздік шахматшыға қарсы абыроймен ойнау қай шахматшыға болса да мәртебе болары, әрине түсінікті. Дәрменнің бұл мақсат-мүддесін біз Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында «Астана ақшамы» газетінде жарияланған мақаласынан аңғарған едік. Тақырыбы «Каспаровпен ойнауға әзірмін» деп аталатын мақалада Дәрмен былай деп ой қорытқан еді.

«Биыл туған еліміз Қазақстан үшін торқалы жыл. Тәуелсіздіктің туы желбірегеніне 10 жыл толып отырған осы жылда еліміздің өткен жолы зерделеніп, келешекке көзделген игі шаралар өткізіліп жатыр. Мен осы орайда, бүкіл шығыс елдерінде Ұлыстың Ұлы күні саналатын – Наурыз мейрамында еліміздегі спорт саласына қатысты ойымды бір екішелегім келеді. Құдайға шүкір, тәуелсіздіктің арайлы таңы атқалы Қазақстан спортының беделі халықаралық аренада күрт көтеріле бастады. Ең алғаш рет 1996 жылы дербес ел ретінде қатысқан Олимпиада ойындарында бүкіл әлемге абыройымыз асты. Ал кешегі ғасырлар тоғысында өткен Сидней жарыстарында 199 мемлекеттің ішінен 22-ші орынға табан тіреп, халқымыздың мерейі тіптен тасыды емес пе?! Бұл біле білсек елдік намысымыздың көрсеткіші болды десек те болады.

Ал енді төрткүл дүниеде атам заманнан ақыл-ойдың жарысы саналып келе жатқан шахмат өнері туралы айтар болсам, жақсы көңілмен еске алатын белестер болды деп ойлаймын. Бұл ретте алдымен тәуелсіз еліміздің әйелдер командасының 1992 жылғы олимпиада ойындарында дүниежүзіндегі алғашқы ондықтан көрінгенін айтар едім. Сондай-ақ, жігіттеріміздің Азия біріншілігінде жеңімпаз атанғаны да үлкен жеңіс саналды.

Республикамыздағы шахматтың өрлеген кезі 1998 жыл болғаны айқын. Осы жылы ерлер командасы Бүкілдүниежүзілік шахмат олимпиадасында бұрын болмаған биік көрсеткішке қол жеткізді. Ал 1998 жылдың басты көрсеткіші менің жастар арасындағы әлем біріншілігінде чемпион атағын жеңіп алғаным болса керек. Бұл шын мәнінде Қазақстан шахматының да ақыл-ойға құрылған шахмат өнерінен құралақан еместігін паш еткен жеңіс болды деуге болады. Өзім астаналық болған соң елордамыздағы шахматтың өрлеу үстінде екенін де мақтанышпен айтқым келеді. Мәселен, мен жыл басында ересектер арасындағы Қазақстанның чемпионы атанып келгенім сол еді, жақында ғана астаналық шахматшы қыздарымыз Ася Сон, София Зигангировна және Дана Акетаева республика біріншілігінің барлық жүлдесін канжығаға байлап қайтты. Сондай-ақ, бірнеше жасөспірім шахматшыларымыз республика жеңімпаздары атанып үлгерген. Жалпы, елімізде тәуелсіздік алғаннан бері шахматқа мемлекеттік деңгейден де, жергілікті әкімшіліктер тарапынан да оң көзқарас қалыптасып, талантты шахматшыларды қолдау байқалады. Осы орайда мен Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа ризашылығымды білдіргім келеді. Президентіміздің мен әлем чемпионы болып келгеніме қатты қуанғанын сездім. Сонымен қатар менің шахматтағы жолыма

сәттілік тілеп жүретін, колдау білдіретін Әділбек Жақсыбеков, Қуаныш Сұлтанов, Кенжеғали Сағадиев, Марат Нәбиев сынды жаны жомарт ағаларыма алғысым шексіз.

Бүгін Ұлыстың ұлы күні, бұл шығыс дүниесінің жаңа ғасырға қадам басқан тұсы. Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығы аталып отырған осы тарихи кезеңде бірнеше ірі жарыстар өтетіні белгілі болып отыр. Мен үшін басты сайыс жас елордамыз Астанада Каспаров, Крамник және басқа да мықты шахматшылар қатысатын халықаралық жарыс болмақ. Бүгінгі күнде сол жарысқа дайындық үстіндеміз. Алаңсыз жаттығуыма республикалық шахмат федерациясының ұйытқы болуымен жағдай жасалып жатыр. Демек, Каспаровпен ойнауға әзірмін дей аламын.

Осы айтқандарды түптеп келсем, Қазақстан шахматшыларының алар асуы әлі алда деп ойлаймын. Ел атынан сынға түсетін әрбір отандасым алдымен елдік намысымызды ойласа, онда Қазақстанның көкбайрағы қашан да биіктен желбірейтініне сенімдімін. Менің арманым осы».

...Супертурнирдің үшінші турында Дәрмен израильдік гроссмейстер Гельфандпен кездесті. Бұл жолы екі жақ та ферздік гамбитті таңдаған болды. Ойын барысында бірте-бірте басымдыққа ие бола бастаған жас қарсыласынан үрейі ұшқан Гельфанд Дәрменге «тең ойынға келіссек қалай қарайсын» деген ұсыныс білдірді. Алайда, жеңістің сәті жақындап қалғанын сезді ме екен Дәрмен ұпай бөліспейтінін мәлімдеді. Содан тығырыққа тірелген израильдік шахматшы кездесуді жалғастыра беруге мәжбүр болды. Әлем чемпионы тәжі үшін талай сында шыңдалған шебер емес пе, Гельфанд енді қулыққа көшіп, уақытпен есептеп ойнауға кірісті. Өкінішке орай жас Дәрменнің шектен тыс қызбалығы

осы жолы өзіне соққы болып тиді. Ол ойламаған жерден пейнтотқа түсіп қалды.

Есесіне төртінші турда Дәрмен испандық Широққа қарсы ойында керемет комбинацияларды құрастырып, өте ширақ ойын өрнегін көрсетті. Широқ та осал емес екені белгілі. Ол өткен жылы ФИДЕ-нің жаңа жүйесі бойынша өткізілген әлем чемпионатында финалға дейін жетіп, үндістандық В.Анандпен кездескен болатын. Бірақ ақтық сында Широқтың бағы жанбай қалған.

Дәрмен мен Широқ арасындағы бәсекенің өте тез айналғаны соншалық, екі жақтың да фигуралары бірін-бірі жылдам «жалмап», кездесу 17 жүрісте тең аяқталды. Осы турда жас чемпион мен экс-чемпион арасындағы жекпе-жек көрермендер қызығушылығын ерекше қыздырғаны анық. Екі мықты Грюнфельд қорғанысын қолданып ойнады. Өте тартысты бәсеке 30-шы жүрісте «бейбітшілікпен» аяқталды.

Дүбірлі жарыстың бесінші турында Дәрмен Каспаровпен ойнады. «Каспаровпен ойнауға әзірмін» деп алдын ала жариялап қойған соң ба, осы ойынға көрермен қауым көп жиналды. Әлемдегі ең үздік шахматшыға қарсы қаймықпай ойнау үшін де жаужүрек болу керек шығар. Осы орайда Дәрменнің батылдығы көзге көрініп тұрды. Оның жанарынан от шашқан қайрат байқалды. Дәрменге қарсы ақ фигурамен ойнаған Каспаров ағылшын партиясын қалапты. 13-ші әлем чемпионы мен Дәрменнің арасындағы бәсеке төрт сағаттан артық айналды. Дебюттен-ақ алаң несін тығырыққа аламын деп ойласа керек, Каспаров Дәрменнің пешкілер арқылы конфигурация жасап өзінің ферзінің жолын кес-кестеп тастағанын байқамай да қалған сияқты. Шыбынның ызыңы естілмей қалған кен залдағы жанкүйерлер екі шебердің бәсекелесін селп етпей қадағалап отырды. Енді бір сәтте Дәрменнің

позициясы күшейіп шыға келмесі бар ма. Осы кезде бірнеше астаналық әуесқойлар аяқтарының ұшымен сыртқа шығып, «Егер Дәрмен қызбалыққа бармай, ойын соңына дейін осы жағдайды сақтау үшін сабырлық таныта білсе жеңіске жетуі әбден мүмкін» деп жорамал жасап та жатты. Осылайша өте тартысты өткен ойын 43-ші жүрісте тең аяқталып тынды. Бұл мындаған қазақстандықтардың шахмат короліне қарсы қазақ баласының қарсы тұра алатынына көзі жеткен сәті еді.

Бесінші турдан кейін бір күндік үзіліс болды. Осы сәтті пайдаланып жарысқа қатысушы шахматшылар Дәрменге «Мектепті көрсетпейсің бе?» деп қолқа салды. Мектеп демекші, 2001 жылдың ақпан айында Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде белгілі ғалым, аталмыш оқу ордасының ректоры Мырзатай Жолдасбеков гроссмейстер Дәрмен Садуақасовтың шахмат мектебі ашылғанын жариялады. Ел намысын көтеріп, қазақ халқының ой-өрісін әлемге мойындатқан Дәрмен ұлға қандай құрмет жасаса да жарасатыны заңдылық. «Елінің даңқын ер шығарады, ердің даңқын ел шығарады» деген аталы сөздің қадірін түсінетін ел ағалары болғаны қандай жақсы.

- Спорт – намыс. Спорт, керек десеңіз – саясат. Бұрын біздер Карповке, Ботвинникке, Каспаровқа... жанкүйер болатынбыз. Енді, құдайға шүкір, өзіміздің халықтан да осындай шахматшылар шығып жатыр. Осыны бағалай білуіміз керек. Мен сондықтан да университет жанынан халықаралық гроссмейстер Дәрмен Садуақасовтың жоғары шеберлік шахмат мектебін ашу жөнінде бастама көтеріп, бүгін соның салтанатты ашылуын жариялаймын, – деген еді М.Жолдасбеков.

«Менің бір арманым осы мектептен әлемдік сайыстарда ел намысын қорғайтын шахматшыларды көргім келеді. Ол үшін барлық жағдай жасауға

дайынмын» деген жүрекжарды ниетіңіз де қабыл болғай, ғалым аға деген едік біз де сонда марқайып. Міне, осы мектепті көріп, қазақ гроссмейстерінің құтты шаңырағында ақ тілектерін айтқан шахматшылар Дәрменнің қолын қайта-қайта қысып жатты. Бұл да болса шахмат әлемінің жұлдыздарына айналған қонақтардың алдында елдігімізді, береке-бірлігімізді көрсеткендей болғаны ақиқат. Біз соған қуандық.

...Екі аптаға жуық төрткүл дүниедегі шахмат әуесқойларының назарын өзіне аударған Астанадағы супертурнирдің тоғызыншы турында Каспаровтың жағдайы қиындап кетті. Бірінші тақтада ойнаған Крамник пен Морезевичтің кездесуі тең нәтиже бергенінен құлағдар болған соң Каспаровқа қалған ойындарда тек жеңіске жету ғана қажет болды. Өйткені, оның негізгі қарсыласы Крамниктен жарты ұпайы кем еді. Осы және соңғы турдағы ойындарда нәтижесі ғана осы турнирдің жеңімпазын анықтамақ. Ол үшін алдымен бірінші айналымда есесі кеткен Дәрмен Садуақасовты ұту керек. Бұл жолы Каспаров Дәрменге қарсы әзірленіп келгенін бірден аңғартқандай болды. Қайта-қайта шабуылдап, қарсыласын шатыстыруға әрекет жасай берді. Атақты шахматшылармен бірнеше күн бойы иық тіресіп, ащы терін ысып алған Дәрмен Каспаровтың бұл жойқынды ырқына көнбеді. Ойынның негізгі уақыты еңсеріліп қалғанда екі жаққа да пейтнотқа түсіп қалу қаупі туды. Дәрмен кезекті жүрісін жасап алды да орнынан тұрып, сахна төрінде ерсілі-қарсылы жүре бастады. Оның ойы осы ойынды қалай да жеңуге оқталды. Ол үшін мүмкіндігі де келіп қалғандай еді. Тек сәтін салса болғаны. Алайда, соңғы шешуші турда Крамникпен ойнайтынын мықтап есте ұстаған Каспаров та қайтсе де Садуақасовты жеңбек болды. Сөйтіп, өзінің қазақ гроссмейстеріне ұпай бөлісу

жөніндегі ұсынысы қабылданбаған соң, қабағын түйіп ойынды жалғастыра берді. Дәрмен де шаршы тактаға шүйіле түсті. Жас қазақтың сағын сындыра алмай амалы таусылған Каспаров 37-ші жүрісте тен ойынға келісетінін мәлімдеп, Дәрменнің қолын ризашылықпен алды. Осы турдан кейін Крамник 6,5 ұпаймен алда тұрды. Каспаровтың еншісінде 6 ұпай. Жанкүйерлердің тағатсыздана күткен соңғы туры өте тартысты жағдайда өтті. Жұрттың назары әлем чемпиондары Каспаров пен Крамниктің бәсекесіне аударылды. Екі мықты арасындағы айқаста кім жеңсе, сол турнирдің жеңімпазы болмақ. Тең ойын болған жағдайда Крамниктің бағы жанар еді. Жарты ұпай басымдығы барын алға салса керек Крамник осы ойында тым салқындылық танытты. Ал, Каспаров болса, ойынды оқыс комбинациялардан құрап шиеленістіре берді. Ақыры Каспаров өзінің әлемдегі ең мықты шахматшылардың бірі екенін дәлелдеп Крамниктен айласын асырып кетті. Сөйтіп, ол жалпы есепте жеті ұпаймен жарыстың жеңімпазы атанды.

Ал, Дәрмен үшін бұл турнир теңдессіз сабақ болып, мол тәжірибе бергені анық. Айтулы жарыстың салтанатты жабылуынан кейін Дәрменді әңгімеге тартқанымызда «Мен шахматты әлі де үйреніп келемін» деген еді, сары алтындай сәбырлы қалпынан айнымай. Жүзінен нұр шашылған елгезек жігітке карап біз де риза болдық. Өйткені, Дәрменнің осы бір ауыз сөзінен-ақ оның шахмат әлемінде әлі талай белесті көздегенін ұғындық.

Дәрменнің өміріндегі ең елеулі жарыстың бірі туған қаласы Астанада әлемнің 12-ші чемпионы Анатолий Карповпен өткізген суперматч болғаны сөзсіз. 2004 жылдың қазан айында өткен осы турнирге төрткүл дүниедегі шахмат қауымдастығы айырықша

назар аударды. Шахмат королі мен қазақтың жас гроссмейстері арасындағы бәсеке Астанадағы ең әсем ғимараттардың бірі «Окан-Интерконтиненталь» отелінде басталды.

Суперматчтың бас төрешісі жарыс регламентін жария етті. Шахмат уақытқа тәуелді, дәлдікті талап ететін ерекше спорт. Сондықтан, матч кестесі алдын ала барлық халықаралық стандарттарға сәйкес жасалды. Сөйтіп, атақты Карпов пен қазақ чемпионы Дәрмен Садуақасов арасында сегіз партия ойналатын болды. Оның төртеуі жетісағаттық бақылау уақытымен классикалық партия болса, қалған төртеуі жылдам жүрісті шахмат партиялары бойынша өтті. Кездесу алдындағы жеребенің түсуіне орай бірінші ойынды ақ фигуралармен Карпов бастады. Бірінші ойында әдеттегідей ақ фигуралар позициялық басымдықты пайдалануға күш салды. Алайда, Дәрменнің кара фигуралары сауатты қорғанысты қолданып, ойынды теңестіруге бейімделе берді. Екі қарсылас та бірін-бірі тексертуге көңіл аударып, аса бір тәуекелге бел бармайтындарын аңғартты. Алайда, уақыт зуылдап өте берді. Осылайша бұл ойында өзінің ойлаған шабуылын аяғына дейін жеткізе алмаған Карпов ойынның 44 жүрісінде тең нәтижеге келісуге мәжбүр болды.

Осы ойыннан кейін Карпов пен Садуақасов баспасөз құралдарының өкілдеріне, шахмат мамандарына, жанкүйерлерге арнап баспасөз маслихатын өткізді. Бұл кездесуде Анатолий Карпов көптеген сұрақтарға жауап беріп, қазақ жанкүйерлеріне шахматты қолдай білгендері үшін алғысын айтты. Ол сондай-ақ өзіне қарсылас болып отырған Дәрмен Садуақасовты көптен білетінін және оның жарыстардағы көрсеткіштерін назардан тыс қалдырмайтынын атап өтті. Қазақ баласының жастар арасындағы біріншілікте чемпион

болуы тұтастай Қазақстанның мерейін өсіргенін, оның ішінде республиканың шахмат мектебін жоғары деңгейге көтергенін ризашылықпен айтып берді. Ал, шаршы тақтаның иесі, яғни Дәрмен Садуақасов өзінің Карповпен туған қаласында кездесу өткізгенін өмірінің бақытты сәттері деп бағалайтынын жеткізді. Ол сонымен қатар, Карпов өзіне өмір бойы өнеге болып келе жатқан кумир екенін ерекше ықыласпен айтты.

– Мен үшін шахматтың ұлы патшасы Карповпен ойнау ұмытылмас оқиға. Олай дейтінім бала кезден армандаған мақсатым Карповты бір көру болса, енді міне сол әйгілі чемпионмен бір тақтада ойнадым. Бұл матч менің тәжірибемді жетілдіре түсуге, сондай-ақ әлемдік шахмат рейтингінде өзімнің көрсеткішімді көтеруге ықпал жасайтынына сенімдімін, - деген еді Дәрмен.

Халықаралық суперматчтың екінші партиясында ойынды Дәрмен бастады. Бұл жолы орыс партиясы немесе Петров қорғанысы ойналды. Бұл әдісті Дәрмен талай рет зерделеп жаттыққан болатын. Міне, сол түн ұйқысын ұрлаған жағтығулар өз жемісін бергендей болды. Кезекті бір жүрістің барысында Карпов ойламаған жерден қате жүріс жасауға мәжбүр болды. Ал осындай қас-қағым сәттегі кателікті дер кезінде өз пайдасына шеше білген Дәрмен ойынның 38 жүрісінде Карповты қысылтаяңға тіреп қойды. Содан амалы қалмаған Карпов жеңілдім деп Дәрменге қолын созды. Осылайша Дәрмен алға шықты. Үшінші партияда жаңа индиялық позиция ойналды. Дебютте Дәрмен едәуір басымдық алғанымен көпті көрген Карпов қазақ шахматшысының адымын дер кезінде тежеп отырды. Сөйтіп, Дәрменнің ұсынысы бойынша 39 жүрісте екі қарсылас ұпай бөлісті. Ал, төртінші партия нағыз драма болды десе артық айтқандық емес. Бұл

ойында ақ фигураларды Дәрмен басқарды. Оның әрбір жүрісі Карпов үшін тосыннан соғылған дауылдай әсер етті десе болады. Мұндай партия жақын арада өткен халықаралық турнирде Ананд пен Иванчук арасында болған еді. Осы ойынды екі шахматшы да жақсы білетіні айқын. Сондықтан екеуі де кімнің бірінші қателікке жол беретінін күткені сөзсіз. Көп ұзамай-ақ шамалы басымдығы бар Дәрмен күтпеген жерден «сүрініп» кетті. Осы сәтті күткен Карпов әп-сәтте қиындап тұрған позициясын түзеп ала қойды. Нәтижесінде ойын тең аяқталды. Осылайша, классикалық жүйемен өткен матчтың алғашқы төрт партиясындағы есеп 2,5:1,5 болды.

Салтанатты сәттерге толы болған демалыс күндерінен кейін әр партиясы 25 минуттан тұратын жылдам жүрісті шахмат бәсекесіне екі гроссмейстер де көтеріңкі көңілмен келді. Шынын айту керек, шахматты білетін бірқатар мамандар жылдам шахматта Карповқа қарсы келетін шахматшылар кемде-кем деген пікірлер айтып жатты. Бұл сөздің жаны бар. Карпов шынымен тез ойлайтын, тығырықтан тез шығудың жолын жылдам табатын, әп-сәтте ойын үстінде анализ жасай алатын қабілетімен ерекшеленетіні белгілі. Бірақ, атам қазақ айтқандай, «Бак шаба ма, бап шаба ма» демекші, Дәрмен қарсыласының әрбір жүрісіне аса маңыз беріп, жылдам ойнауға тырысып-ақ бақты. Бірінші партияда Каро-Канн қорғанысы ойналды. Ойын басталысымен қарсыластар бір-бірінің фигураларын жалмап жұта берді. Өйткені көп ойлануға уақыт мұрша бермейді. Сондықтан, тезірек беріп, тезірек алып, көздеген нәтижеге қол жеткізу екі жаққа да бірдей мақсат. Дегенмен, Карповтың бұл ойында позициясы едәуір тәуір болғаны көрініп тұрды. Бірақ, туған жердің шашбауын көтергендіктен болар Дәрмен

кисыннан жол тауып, ойынды тең нәтижеге жеткізе білді. Алтыншы партияда теке-тірес ойын болғанына куә болдық. Жылдам шахматта позиция әп-сәтте мың құбылып шыға келеді екен. Бір сәтте Карпов жеңіске жететін сияқты болып тұрғанымен, соңғы бір екі жүрісте сол Карповтың өзі тығырыққа қалай тіреліп қалғанын аңдамай қалады. Не керек, осы партияда қарсыластар тең ойынға өздері ықтияр танытқандай болды. Ал, жетінші партияда Дәрмен әйгілі Карповтың әдемі әдістерінің бірі «Тұзаққа» түскенін байқамай қалды. Карповтың қолымен қозғалған қара фигуралар Дәрменнің фигураларын бірінен соң бірін шаршы тақтаның сыртына шығарып, ақ корольді жан жақтан қоршауға алды. Дәрмен тең нәтижеге жетсем бе деп қалай қорғанса да Карповтың тұзағы оны ұзаққа жібермеді. Сөйтіп «әскерін» әбден әлсіретіп алған Дәрмен 50 жүрісте өзінің жеңілгенін сөзсіз мойындады. Осылайша есеп теңесті.

Енді екі шахматшыға да соңғы партияда жеңіске жету ауадай қажет болды. Бұл ойын тағы да жаңаиндиялық қорғаныс позициясымен басталды. Ойынның 19 жүрісіне дейін екі жақтың жағдайы бірдей еді. Ал, 48 жүрісте Дәрмен Садуақасовтың ептеген басымдығы байқалды. Дегенмен бұл жағдай Карповты соншалық қинаған жоқ. Тәжірибелі шахматшы ең кем дегенде тең ойынға қол жеткізетініне сенімді болып отырды. Бірақ, сол шешуші тұста уақыт өзінің төрелігін жасады деуге болады. Дәрменнің кезекті жүрісінен кейін Карпов көп ойланып қалды. Ал, көп ойлануды, әсіресе, ойынның соңына қарай жағдай көтермейтіні белгілі. Айтқандай-ақ Карпов қателікке жол берді. Осы асығыс жүрісінен кейін жағдайының түзелмейтініне көзі жеткен Карпов орнынан тік тұрып Дәрменнің қолын қысты. Бұл қазақ шахматшысының жеңіске жеткенін білдірген сәт

болды. Сөйтіп, Астанада ұйымдастырылған суперматчта есеп 4,5:3,5 болып Дәрменнің пайдасына шешілді.

Суперматчтың жабылу салтанатында Анатолий Евгеньевич Астанада өзіне жасалған жағдай үшін, жарысты ұйымдастырушылардың ықыласына алғысын айтты. Әлемнің экс-чемпионы Дәрмен Садуақасовтың шеберлігін жоғары бағалады. Ал Дәрмен болса, Карповтай шахмат патшасымен болған ойында шексіз тәжірибе алғанын айтып, атакты Карповқа шын жүректен ризашылығын білдірді.

2006 жылы Павлодар қаласында өткен Қазақстан чемпионатында Дәрмен Садуақасов төртінші рет еліміздің чемпионы атағын жеңіп алды. Осы біріншіліктің нәтижесінде Дәрмен Қазақстан ұлттық құрамасының сапында Катарда өтетін Азия ойындарында ел намысын қорғайтын болды.

Болашақ бүгіннен басталады

Иә, болашақ бүгіннен басталады. Дәрмен алатын асу алдағы күндердің еншісінде деп ойлаймыз. «Армансыз адам – қанатсыз құс» деген сөздің мағынасына маңыз берсек, шынымен де арманы таусылған адамның өмірдегі береке-қызығы да таусылатын сияқты. Асылы адам арманында шек болмауға тиіс. Демек, көздеген бір мақсатына жеткен адам арманым орындалды дей алмаса керек.

Осы орайда шахматтан жастар арасындағы әлем чемпионы Дәрмен Садуақасовтың мақсаткерлігін атап өтпеске болмайды. Ол өміріне өзек болған шахматтағы ең жоғары атак – Гроссмейстер атағына 19 жасында ие болды. Сөйтсе де, «Мен әлем чемпионымын» деп елден алабөтен көкірегін көтеруді білмейді. Құдай берген карапайым қалпынан, сары алтындай сабырлы мінезінен бір айнымай келеді.

Дәрмен Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің аспирантурасын үздік біртірін шықты. Қазір АҚШ-та «Болашақ» бағдарламасы бойынша білімін жетілдіріп жүр. Шахматпен қатар ғылымға да құлшынды. Басты арманы, әрине шахмат... Ол Ботвиник пен Фишер, Карпов пен Каспаров сияқты әлем чемпионы атанып, шахматтың патшасына айналғысы келеді. Үміт ешқашан үзілмейді. Дәрмен болса, құдайға шүкір күні бүгінге дейін өзіне артылған үмітті ақтап-ақ келеді. Ол шахматтағы үлкен жолға түсті. Сол жолдағы ізі де ірі көрінеді. Енді сол із алға тартсын.

...Он тоғыз жасында жастар арасындағы Әлем чемпионы атағын жеңіп алып, «Шахматтың бекзадасы» атанған Дәрмен туралы әңгімені айта берсек, таңды-таңға ұластырып сыр шертуге болады. Шахмат секілді өрелі өнерді өміріне өзек қылып, сол жүрегі қалаған жолда жанкештілікпен маңдай терін төгіп келе жатқан қазақ баласының асқақ арманы таусылмақ емес. Қайта Дәрмен жасына жас қосылып, ақылы толысқан сайын елдік намыстың қадірін көп ойлайтын болды. Дәрмен жарысқа аттанған сайын әр таңды құлан жүйрік қиялмен атыратын алтынқұрсақ Сара ана мен отағасы Қанат әке ұлдарының әрбір сәтті қадамына қуанып, сүрінген сәті болса жабырқап, етжүректері елжіреді де жүреді. Елжірей жүріп ұлдарының атасының емес, халқының, барша Қазақстанның намысын қорғап жүргені үшін марқаяды. Ана мен әкенің бір бақыты осындай болар.

Халқының даңқын көтеремін, мерейін өсіремін деп жанын шүберекке түйіп жүрген қазақ баласына құдай қуат берсе болғаны.



АЙДАНА ҚАУЛДАШЕВА

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

Қазақстан чемпионы – 2004, 2005, 2006 ж.ж.

Азия чемпионы - 2005ж. /Үндістан/.

XV Азия ойындарының чемпионы - 2006 ж. /Катар/.

Әлем чемпионатына қатысушы – 2005 ж. /Венгрия/, 2006 ж. /Әзірбайжан/, 2007 ж. /Испания/.

Гран-При турнирлерінің финалисі – 2005 ж. /Франция/, 2006 ж. /Ресей/, 2007 ж. /Италия/.

АЙНАЛАЙЫН АЙДАНА!

Көркем гимнастика – спорттың ең көрікті әрі күрделі түрі. Сымбаттың сан сыры мен икемділіктің сан иірімін көз алдына әкелетін спорттың бұл түрімен екінің бірі айналыса бермейтіні де ақиқат. Өйткені, көркем гимнастика әдеміліктің ең жарқын өнегесін көрсететін, сонымен қатар жанқиярлық бейнетті де талап ететін өнердің бірегейі.

...Киіктің асығындай алып-ұшпа кезінде-ақ спортқа бейімділігі байқалған Айдананы әкесі өзіне жақын жекпе-жек өнеріне баулығысы келді. Алты жасқа енді толған кенже қызын тұңғышы Әйгеріммен бірге музыка мектебіне беруді де ойлап жүрген. Құрметжанның бұл ойын, әсіресе сүйген жары Евгения қызу қолдайтын. Ара-тұра «Айдананы Әйгеріммен бірге музыкаға берейікші, екеуі бір-біріне серік болып жүреді, өздеріне де, бізге де ыңғайлы болады ғой» деп айтып қоятын екі баласының жұбы жазылмағанын қалайтын анасы.

Содан бірінші қыркүйек күні Айдана апасына еріп музыка мектебіне барды. Ән салуды үйрене бастады. Хор ансамбліне де қатысты. Бірақ неге екені белгісіз Айдана үш айға жетпей-ақ ән салуға көңілі суып сала берді. Сан алуан сылтау іздеп музыка мектебіне бармауға тырысты. Бала көңілін айтпай-ақ түсінетін анасы бір күні отағасы Құрметжанға «Сен ештеңе сезіп жүрген жоқсың ба? Біздің Айданочка музыка мектебіне барғысы келмей жүрген сияқты. Бір сөйлесіп көрмейсің бе? Мүмкін өзі қалаған бірдеңесі бар шығар...» деп көңілге түйгенін ақтарды. Сол-ақ екен сол кеште әке

мен бала арасында ашық әңгіме өрбіді. Айдана музыка емес спортпен айналысқысы келетінін айтты. Осы сәттен бастап әке көңілі «Қызымды қай спортқа берсем екен» деген ойға шомды.

Жас кезінде кикбоксингпен айналысып, жалпы спорттың, оның ішінде жекпе-жек өнерінің қыр-сырын едәуір меңгерген Құрметжан Қаулдашев достарымен ақылдаса келе Айданасын каратэға беретін болды. Мұны естігенде Айдана қатты қуанды. Ол үшін бәсеке, жарыс қызық болатын. Табиғатынан нәзік болса да елгезек әрі шапшаң болып өскен өрімдей қыз каратэ жаттығуларына белсене кірісті. Жаттығудан бір қалмайды. Бірнеше жарыстарға қатысып, шынайы жекпе-жектің, спорттық бәсекенің не екенін жете түсіне бастады. Сондай жарыстардың бірін көріп, үйге қайтқан мамасы кешкі астың үстінде бұлқанталқан болды да қалды. Айтары: «Каратэ Айдананың қолы емес. Бір жерін жарақаттайды. Бұл спортың қыз балаға келмейді. Ертең өскенде ұрда-жық болып кетсе қайтеміз...». Қызы мамасына бір, әкесіне бір қарап аң-таң. Кеше ғана «Менің қызым атақты спортшы болады!» деп желпініп қойған анасының бүгінгі қылығына түсінбейтін сияқты. Осы әңгімеден кейін әке мен бала арасында тағы да ашық әңгіме болды. «Қызым, мамаңның айтқаны туралы не ойлайсың, ол дұрыс айтып отырған шығар, шынымен де жекпе-жек қыздар үшін оңай спорт емес қой. Мүмкін жаңа жылға дейін ойланып көрерсің, алты жасқа енді ғана толдың ғой, тағы бір түбегейлі ойланып көрсек қайтеді. Сенің спортты жақсы көретінінді мен жақсы білемін. Бірақ...» деп Құрметжан ойындағысын байыппен жеткізді. Шапшаң қыз жауапты көп күттірген жоқ. «Папа, мен ойланып көрейінші, ойымды ертең таңертең айтамын» деді тақ-тақ етті.

Ертеңіне айтылған сөз жүзеге асты. Төсегінен аса көңілді көтерілген Айдана әкесінің иығына асылып тұрып: «Папа, мен көркем гимнастикаға барайыншы. Менімен балабақшаға баратын бір қыз сонда барып жүр. Маған да кел дейді. Ол маған суреттерін көрсеткен. Жап-жасыл кілемде билеп-секіреді екен. Үйрену онша қиын емес дейді. Қыздардың көбі сонда барады екен...» деп түнімен ойлағанын әкесіне айтып жатыр. Кішкентай құлыншағының мұндай шешіміне қуанып кеткен әкесі болса сол күні-ақ қаланың қай жерінде көркем гимнастика секциясы бар екенін біліп, ондағы жаттықтырушылармен әңгімелесіп, кешкісін үйіне өте көңілді қайтты. Келе сала зайыбын айналшықтап «Ертең Айдананы гимнастикаға апарамыз. Мен бәрін таптым. Бапкерлермен келістім» деп мәз болды.

Семей қаласындағы Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне Айдананы мамасы ертіп барды. Шағын ғана залда оншақты бала жаттығып жүр екен. Бірі доп, бірі лента, бірі ұршық ұстаған кіп-кішкентай қыздар ешкімді елейтін емес. Бапкердің байсалды дауысына құлақ асқан бүлдіршіндер әрбір жаттығуын мұқият орындауға тырысып бағуда. Залға имене басып кірген Евгения Қабиденқызы мен жанары жалт-жұлт еткен Айданаға бапкер апай сәл күте тұрыңыздар дегендей ишарат білдірді. Қол ұстасқан ана мен бала жайлап қана орындыққа жайғасты. Жарты сағаттан кейін ғана үзіліс жарияланды. Сол-ақ екен, мың бұралып, мың иілген қыздар жасыл кілемге жантая жатып, әңгімеге кірісіп кетті. Жүздері бал-бұл жанады.

– Менің есімім Тамара Ивановна болады, - деді жылы шырайлы бапкер Айдана мен анасына жақындап келіп. – Кеше бір жігіт келіп кеткен еді, қызымды гимнастикаға бергім келеді деп, сіздер сол кісілер болатын шығарсыздар. Егер шынымен балаңызды

көркем гимнастикаға бергіңіз келсе, онда ертен таңертеңгі сағат тоғыздан бастап келулеріңізге болады. Ал бүгін біздің немен айналысатынымызды көргілеріңіз келсе, қалыңыздар, көріңіздер...- деген еді Айданың бірінші бапкері Тамара Гагаринова.

Міне, осы сәттен бастап Айдана Қаулдашева көркем гимнастиканың құдіретіне арбалып кете барды. Спорт десе ішкен асын жерге қоятын әкесі Құрметжан қажетті құрал-жабдықтың бәрін сатып әкелді. Гимнастикалық жейденің бірнеше түрін бір-ақ алыпты. Бұған мәз болған Айдана жейделерін қайта-қайта ауыстырып киеді. Үйдің ішін кішігірім спорт залына айналдырып жібергендей болды. Бұл қылығына әкесі де, шешесі де қарсылық көрсетпеді. Өйткені, олар балаларының нағыз жүрекпен қалаған өнерге тартылғанына қуанышты еді.

Айдана ең бірінші жарысына үш ай жаттығып барып қатысты. Бұл – жыл сайын Семей қаласында өтетін «Абай кубогы» жарысы болатын. Әрине, Айдана ресми біріншілікке қатысқан жоқ. Ол осы жарыстың аясында өткен Алматы және Семей қалалары арасындағы жолдастық сайысқа түсті. Абырой болғанда семейліктер өздері секілді гимнастиканың әліппесін енді үйрене бастаған алматылық құрбыларынан басым болып, жеңімпаз болып танылды. Осы жолы Айдана тұңғыш сыйлығын алды. Диплом мен жұмсақ маймыл ойыншығын алған сәтте оның жүрегі алып-ұшып, көзінен бір түйір тамшының қалай сырғанап түскенін де байқамай қалған еді.

Екі жылдан кейін Айдана бірінші разрядты гимнастшы атанды. Алдымен қалалық біріншілікте көзге түсті. Ал облыстық жарыста алдына жан салмай бірінші орынды жеңіп алды. Содан кейін республикалық сайыстарға жолы түсті. Туған қаласындағы дәстүрлі «Абай кубогында» бірнеше рет топ жарды. Осылайша

жыл санап шеберлігі шындалып, тәжірибесі толысып келе жатқан жас спортшыны семейлік бапкерлер үлкен «ұстаханаға» салуды жөн санады. Сөйтіп, Айдана Қаулдашева 2000 жылы Астанадағы Қажымұқан Мұнайтыпасов атындағы спортқа дарынды балаларға арналған республикалық мектеп – интернатқа оқуға жіберілді. Он үш жасар талантты қызды Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Светлана Красникова қол астына алды. Астанадағы жаттығулар, әрине Айдананың шеберлігін еселей түсті. Айналдырған бір жылдың ішінде ол Қазақстан ұлттық құрамасының қатарына қабылданды. Ел чемпионатында бас жүлдені қанжығасына байлап үлгерді. Он бес жасында Азия чемпионы атағын жеңіп алды.

2003 жылы Айдана өз өміріндегі ең үлкен жарысқа қатысты. Венгрияның астанасы Будапештте өткен әлем біріншілігінде ұлттық құрамадағы негізгі гимнастшылар Әлия Юсупова, Аида Красникова және Лола Ероспен бірге ел намысын қорғаған еді. Айтулы сында Айдана доппен өнер көрсетуде жақсы қырынан көрініп, команданың қорына қомақты ұпай қосып берді. Екі жылдан соң Айдана тағы да кезекті әлем біріншілігіне аттанды. Бұл жолғы жарыс соңғы жылдары көркем гимнастикасы қарқынды дамыған Әзірбайжанның бас қаласы Бакуде өтті. Қазақстан қыздары бұл әлем чемпионатында командалық жетінші орынға табан тіреді. Осы көрсеткіші үшін Айдана Қаулдашева халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағына ие болды.

Бұл кезеңде әлемдік көркем гимнастикада ресейлік қыздардың бағы аспандап тұрған еді. Сидней олимпиадасында Юлия Барсукова абсолютті чемпион атанса, өрімдей жасөспірім Алина Кабаева қола жүлдегер атанып, керемет көрсеткішке қол жеткізген-

тін. Сол кезде-ақ Айдана қыз Кабаеваның өнеріне тәнті болып, суперталантты спортшының әр жарысын қадағалап, қызықтап, кәдімгідей жан-тәнімен сүйсініп кеткен. «Алина Кабаева міндетті түрде Олимпиада чемпионы болады! Бұл гимнастшының бойында құдай берген талант бар. Қарап отырыңыздар Кабаева Афины ойындарында алдына жан салмайды. Ал біздің Әлия жүлдегерлер қатарынан көрінетін болады. Папа осыған бәсекелесін бе?» деп ойындағысын әкесіне айтып қоятын. Шын мәнінде Алина Кабаева ХХҮІІІ жазғы Олимпиада ойындарында фантастикалық жеңіске жетті. Ал қазақстандық Әлия Юсупова төртінші орынға табан тіреді. Бірақ дәл осы жарыста Әлия қола жүлдегер болуға тиіс еді. Финалдық бәсекеде қатарынан екі айтарлықтай қателік жіберсе де төрешілер «бүйрегі» украиналық Бессоноваға бұрылып кетті. Егер «таразы» тура болғанда қазақ көркем гимнастикасында жаңа тарихи бет жазылатын-ақ еді.

2005 жылы Айдана мектеп-интернаттағы оқуын бітіріп, Астанадағы Қазақ заң – гуманитарлық университетіне оқуға түсті. Бұл кезең Айдана үшін ең бір мазасыз шақ болатын. Оқуға түсудің машақаты бір жағынан көңілді аландатса, екінші жағынан Катарда өтетін ХҮ Азия ойындары да жақындап қалған еді. Айдана болса ұлттық құраманың негізгі «скрипкаларының» бірі. Бір күн жаттығуды үзуге болмайды. Дегенмен, талантты спортшы екі шаруаның да шашауын шығармай, көздегеніне жетті. Күнімен жаттығу залында төккен тері де ақталды, түнімен көз майын тауысып оқып-тоқыған білімі де зая кетпеді. Осы жылы университеттің заң факультетіне оқуға қабылданды. Ал келесі жылы Дохадағы Азия ойындарында Қазақстан құрамасы чемпион атанды.

Алтын медаль алған асқақ қыздардың қатарында астаналық Айдана Қаулдашева да тұрды.

- Осы жарыста чемпион атанып жеңіс тұғырына көтеріліп, алтын медальдер мойнымызға ілінген сәтте Қазақстанның әнұраны шырқалып кетті. Сонда мен көзіме келіп қалған жасымды тоқтата алмадым. Гимн құдіретін мен тұңғыш рет сонда түйсіндім. Сенің арқанда еліңнің туы көтеріліп, әнұраның шырқалғанда өзінді бақытты сезінеді екенсің. Мен спорт арқылы осындай бақытқа кенелгенім үшін құдайға шүкір деймін, - дейді Азия ойындарының жеңімпазы Айдана – чемпион.

Дохадағы ойындарда Қазақстан гимнастшылары Қытай, Жапония және Корея секілді спорты қарыштаған елдердің қыздарын жолда қалдырды. Қазақстан көркем гимнастикасы тарихында мұндай биік белесті тұңғыш рет бағындырған қыздарымыз - Әлия Юсупова, Айдана Қаулдашева және Мая Зайнуллина болды.

Айдана көркем гимнастикаға көмкеріле жүріп талай елдің дәм-тұзын татты. Мәселен, ол Германия, Австрия, Израиль, Португалия, Түркия елдерінде өткен халықаралық жарыстарда бірнеше мәрте жеңіс тұғырынан көрінсе, Париж, Мәскеу және Рим қалаларында өткен Гран–При турнирлерінің финалында өнер көрсетті.

...Жақында Айданамен жүздесіп қалдық. Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасында жүр екен. Көрген жерден – Айналайын, Айдана, қайдан жүрсің, қал қалай? - деп сауалдата жөнелдім.

- Рахмет! Жағдай жаман емес. Қазір оқудың қамымен жүрмін. Құдай қаласа, диплом алып қаламын. Бос уақытымда спорт басқармасына соғып, болашақ жұмысыма байланысты тәжірибе алып жүрмін. Менің

мамандығым заңгер ғой. Негізі спорт саласындағы маман болғым келеді.

– Көркем гимнастиканың көмбесіне жеттің бе, әлде әлі де көздеген биігің бар ма? – дедім тағы бір сұрақтың тізгінін ағытып халықаралық дәрежедегі спорт шебері қарындасыма.

– Спорт менің өмірлік салтым болып қалыптасты, аға. Сондықтан мен қалған өмірімде де спорттан алыстамайтын шығармын. Спорт мені өсірді, спорт мені еркелетті, сонысымен қатар спорт мені қатты қинады. Көркем гимнастика ең әдемі спорт болғанымен, адамның «жанын шығаратындай» қиын спорт қой. Мәселен, менің ондаған жыл бойы ішкен тамағым өлшеулі, жүріс-тұрысым шектеулі болды. Өйтпесең гимнастикада ешқандай жеңіске жетуге болмайды. Мұндай өмір салтын үнемі сақтай білетін адамдар сирек болады деп ойлаймын. Қазір ойлап отырсам мен нағыз жанкешті спорт жолын өткен екенмін. Ең бастысы, алған бетімнен қайтқан жоқпын. Қазақ елінің мерейін көтеруге өз тарапымнан үлес қосқан екенмін. Яғни, көп жылғы төккен терім мен жұқарған жүйкем, бәрі – бәрі зая кетпейті. Мен соған қуанамын. Тағы бір сөз айтайын ба? ...Менің спорттағы бар жеңістерім алдымен бірінші жаттықтырушым Тамара Гагаринованың еңбегі деп білемін. Ол кісі менің көркем гимнастикаға деген сүйіспеншілігімді оятты, осы спорттың әліппесін үйретті. Ал Светлана Красникова мені халықаралық дәрежедегі спорт шеберіне дейін өсірді, – дейді табиғатынан нәзік, ерік-жігері берік жаратылған талантты гимнастшы Айдана Қаулдашева.

Осындай ел намысы үшін жанқиярлық еңбегімен еленген, алаштың көк байрағын әлем аспанында желбіреткен, қасиетті әнұранымызды төрткүл дүниеге әулеткен. Қазақстан спортының тарихына жаңа

жетістіктер қосқан казак қыздарына қалай қайран қалмассың, қалай ғана айналайын деп алақанға салмассың?!



АСАН БАЗАЕВ

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

Қазақстан чемпионы – 2003, 2004, 2005, 2008 ж.ж.

Жастар арасындағы Азия чемпионы – 2004 жыл. / Қытай/.

«Тур де Лавенир» көпкүндік бәйгесінің қола жүлдегері – 2004 жыл. /Франция/.

«Тур Германия» велобәйгесінің жеңімпазы – 2006 жыл. / Германия/.

ШАРТАРАПТЫ ШАРЛАП ЖҮР

Қазақстан велоспорты қандай деңгейде? Әлемдік аренада қазақ шабандоздарының көрсеткіші қандай? «Міне, біздің чемпиондар!» деп мақтанатын спортшыларымыз бар ма? Ойды ой қозғап еліміздегі велоспорт тарихына үңіле түстік. Бар екен. Аз болса да, ауыз толтырып айтатын жетістіктеріміз жоқ емес.

Велоспорттағы жеңістерімізді тізбелей бастағанда алдымен Марат Сатыбалдинов еске түсті. Бұл – Қазақстаннан, қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы. Қызылорданың көшесінде велосипед теуіп үйренген қазақтың қарасирақ баласы 1989 жылы Францияда өткен әлем біріншілігінде ғаламат жеңіске жеткен еді. Мартинидің тас жолында Мараттың сондағы зулағаны-ай. Құдды бір желден озғандай жүйткіді-ау... Тағы кімің бар дейсіз бе?! Бар – Александр Винокуров! Азия және әлем біріншілігінің жеңімпазы, ең бастысы Винокуров Олимпиада ойындарында жұлде алған бірінші қазақстандық велошабандоз. 2000 жылы Сиднейде 239,4 километрлік жарыста ол екі дүркін Олимпиада чемпионы неміс Ян Ульрихке небары 0,17 секунд ұтылып, күміс жұлдегер атанған еді. Сондай-ақ Кашечкин, Тетерюк, Иглинский секілді спортшылар да Қазақстан велоспортына ақжолтай жеңістер әкелген сайыпқырандар.

Ал, енді бүгінгі таңда әлемнің түпкір-түпкірінде ел намысын қорғап жүрген жігіттерге келер болсақ, астаналық Асан Базаев өз шеберлігімен де, нәтижелі көрсеткішімен де көзге түсетін жұлдыздардың біріне

айналып келеді. Бұрынғы Целиноград қаласында, қазіргі Астанамызда туған Асан жақында ғана әйгілі «Тур де Франс» көпкүндік бәйгесінде «Астана» клубының намысын қорғап қайтты. Төрткүл дүние көз тіккен осы байрақты бәсекеден кейін Қазақстанның халықаралық дәрежедегі спорт шеберімен әңгімелесудің сәті де түскен еді.

– *Асан, бірінші сұрағым әдеттегідей болсын, велоспортқа қалай келдің? Басқа спорт түрлеріне ықыласың болмады ма?*

– Велоспорт?! Қалай бастап едім өзі... Шынымды айтсам, мен велоспортқа ойламаған жерден келдім. 11 жасқа енді толған кезім болатын, бір дос баламен кездескенімде ол маған велоспортқа баратынын айтты. Өте жақсы спорт екен деп мақтады ғой. Ал мен болсам бұл кезде жүзумен айналысып болып, гимнастикамен шұғылданып жүрген едім. Екі жылдай гимнастикаға бардым. Разрядым да бар. Бірақ аяқ астынан бапкерім Ресейге көшіп кетті. Содан мен де гимнастиканы доғардым. Міне, осы бір не істерімді білмей, мектептен кейін ішім пысып жүрген кезімде әлгі досымның кездескенін айтсаңызшы?! Бір сөзбен айтқанда, менің тағдырым сол кездесуден соң біржола велоспортқа бұрылды. Айтпақшы, күреспен де біраз шұғылданғаным бар. Неше түрлі әдістерді әжептәуір меңгеріп алған едім. Бірақ соның бәрінен велоспорт жүрегіме қонды ғой. Алайда, менің қазіргі жетістіктеріме сол балалық шағымда айналысқан жүзу де, гимнастика да, күрес те өзіндік әсер етті деп ойлаймын. Жалпы мен велодан басқа футбол мен хоккейді де қатты ұнатамын. Әрине, қызуқанды жанкүйермін. Әсіресе, әлем чемпионатының ойындарын тапжылмай көремін.

– *Велосипедті мінген екенсің, алғашқы жүздең есіңде шығар. Бапкерің кім болды?*

– Бірінші бапкерім Александр Кочетков болды. Бұл кісі елімізге танымал маман. Егер осы бапкер болмағанда менің кәсіпқой велоспортшы болуым екіталай еді. Олай дейтінім, қай спортта болсын фундаментті қалау өте маңызды ғой. Ал, енді алғашқы жарыстар, бірінші жүлделер туралы айтар болсам, мен велосипед секциясына келгеннен кейін екі аптадан соң ақ қалалық жарыста жеңімпаз атандым. Осы сәтте мен өзімнің дұрыс таңдау жасағанымды түсіндім. Содан соң жарыстар бірінен соң бірі басталды ғой.

Менімен бірге қазір «Астана» клубының белді шабандозы болып жүрген Максим Иглинский де айналысты. Өте талантты, өте еңбекқор жігіт қой. Бапкеріміз Александр Леонидович екеумізді ерекше тәрбиеледі десем болады. Ол кісінің жаттығуында тәртіп деген темірдей болатын. Біз соған қалыптасып алдық. Шаршағанымызды білдірмейтінбіз. Бірақ бапкеріміз біздің шаршағанымызды өзі-ақ сезіп, арқамыздан қағып «демалындар, ептеп қыдырындар» деп бір-екі күн демалдырып алатын еді. Сөйте жүре біздің бос уақытта немен айналысып жүргенімізді біліп жүретін. Ата-аналарымызбен қарым-қатынас ұстай білетін. Осының бәрі біліктілік, көрегендік деп ойлаймын.

– Асан, отбасың жайында айтып өтсең, сірә, ағайындарыңның арасында өнеге көрсетерлік спортшылар да болған шығар?

– Жоқ. Біздің үйде ешкімнің спорттан хабары жоқ десем де болады. Әкем өмір бойы жұмысшы болып келеді. Мамам да қатардағы медик. Туыстарымның ішінде де алып бара жатқан спортшы жоқ. Бірақ әкем мен шешем менің жарыстарда жеңе бастағаным көздері жеткен сайын маған басқаша қарап, керек-жарағымды алып беретін болды. Әлі есімде, әкем ең

бірінші жарыста чемпион болғанымда, екінші күні велосипед сатып әнерді.

– *Кәсіпқой велоспортқа қай уақыттан бері кірістің? Қалай дегенмен «Тур де Франс», «Вуэльта», «Джиро де Италия» секілді про-тур жарыстарына қатысу әркімнің қолынан келе бермейтін жетістік деп ойлаймын.*

– Дұрыс айтасыз. Сіз айтып өткен жарыстардың бәрі бір-бір әлем чемпионаты десе де болады. Бірақ мен әзірге бұл жарыстарда жүлдегерлер қатарынан көрінген жоқпын. Әрине, командалық есепте өзімді жүлдегер деп айтуыма болатын шығар. Ал енді кәсіпқой велоспортқа қалай қадам басқанымды айтар болсам, 2006 жылы Грекияда өтетін әлем чемпионатына дайындалып жүргенбіз. Осы кезде маған Испанияның «Либерти Сегурос» клубының менеджері телефон соғып, менімен бір жылға шартқа отыруға ұсыныс жасады. Мұндай мүмкіндік күнде жасала бермейді ғой. Бірден келістім. Қазақстан ұлттық құрамасының басшылары менің бұл шешіміме қарсылық білдірген жоқ. Қайта қуанғандай болды. Сөйтіп мен әлем біріншілігіне де қатыспадым. Есесіне Испанияның белді командасында өнер көрсетуге мүмкіндік алдым. Клуб басшылығы мені бірден ағылшын және испан тілін оқытатын курсқа тіркеп қойды. Ағылшын тілін бұрын да едәуір білетін едім. Ал испан тілі туралы тіптен түсінігім де жоқ болатын. Сөйтіп сол курстар арқылы екі тілді де меңгеріп алдым. Қазір мен төрт тіл білемін, қазақша, орысша, ағылшынша және испанша кіммен болса да еркін сөйлесе аламын.

– *Қазір «Астана» вело клубында өнер көрсетіп жүрсің, бұл команда соңғы үш жылда әлемдегі ең мықтылардың қатарына қосылып кетті ғой. Осы орайда өз клубың туралы ойыңды білсек, қалай қарайсың?*

— Иә, «Астана» велоклубы бүгінгі таңда әлемдегі ең мықты командалардың бірі болып отыр. «Вуольта», «Джиро де Италия» және «Тур де Франс» көпкүндік велобәйгелерінің жеңімпазы. Бұдан артық қандай көрсеткіш болуы керек?! Ал, енді команданың құрамына келер болсақ, тіптен керемет деуге болады. Альберто Контадор, Лэнс Армстронг, Андреас Клоден... Не деген есімдер, шетінен жұлдыздар! Бәрі де «Протур» жарыстарын бірнеше рет ұтқан мықтылардың өзі. Олимпиада ойындарының чемпиондары. Мәселен, Армстронг «Тур де Франсты» жеті рет жеңіп алған сайыпқыран. Бұларға өзіміздің Винокуровты, Кашечкинді қосыңыз. Ал қазақстандық жас спортшылардан менімен үзеңгілес жүрген Фафанов, Иглинский, Дмитриев, Райымбеков секілді жігіттер бар. Осы жігіттердің бәрінің жұлдызды келешектері алда деп ойлаймын.

— *Асан, өзің айтқан жұлдыздардың қатарында қатар шабу да оңай емес шығар?*

— Әрине, оңай емес. Мен айтып өткен жұлдыздардың бәрінде амбиция деген жетіп артылады ғой. Бірінен бірі өткен сайыпқырандар емес пе?! Олардың арасында өзара бәсекеде жүріп жатады. Шынын айту керек, біз болсақ әзірге осылардың көлеңкесінде келеміз. Мәселен, менің көктемде өткен «Люксембург туры» ұтуға мүмкіндігім болды. Үшінші этапқа дейін мен «сары майканы» кидім. Яғни, жалпы есепте бірінші орынға шыққан едім. Егер осы кезден мені командаластарым қолдап жібергенде мен чемпион болар едім. Өкінішке қарай, тек өз жерлестерім ғана менің жеңгенімді қалады, қалған шетелдік командаластарым қайта балағымнан тартқандай болды. Үшінші этаптан соң лидер майкасын біздің швейцариялық Грегори Раст киді. Бір қынжылтқаны Раст сары майкасына «Астана»

клубының жарнамалық логотипін тақпай шықты. Бұл олардың, яғни шетелдік «астаналықтардың» жалақыны кешіктіріп беруіне байланысты жасаған наразылықтары болды. Абырой болғанда екі күннен кейін мен тағы бірінші орынға шықтым да, сары майканы қайта кідім. Сонда менен жарысты ұйымдастырушылар жарнамалық логотиптерді майканызға орналастырасыз ба деп сұрады. Мен болсам «Астана» логотипі міндетті түрде болады» деп жауап бердім. Осы жағдай үшін клубтың бас менеджері Иоханн Брюнелль мырза менімен сөйлеспей қойды. Мен болсам «Астана» жалауын желбіретіп жарысты әрі қарай жалғастыра бердім. Қырсыққанда мәреге шамамен 30 шақырым қалғанда оңбай құладым. Бір жағынан жаңбыр да толассыз жауып тұрған еді. Мен бірақ тез тұрып, жылдам жинақталдым да қайта зуылдай түстім. Алайда менің құлағанда жоғалқан минуттарым «өзіміздің» Андреас Клоденға майдай жақса керек, ол соңғы тауға беттер қашықтықта барын салып ышқынды. Жалпы, неміс шабандозы таулы емес, жазықта шапшаң шабатын шебер саналатын. Мен керісінше, тауға қарай жақсы жүремін. Бірақ амал не, менің құлап қалғаным өкінішті-ақ болды. Осылайша маған жеңісті қызғанғандығы соншалық Клоден тау-тасқа қарамай алға басты ғой. Сөйтіп атақты командаласым менің жолымды қиып кетті. Егер ол сәл-пәл ғана кідірсе, Астананың баласы чемпион болар еді. Міне, велоспортта осындай жағдайлар да болып тұрады. Соның бәріне шыдап келеміз. Ал шыдамасаң, онда велосипедті қаңтарып тастау керек. Менің мақсатым болса басқаша, мен үлкен жарыстарда жеңіс тұғырынан көрінгім келеді. Құдай қаласа, мақсатыма жетпей қоймаймын.

– Александр Винокуровпен қарым-қатынасың қалай, команданың лидері ретінде ақыл-кеңесін беріп тұратын шығар?

– Винокуров тек қана Қазақстан велоспортының жұлдызы емес, оның беделі әлемдік деңгейде де биік. Бізге әрқашан көмектесіп жүреді. Қазір оның жасы 37-де, соған карамастан ол «Астана» клубының мерейін өсіруге бар күшін салатынын білеміз. Атақты жерлесіміз біраз қиындықтарды да бастан кешті емес пе?! Допинг туралы мәселе оның жүйкесін біраз жұқартқаны сөзсіз. Александр – жігіттің төресі ғой! Қандай қиянатты көрсе де, не майыспады, не қайыспады. Қайтадан велосипедке отырды. Ол өзінің чемпиондық деңгейін тағы да дәлелдегісі келеді. Ол оның қолынан келеді. Өйткені, онда «жұлдызды ауру» деген жоқ. Бізбен қашанда қарапайым қалпымен араласады. Бізді де жеңіске жігерлендіре түседі. Осындай ағалар тұрғанда қалай ғана намыстанбай тұрасың?! Біз де жеңіске жетуіміз керек.

– Бәрекелді, Базаев бауырым, сенің әзірге ең басты жетістігің осы – жеңіске ғана, тек жеңіске ұмтылу. Халықаралық жарыстарда саған Қазақстанның чемпионы ретінде қандай да бір басымдық немесе жеңілдік қарастырыла ма?

– Про-тур жарыстарында ешкімнің бұрынғы атақ-абыройына қарамайды. Барлық қатысушы бірдей жағдайда болады. Өйткені, мұндай жарыстарға қатысуға құқық алғанның өзі үлкен мәртебе саналады. Менін ойымша, «Тур де Франс» немесе «Вуэльта» көпкүндік бәйгелеріне қатысқан адам орасан тәжірибе алумен қатар, керемет күшке, рухани басымдыққа ие болатын сияқты. Өз басым осындай жарыстардан кейін біршама есейіп кеткендей сезінемін. Келесі жарысты асыға күтемін. Неге екенін білмеймін, әйтеуір бір үлкен жеңіске жететінімді сеземін. Сол үшін барымды саламын. Ал Еуропаға келгелі қол жеткізген жетістіктерімді айтар болсам, мен үшін 2006

жылы кәсіпқой велоклубқа алғашқы келген кезімдегі «Тур Германия» жарысын ұтқаным өте ыстық болып көрінеді. Сондай-ақ мен «Тур де Франстыц» жастарға арналған «Тур де Лавенир» жарысында да қола жүлдегер атанған болатыным.

– *Асан, сенің Еуропаға қоныстанғаныңа да үш жылдың жүзі болып қалыпты. Целиноградта туған, Астанада спортшы болып қалыптасқан қазақ баласының «кәрі құрлықтағы» тұрмыс-тірлігі қалай өтіп жатыр екен? Үйленген екенсің, келін қай жақтан болады, елдегі ағайындарыңмен қарым-қатынасың қалай?*

– Жаттығудан, жарыстан қолым қалт еткенде үйге тартып отырамын. Үй-ішіндегілерді де, қаланы да тез сағынамын. Шамамен жарты жылда бір рет Астанаға келіп кетемін. Ал телефон арқылы жиі хабарласып тұрамыз. Менің кішкентай ұлым бар ғой. Атын Алан деп қойдық. Келін дейсіз бе, ол кісі де өзіміздің қаладан ғой. Екеуі жақында Ниццаға келіп кетті.

– *Балаңызды велоспортқа беретін шығарсыз?*

– Шынымды айтсам, егер ол менен сұрайтын болса, велоспортқа жолатпас едім. Өйткені, мен бұл спорттың қаншалықты қиын, қаншалықты дау-дамайлы екенін көріп келе жатырмын ғой. Одан да футболға барғанын калар едім. Әрине, ұлымның өзі спортшы болғысы келсе.

– *Францияның салт-дәстүріне үйреніп алған шығарсың, бос уақытыңда, әрине, егер болып жатса, немен айналысасың?*

– Бос уақыт болып тұрады. Біздің жаттығулар немесе жарыстар өте қатаң кестемен жүреді ғой. Белгілі мерзімде талапқа сай тер төгіп, жаттығу мақсатын орындасаң болғаны. қалған уақытты қалай өткізу өз еркінде. Негізінен бір мезгіл қалаға шығып қыдырып

қайтқанды ұнатамын, содан кейінгі ермегім кітап оқу, одан қалса шет тілдерін үйренуге талпынамын.

– *Иә, қандай жанрды ұнатасың, соңғы оқыған шығармаң қайсы болды?*

– Мен Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің түлегімін. Мамандығым бойынша туризм саласының менеджерімін. Жалпы мен фантастикалық кітаптарды оқығанды ұнатамын. Терри Гудкайнттың 14 томын бітірдім. Шекспирді де оқып шықтым. Булгаковтың «Мастер и Маргаритасы» маған өте әсер етті. Қазіргі кезде Шыңғыс Айтматовтың толық шығармаларын оқып жүрмін. Кітап оқығанның мұндай қызық болатынын бұрын білмеппін.

– *Асан, жоғары деңгейлі велосипедші болу үшін қандай қасиеттер керек деп ойлайсың?*

– Бірінші кезекте талант болу керек шығар. Содан кейін – жанкештілік, еңбеккорлық. Үлкен спортта командаға сеніп немесе әйтеуір бір женетін шығармын деп босбелбеу жүріп жеңіске жету мүмкін емес. Спортта әлемдік биік көрсеткішке қол жеткізу үшін жеке өмірінде біраз «құрбандық» жасауға тура келеді. Онсыз ештеңе шықпайды.

– *Велоспорт сен үшін негізгі жұмыс па, ақша табудың көзі ме дегенім зой, әлде сүйікті ісің бе?*

– Қалай десем екен?.. Сірә, бұл менің жүрегім қалаған сүйікті ісім болар. Ал ақша табу деген қай жұмыстың болса да басты нысанасы емес пе?! Мен егер велосипедші болмасам да, кабинетте отырып жұмыс істейтін маман болмайтыным анық. Өйткені, маған үнемі күрес керек, жарыс керек.

– *Қазір біздің елімізде велоспортқа деген ықылас көтеріліп тұр, бұл, әрине «Астана» велоклубының әсері екені сөзсіз. Әсіресе, балалардың қызығушылығында шек жоқ десе болады.*

– Бұл жақсы ғой. Көптің ішінен бірді-екілі жұлдыздар шығып жатса да қуанар едік. Қазір бұрынғыдай емес қой, бала кезімізде велосипедті қалған-құтқан саймандардан құрастырып алатын едік қой. Ал бүгінде айналысамын деген адамға велосипедтің де, құрал-жабдықтың да неше түрі бар ғой. Тек велоспортқа арбалатын балалар көбейе берсін дейік.

– *Олай болса велосипедке жаңа арбалып жатқан жасөспірімдерге қандай тілек айтар едіңіз?*

– Әркімнің тағдыры өз қолында деп ойлаймын. Құдайға шүкір, бүгінде барлық жағдай бар ғой. Қазақстанның велоспорт федерациясы еліміздің барлық аймақтарында осы спортты дамытуға, сондай-ақ елдік брэндімізге айналған «Астана» клубын да жан-жақты қолдауға бар мүмкіндігін салып жатыр емес пе?! Сондықтан үлкен спортта жеңіске жетемін деген адамға ақжолтай жол ашылып тұр деп есептеймін. Тек жігер мен ұмтылыс болсын. Мәселен, мен велосипедке қатыса бастағанымда біздің топта 60 бала болған еді. Солардан Максим Иглинский екеуміз ғана кәсіпқой деңгейіне жеттік. Басқалары қайда жүр? Менің ойымша, Макс екеуміздің шыдамымыз мықты, жүйкеміз салмақты болған сияқты. Әйтпесе біз де жолдан шығып қалар едік қой. Қысқасы, әр адамда келешекке деген сенім болу керек. Ал өзіңе өзің сенбесең, онда қанша тырыссаң да ештеңе өнбейді. Осы аксиомаға көзім жеткен соң айтып отырмын.

– *Алда қандай жоспар бар, Асан чемпион?*

– Алдағы жылы Қазақстан чемпионатына міндетті түрде қатысамын. «Вуэльта» көпкүндігі және әлем біріншілігі бар. Одан кейінгі жоспарларды өз уақытында жасайтын боламын. Ал алдыма қойған мақсатыма жеткен соң туған қалам Астанаға қайтып ораламын. Менің шетелде жүргеніме үш жылдай болып қалды ғой,

бірақ маған өз елімнен, өз қаламнан асқан ештеңе жоқ сияқты болып көрінеді. Басқа елде тұра алатын адам емеспін. Неге екенін білмеймін, елге, Астанаға тартады да тұрады.

– *Төрткүл дүниені түгел шарлап шық, Асан шырақ!*



ҒАНИ СЕЙІТДАЕВ

Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері.

Жасөспірімдер және жастар арасындағы республика біріншілігінің бірнеше дүркін жеңімпазы.

Қазақ күресі, самбо және дзюдо күрестерінен Қазақстанның чемпионы.

Азия чемпионы – 2005, 2007 ж.ж. (Моңғолия, Ресей).

Қазақ күресінен әлем чемпионы – 2006, 2008 ж.ж. (Қытай, Ресей).



“Астана-Арена” стадионында өткен алғашқы матч





Олимпиада финалына шыққан сәт



Атақты Гроллдың басы жерге қадалды



“Астана” велоклубының сайыпқырандары: А. Базаев, М. Иглинский, А. Винокуров



*Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері
Ғани Сейділдаев*



*Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының
президенті Серік Түкеев Ғани балуанға дән риза*



Ғани екінші мәрте, әріптесі Ерлан Естек бірінші рет әлем чемпионы атанған сәт




Әлемнің абсолютті чемпионы Сейділдаев жаттығу кезінде



Талғат Жайлауов 2007 жылдың үздік хоккейшісі



Жайлауов "Салават Юлаевқа" гол соқты



Айдананың Азия ойындарының чемпионы болған сәті





Астаналық гимнастшы Айдана Қаулдашева әлем кубогы жарысында





Асан Базаев “Тур де Франс” көпкүндүк велобайге жолунда




Астана әкімі Иманғали Тасмағамбетов Олимпиада жүлдегеріне пәтер сыйлады



Астанада Житкеевтің дзюдо залы ашылды



Аларконмен өткен екінші жекпе-жек



Күнделікті жаттығу – жеңіс кепілі



Банкер Бейбіт Масабаев шәкіртімен



*Қазақстанның мемлекеттік жаттықтырушысы
Болат Абдрахманов ұлттық құрама боксшыларымен*



Қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы, халықаралық гроссмейстер Дәрмен Садуақасов әлем чемпионы әйгілі Каспаровпен терезесі тең ойын көрсетті



Ел байрағын биікке көтерген сайыпқырандар шахматшы Дәрмен Садуақасов, боксишы Ермахан Ибраһымов, ауыр атлет Анатолий Храпатый



«Барыс» хоккей клубы КХЛ чемпионатында





“Қазақстан” – халықаралық жарыстар аренасы



ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ҚАҺАРМАНЫ

Күрес десе ішкен асын жерге қоятын қарға тамырлы қазағымыз табиғатынан күреске жақын халық. Кәдімгі балуандар күресін айтамыз. Кезінде Қажымұқан бабамыз төрткүл дүниеде қара күштің құдіретін танытқаны тарихта жазылып тұр. Күш атасы атанған сол балуан атамыздың салып кеткен жеңісті сара жолын бүгінгі ұрпақтар да сәтімен жалғастырып келеді. Қазақ спортының тарихын парақтай түссек, әрідегі Балуан Шолақ пен Иманжүсіптің өнеріне тәнті боламыз. Содан бері де күрестің әр түрлерінен Әбілсейіт Айханов, Жақсылық Үшкемпіров, Шәміл Серіков, Дәулет Тұрлыханов, Қанат Байшолақов, Мәулен Мамыров, Асхат Шахаров, Бақтияр Байсейітов, Асхат Житкеев, Нұрбақыт Теңізбаев секілді балуандардың бұрынғы Одақта, қазіргі әлем спортында жеңіс тұғырынан көрінгенін қайта-қайта есімізге алып марқаямыз.

Біле білсек, қазақ жігіттері күрестің қай түрі болмасын тез меңгеріп алады. Еркін күрес, грек-рим, дзюдо, самбо дейсіз бе, бәрінде қазақ жігіттерінің бағындырмаған белесі жоқ десе болады. Бір айтарлығы, Олимпиада ойындары мен әлем, құрлық чемпионаттарында топ жарған балуандарымыздың көпшілігі күрестің әліппесін өзіміздің ұлттық қазақ күресінен бастағаны зайыр.

Бүгінде Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі болып жүрген белгілі балуан Ғани Сейділдаев та үлкен спортқа деген жолын шалғайдағы ауылда қазақ қазақ күресінен бастаған. Ол – қазақ күресінен еңбек сіңірген спорт шебері болса, дзюдо және самбо күрестерінен Қазақстанның спорт шебері.

..Ғаниды күрес кілеміне алғаш рет Жолсейіт ағасы әкелді. Әкелгенде Жолсейіттің өзі де балуан еді. Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлтолған ауылында бір топ баланы жинап алып, ауыл мектебінде күрестіріп жүретін. Бірақ, бала кезінен доп қуалағанды қалап өскен Ғани күреске 13 жасқа толғанда ғана бет бұрды. Оның өзінде ағасының «қаһарынан» қаймығып барып көнген еді. Балуан әрі бапкер болып жүрген ағасының бірде «Қазақтан футбол ойнап әлем чемпионы болғанды көрдің бе? Сен артық сөзді қой, ертеңнен бастап залға келетін бол, шындап айналыссаң кем дегенде Азияның чемпионы болатын қабілетің бар...» деген сөзі бала Ғанидың ала допқа арбалып бара жатқан қиялына тұсау салғандай болды. Міне, содан бері Сейділдаевтар әулетіне тағы бір балғын балуан қосылды. «Ештенкеш жақсы» деген емес пе?! Айналырған бір жылда Ғани аудандағы өзімен тұстас балалардың бәрін дерлік жеңіп шықты. Содан ағасы балуандыққа біржола бет бұрған інісін өзінен де тәжірибелі бапкер, әрі досы Тайжан Қозыбековке тапсырады. Жаңа бапкерден бір жылға жуық тәлім алған Ғани 11 сыныпқа көшкенде Тараз қаласына келеді. Мұнда ол қазақтың белгілі балуаны Сәлкен Жартыбаевтың қол астында жаттығады. Қазақ спортына талай дарабоз спортшыларды сыйлаған Жамбыл жерінде облыстық жарыстың өзі өте бәсекелі өтеді. Әсіресе, бокс пен күрес дегенде жамбылдықтардың жөн-жобасы бөлек болатын. Сайысқа Жамбылдың сайыпқыраны түссе болды ел болып шашбауын көтеріп ала жөнеледі. Жерлестерінің осы қасиеті Ғаниға өте ұнайтын, сондықтан ол әр жарыста намысты қолдан бермеуге тырысатын. Қай жарысқа барса да әр белдесуіне ең басты күресіндей баптанып шығатын. Жеңіліп қалса түр-әлпетінен қан жоғалып, сұп-сұр болып шыға келеді. Бұл нағыз намысқой жігіттердің бойында болатын қасиет екенін біз бұрыннан білеміз. Ғани жасына жас қосылған сайын облыстық және республикалық жарыстарда топ жарады.

Мектепті бітірген жас балуан алдында үлкен таңдау тұрды. Бапкері мен ағалары келісе отырып, Ғаниді елордасы Астанаға жіберуге келіседі. Балуандықты өміріне мұрат еткен жігітке әрине, жоғары оқу орнына түсу де арман еді. Бұл арман да орындалды. Ғани Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті атанды. Ендігі мақсат – оқумен қатар күреске шындап кірісу. Содан Астанадағы тәжірибелі бапкердің бірі Иманзайып Сатыбалдиновке жолығып, жаттығуын бастап кетті.

Боз кілемге шыққанда арқасы қозып жүре беретін Ғани Сейділдаев жаттығудан бір жалықпай, қазақша күрестен басқа дзюдо және самбо күресінің қыр-сырын қатар меңгере берді. Көп төгілген тердің ақталатын кезі де келді. Жасөспірімдер жарыстарында әбден ысылып болған Ғани енді жастар арасындағы турнирлерге түсетін болды. 1998 жылы алғаш рет жастар чемпионатына қатысып, қазақ күресінен және самбодан республика чемпионы атағын жеңіп алды. Бұл жетістігін келесі жылы да қайталады.

2000 жылы Орал қаласында самбодан әлем кубогы сарапқа салынған еді. Міне, осы жарысқа Ғани балуан да қатысып, қола жүлдегер атанды. Ал, Азия біріншілігінде финалға дейін жетіп, күміс жүлдеге қол жеткізді.

... Жалпы ұлттық күресіміздің тарихи үрдісі туралы айтар болсақ, шынын айту керек қазақ күресі ертеректе ойын-тойдың көркін ашатындай деңгейде ғана болғаны жасырын емес. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қазақ күресінің тұғыры тіктеліп, республика спортының басықасында жүрген бірқатар азаматтар ұлттық күресіміздің беделін халықаралық деңгейге көтеруді мықтап қолға ала бастады. Сондай ұлтжанды жанашыр азаматтың бірі – Серік Төкеев десек жарасады. Ол өз жанына қазақтың жанашыр да жомарт жігіттерін топтастырып алдымен Қазақстанның қазақ күресі федерациясының бар шаруасын жөнге келтіріп, ел ішінде осы спортты қарқынды дамытуға білек сыбана кірісті. Аз ғана уақыттың ішінде

казак күресінің халықаралық ережесі жасалды. Одан кейін Дүниежүзілік казак күресінің федерациясы құрылды. Бұл бастаманы әлемнің бірнеше елдері қолдап ала жөнелді. Міне, дәл осы бір казак күресіне деген ықыластың арнасы халықаралық қауымдастыққа енді қосыла бастаған тұста Ғани Сейділдаев та біржола казак күресінің мәртебесін көтеруге бет бұрды. Оның бұл жолдағы көрсеткішіне зер салсаң, казак күресіне сіңірген еңбегі ұшан-теңіз деуге негіз бар. Астаналық балуан 2005 жылы Ресейдің Қосағаш мекенінде өткен тұңғыш Азия чемпионатында қарсыластарының бәрін ұтып, жеңімпаз атанса, келесі жылы Монғолияда өткен құрлық біріншілігінде тағы топ жарды. Ақтық белдесуде Ғани Монғолияның чемпионы әрі түйе балуанын тізе бүктірді. Салмағы 150 килограмм тартатын, елінде лақап аты «Арыстан» аталатын осы балуанды бұрын өз елінде ешкім ұтып көрмеген екен. Ғани болса «Айла алтау, ақыл жетеу» деген аталы сөздің заңдылығын осы белдесуде дәлелдеп берді. Ешқашан жеңілмейтін шебердің жауырынын жер иіскеткен, таза салмағы 90 кг тартатын өзіміздің Ғани болды. Бұл белдесуді көрген казакстандық жанкүйерлердің бірі журналист Бекен Қайратұлы былай деп әңгімелеп бергені есіме түсіп отыр: «Ғани Сейділдаев бауырымыз тек Қазақстан күресіне үлкен жетістік әкеліп қоймай, бүкіл Монғолияның балуандық өнерінде бұрын болмаған оқиғаны жасады. Ол туған жерінде ешкімнен, ешқашан жеңілмеген Сәдеп Мягмасүренді алып ұрды. Ғанидың осы ерлігі оның бүкіл спорттық ғұмырындағы ең бір жарқын жеңісі ғой деп ойлаймын».

Өткен жылы Ғани өміріндегі ең үлкен жеңіске жетті деуге болады. Алдымен ол Президент жүлдесі үшін өткен Қазақстан ауыл спортшыларының спартакиадасында бірінші орынға ие болды. Ал, Алматыда казак күресінен тұңғыш рет ұйымдастырылған әлем чемпионатында ел намысын қорғау Ғани үшін ең жауапты сын болғаны сөзсіз.

Бір айтарлығы, бұл байрақты бәсекеге 56 елден балуандар жиналған еді. Осының өзінен қазақ күресінің беделін аңғара беріңіз. Осы орайда қазақ күресін басқа күрес түрлерінің деңгейіне дейін көтеруді мақсат еткен Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының бүгінгі таңдағы атқарып отырған игі істеріне тек ризашылық білдіруге тиіспіз.

...Балуан Шолақ атындағы спорт сарайының атшаптырым алаңында жайылған боз кілемде екі апайтөс жігіт бір-бірін аңдысып жүр. Бірі астаналық Ғани Сейділдаев. Бұл оның бесінші белдесуі. Әрі соңғысы – бірінші орын үшін күресі. Осыған дейін өткізген бес жекпе-жекте мерейі үстем болған Ғани бұл жолы да қарсыласын алып ұрды. Таза жеңіс. Ғани – әлем чемпионы.

Жылдан жылға мәртебесі биіктей түскен қазақ күресіне деген ықылас тек өз елімізде ғана емес, дүниежүзіне таныла түсті. Ұлттық күресімізді басқа елдерде дамытуға білек сыбанып кіріскен азаматтар табыла бастады. Әсіресе, Ресей, Германия, Швеция, Өзбекстан, Түркия елдерінде қазақ күресі екі-үш жылдың ішінде өрге шықты десе болады. Қазір қазақ күресінен әлем чемпионы атанған балуандардың арасында ресейліктер, немістер де бар. Бірақ қазақ күресіндегі ең биік белесті әзірге біздің Ғани ғана бағындырып отыр. Өйткені, қазақ күресінен екі рет әлем чемпионы болған бір-ақ спортшы бар. Ол біздің сан қырлы балуанымыз – Ғани Сейділдаев.

Қазақ күресінен екінші әлем чемпионаты Ресейдің Орск қаласында өткен болатын. 2008 жылдың қараша айында жалауы көтерілген байрақты бәсекеде әлемнің 26 елінен балуандар сынады. Міне, осы жарыста астаналық Сейділдаев тағы да жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Ғани жай ғана жеңімпаз атанып қойған жоқ, ол қазақ күресінен әлемнің абсолютті чемпионы атанды. Яғни, осы додаға жиналған балуандардың бәрі де салмақ дәрежесіне қарамай қатысуға мүмкіндік алған аламан

айкаста бағы жанды. Бұл жарыстан тағы бір астаналық балуан Ерлан Естек те ерлеп қайтты. Жас жігітіміз 60 кг салмақта топ жарды.

Астана вокзалында әлем чемпиондарын қарсы алу салтанатына куә болғанымыз бар. Сонда халқымыздың дәстүрімен жеңімпаздарға шашу шашылып, құшақ-құшақ гүл шоқтары сыйға тартылған соң Ғаниды әңгімеге тартқан едім.

– Бұл жолғы чемпионат қазақ күресінің халықаралық аренадағы беделі көтеріліп келе жатқанын көрсетті. Ресей, Германия, Швеция елдерінің балуандары біздің ұлттық күресімізді мықтап меңгере бастағанына көзіміз жетті. Бұл қазақ күресі мәртебесінің өскені деп ойлаймын. Ал енді өзімнің көрсеткішім жайында айтар болсам, мен екі салмақта сынға түстім. Содан да болар жеке біріншілікте 90 кг салмақ бойынша күміс жұлдеге қол жеткіздім. Есесіне барлық балуандардың басты бәсекесі – абсолютті салмақта чемпион атандым. Бір жарыстан екі жұлде алып қайтқаным көп жылдарғы төккен терімнің, еңбегімнің жемісі деп санаймын, - деген еді сонда Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Ғани Сейділдаев.

Балуандықты өміріне мұрат еткен Ғ.Сейділдаев дзюдо күресінен де республика чемпионы атағын жеңіп алды. Бірнеше халықаралық жарыстардан жұлдемен оралған.

Ғанидің інілері Ғази мен Нұртаза да балуандық жолды қалаған талантты жастар. Екеуі де қазақ күресі және дзюдо күресінен бірнеше мәрте республикалық және халықаралық жарыстардан жұлделі оралып келді. Қазір де боз кілемде тер төгіп, ағаларына ұқсап әлемдік біріншілікте топ жаруды ойлап жүр.

Жақында елордамыз Астанада тұңғыш рет қазақ күресінен «Түйе балуан» мерекелік турнирі өткен еді. Осы жарыстың барысында Қазақстанның қазақ күресі бойынша мемлекеттік жаттықтырушысы Марат Жақитовпен

жолығыш, біраз әңгіменің тиегін ағыттық. Қазақ күресінің бүгінгі таңдағы даму үрдісіне тәубесін айтқан әйгілі банкер астаналық Ғани Сейділдаев туралы да салиқалы сыр шертті.

– Ғани бауырымыз таулы да, баулы жерде өскен азамат қой. Жуалының жусанды даласында шыныққан жігітімізге дән ризамыз. Ол бүгінде ұлттық күресімізден екі рет әлем чемпионы және осы спорт бойынша Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері болған жалғыз қазағымыз. Ол сондай-ақ дзюдо және самбо күресінен де еліміздің чемпионы болған жан-жақты балуан. Азия чемпионатында да топ жарған саңлағымыз. Бұл жігіттің әлі талай жарыстарда ел намысын қолдан бермейтініне сенімдіміз, – дейді талай қазақ баласының ащы терін сыпырып, балуан етіп өсірген Марат Жақитов мырза.

– 2010 жылы қазақ күресінен әлемнің 3-ші чемпионаты өтеді. Төрткүл дүниедегі мықтылардың бағын сынайтын байрақты жарыс елордамыз Астана төрінде өтетін болып отыр. Құдай қаласа бұл бәсекеде біздің Ғани чемпионымыз да белдеспек. Бәлкім Жуалыдан түлеп ұшып, Астанада қанаттанған Сейділдаев үшінші мәрте «әлемді» мойындатар, – дейді елорда төрінде өткен “Түйе балуан” турнирінен кейін Астана қаласы Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы бастығының орынбасары Әбіл Дөңбаев. Шынымен де ертұлғалы жігіттің ендігі мақсаты да осы екені айқын. Ол қазір жақын арада өтетін кезекті Азия чемпионатына әзірлік жасап жүр. Күніне екі рет жаттығып, шеберлігін шындай түсуде.

Алған бетіңнен қайтпа, сонда саған жеңістің биік шыңы бағына береді, дейміз біз боз кілемге арбалған Ғани балуанға. Тарт алға Қажымұқанның намысқой ұрпағы.



ТАЛҒАТ ЖАЙЛАУОВ

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

Қазақстанның чемпионы – 2006, 2007, 2008 ж.ж.

*Ресей чемпионатының (жоғары лига) күміс жүлдегері,
үздік шабуылшысы – 2007 жыл.*

Қазақстанның үздік хоккейшісі – 2008 жыл.

Әлем чемпионатының финалдық турниріне қатысушы.

Континенталдық хоккей лигасының (КХЛ) плей-офф ойындарына қатысушы.

ЖАРАЙСЫҢ, ЖАЙЛАУОВ!

Хоккей!.. Спорт әлеміндегі ең тартысты да, қызықты бәсеке. Канаданың ұлттық спорты ретінде басталған хоккей бүгінгі таңда бүкіл әлемдегі ең мәртебелі спорттың бірінен саналады. Тарихқа үнілсек, өткен ғасырдың басында канадалықтар ешкімге дес бермейтін. Бара-бара бұл ойынды Еуропа да, Азия да меңгеріп алды. Қазір олимпиада ойындары немесе әлем біріншілігінде Канадамен қатар Ресей, АҚШ, Чехия, Швеция, Финляндия, Словакия және басқа да елдердің құрамалары бірінен-бірі өткен қарсылас болып отыр. Солардың қатарына Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан құрамасы да қосыла бастады. Біздің елдің ұлттық құрамасы екі рет әлем біріншілігінің ақтық жарысында, сондай-ақ бір рет олимпиада ойындарының жүлдесі үшін сайысқа түсті.

Кейінгі бес жылдың көлемінде Қазақстанда ұлттық біріншілік те қызып келеді. Әсіресе, Ресей чемпионатына қатыса бастаған Астананың «Барыс» және Өскеменнің «Торпедо» командалары біздің елімізде клубтық хоккейдің деңгейі көтеріле бастағанын айғақтап отыр.

Бүгінгі таңда Континенталдық Хоккей Лигасында ел намысын қорғайтын елордалық «Барыс» клубы тұтастай Қазақстанның брэндіне айналды десек, артық айтқанымыз емес. Қазақстан хоккей федерациясының президенті Асқар Мамин ұлттық құрама мен астаналық клубтың халықаралық аренада жоғары деңгейде өнер көрсету үшін жан-жақты жағдай туғызып, шайбалы хоккейді қазақстандық та спорт түрі етуге бастама көтеріп отыр.

Бұл ретте алға қойылған мақсат та, міндет те біртіндеп орындалып келеді. Соның бір айғағы – Қазақстан ұлттық құрамасының соңғы әлем чемпионатының финалына жолдама алуы, сонымен қатар «Барыстың» биылғы маусымда КХЛ-дың плей-офф ойындарына шығуы.

«Барыс» хоккей клубының сапында өнер көрсететін белгілі хоккейшіміздің бірі – Талғат Жайлауов. Өскеменнің хоккей мектебінен тәлім алған, шеберлігі толысқан шақта елордалық клубқа қосылған Жайлауов бүгінде тек қана «Барыстың» ғана емес, Қазақстан ұлттық құрамасының да белді ойыншысына айналды.

Жақында Талғат Жайлауовпен кездесіп, ұлттық хоккейдің, астаналық клубтың жайы туралы біраз әңгімелескен едік.

– Талғат, хоккейді қайда бастадың, қалай бастадың?

– Хоккейге 8 жасымнан бастап кірістім. Мен еліміздегі бұрынғы «хоккей отаны» саналған Өскемен қаласында туғанмын. Мен бірінші сыныпты бітірісімен, әкем мені жетектеп, қаладағы спорт-интернатына апарды. Ондағы Владимир Беляев деген бапкерге тапсырды. Содан бәрі басталды. Әкем - Бакытбек хоккейді өте жақсы көреді. «Казцинк» комбинатында жұмыс істейді. Анам – Жақсылық үй шаруасынан қолы босамайтын адам.

– «Хоккей - нағыз ержүрек ерлердің ойыны» деген сөз бар ғой. Осы орайда өзін кімдерге еліктеп өстің?

– Біздің қалада хоккей жақсы дамыған ғой. Бала кезімізде «Торпедо» КСРО чемпионатында ойнайтын. Сонда бір ойынды қалдырмай көретінбіз. Маған, әрине, ең басты өнеге болған адам – Борис Александров. Бұл кісі Қазақстаннан шыққан олимпиада және әлем чемпионы екенін білесіз ғой. Ал енді жалпы, хоккейшілерге келер болсам, маған Валерий Харламовтың ойын өрнегі қатты ұнайды. Оның жылдамдығы, алаңды көре білуі, салқынқандылығы қандай еді?! Мен сол кезде «Қашан

үлкен болады екенмін, үлкен командаларда қашан ойнайды екенмін» деп армандан жүруші едім.

– Енді арманыңа жеткендейсің ғой. Қазақстан ұлттық құрамасында және қазір ойнап жүрген «Барыс» клубында да негізгі ойыншылардың біріне айналып отырсың...

– Иә, «Армансыз адам, қанатсыз құс болмайды» демекші, құдайға шүкір, бүгінде ел қатарлы хоккей ойнап жүрген сияқтымын. Мені 2007 жылдың басында «Барыс» клубының президенті Нұрлан Оразбаев шақырды. Содан мен Астана командасында ойнауға бел будым. Біріншіден, «Барыс» клубының мақсаты өте биік болғаны қызықтырды, екіншіден, Астана еліміздің бас қаласы ғой. Осы қалада жүріп елдің де, елордамыздың да намысын қорғайтынымды ойлағанда, басқа ойдың бәрі естен шығып кетті. Сөйтіп, мен астаналық болдым.

– Команданың мақсаты туралы айтып өттің. Осы жөнінде айқынырақ айтып берсең...

– Біз 2007 жылы Ресей ашық чемпионатының жоғары лигасында өнер көрсеттік. Шығыс дивизионда алдыңғы қатардан көріндік. Осы жылы атақты хоккейші Вячеслав Фетисов бастап, континенталдық хоккей лигасын құруды қолға алды ғой. Сонын нәтижесінде 4 мемлекеттің үздік командаларын қосқан КХЛ чемпионаты басталды. Біздің команданың басшылары жаңа чемпионаттың бірінші маусымында плей-офф ойындарына шығуды бірінші мақсат етіп қойған еді. Бұл мақсат орындалды ғой. Біз 16 үздік командалық қатарынан көрініп, плей-оффқа шықтық. Бірақ, бұл сында бірінші қарсыласымыз Қазанның «Ақ Барс» клубы болды. Бұл команда осыған дейінгі Ресей чемпионатында бірнеше рет чемпион болған. Соған қарамастан біз бұл команданы да жеңуге барымызды салып-ақ бақтық. Өкінішке қарай, жолымыз болмады. Бізді жеңген «Ақ Барс» КХЛ-дың тұңғыш чемпионы болып, Гагарин кубогын ұтып алды. Чемпионат

қорытындысында менің комапдаласым канадалық Кэвин Даллман лиганың үздік қорғаушысы атанды.

– Екінші чемпионат қалай өтін жағыр? Мақсат қандай?

– Биылғы мақсат – былтырғыдан биік. Біздің алдымызда тек кана плей-оффқа шығып қоймай, келесі айналымдарға өту мақсаты тұр. Қазіргі көрсеткішімізге қарағанда, бұл межені орындай алатын сияқтымыз. Клуб басшылары команданың сапына жақсы ойыншыларды тартып жатыр. Мәселен, Даллман, Штумпел, Немировски, Гласс секілді шетелдік хоккейшілер команданың негізгі буынына айналып отыр. Оларға өзіміздің Корешков, Гаврилин, Краснослободцев, Глазачев, Спиридонов, Кузнецов сияқты ойыншыларымыз қосылғанда кәдімгідей күшке айналамыз. Жақында Ресейге кезекті турнирге барып қайттық. Онда 4 командамен ойнап, үш рет жеңіске жеттік. Соған қарағанда плей-оффқа шығатын болармыз деп ойлаймын.

– Қазақстан құрамасы сапында ойнаған ойындарыңызды тамашаладық. Жақында өткен олимпиада ойындарына іріктеу турнирі туралы не айтасың?

– Эстонияда өткен іріктеу турнирі біздің команда үшін табысты өтті деуге болады. Бұл жарысқа өте мұқият дайындалып бардық. Құрамада өте жақсы атмосфера қалыптасқанын айтқым келеді. Соның нәтижесінде мұз айдынға бір жұдырықтай жұмылып шықтық. Нәтижесін өздеріңіз көрдіңіздер, біздің команда әлемдік хоккейдің жоғары дивизионына тағы да жолдама алды.

– Осы турнирде Эстония қақпасына әдемі шайба соққаныңды көрдік, бұл сенің Қазақстан құрамасы сапында соққан алғашқы шайбаң ба?

– Мен ұлттық құрамадағы алғашқы шайбамды 2006 жылы Рига қаласында өткен әлем чемпионатында соққан

едім. Содан бері біраз гол соғып тастадым ғой. Әлі де соккым келеді.

– Талғат, соңғы кездері жиі жарақат алатының байқалады. Бұл шабуылшылардың бәріне тән қиындық па?

– Сізбен келісуге болады. Хоккей нағыз ер жігіттердің ойыны ғой. Тартыс, алыс-жұлыс, тіптен қып-қызыл төбелес те болып жатады. Хоккейден менің мұрным екі рет сынды. Бір рет Қытай құрамасымен ойнағанда, екінші рет «Авангард» клубымен ойнағанда мұрным «бұзылды». Омбыдағы осы оқиғадан соң, мен үшін хоккей енді біткен шығар деп ойлаған едім. Құдайға шүкір, дәрігерлердің ептілігі арқасында хоккейден қол үзген жоқпын.

– 2007 хоккей маусымында Қазақстанның үздік хоккейшісі атандың. Бұл таңдау қандай жетістіктерің үшін берілді деп ойлайсың?

– Иә, қазақстандық хоккей федерациясы, сонымен қатар журналистер қауымдастығы мені 2007 жылдың үздік хоккейшісі деп таныды. Мен бұл жылы «Барыс» клубының сапында Ресейдің ашық біріншілігінде жүлдегер атандым. Сондай-ақ, Қазақстанның чемпионы да болдым. Ұлттық құрамада бірнеше нәтижелі ойын көрсеткен сияқтымын. Осының бәрін екшеп келген мамандар менің үздік болғанымды қалаған екен.

– Талғат, тағы бір сұрағым бар. Қазақ жастары хоккейге аз барады. Бұл неліктен деп ойлайсың?


– Жалпы, қай спортта болсын ең алдымен ұлттық менталитет бой көрсетеді деп ойлаймын. Мәселен, біздің қазақта күрес, бокс деген керемет спорт саналады. Өйткені, алдыңғы толқын ағалардың көрсеткен өнегелері үлкен. Балалар сондай жұлдызды спортшыларға қарап, өскісі келеді. Ал енді хоккей туралы айтар болсам, құдай қаласа, жақын арада шайба қуатын қазақ жастары


да көбейетін болады. Олай дейтінім, Қазақстанның шайбалы хоккей федерациясы бүгінгі таңда барлық аймақтар осы спорттың түрін дамытуға кешенді түрде кірісіп отыр. Қай істе болсын, қолға алған шаруа шындап алынса, онда міндетті түрде нәтиже болады. Мен қазір Астанадағы «Қазақстан» спорт сарайына жаттығуға келіп жүрген жасөспірімдердің ішінен талай қазақ баласын көріп жүрмін. Сонымен қатар биылдан бастап Қазақстан чемпионатына «Барыс-2» командасы қатысып жатыр. Бұл да Астанада хоккейдің негізгі спорт түріне айнала бастағанын көрсететін айғақ емес пе?! Ал әзірге біздің Астананың жанкүйерлері алдына жан салмай келеді десе болады. Біздің «Барыстың» ойынын тамашалайтын жанкүйерлер күн сайын көбейіп бара жатқан сияқты. Мен соған да қуанамын. Бұл дегеніңіз - елімізде, еліміздің бас қаласында хоккей дүбірі басталды деген емес пе?! Осылай бола берсе, Қазақстан хоккейі де өрлей береді деп ойлаймын.

«Аузыңа май, астыңа тай!» дейміз, Талғат хоккейшіге жүрекжарды пікірі үшін риза болып. Шын мәнінде, шындап қолға алса алынбайтын қамал бар ма, бағынбайтын белес бар ма?! Қазақстанның шайбалы хоккей федерациясы осы бағытынан айнымай алға баса берсе, күні ертең Қазақстан құрамасы Азияда да, әлемде де жүлдегерлер қатарынан көріне беретіні сөзсіз. Ал біздің «Барыс» болса қазірдің өзінде КХЛ чемпионатының азулы командаларының бірі болып отыр ғой. Жасалған жоспар да, қойылған мақсат та қатаң қадағаланып, ұлттық хоккейді көтеру мақсатында жан-жақты жағдай жасала берсе болғаны, ертең-ақ Қазақстан құрамасы әлемдік хоккейге бәсеке болатын команда болып шыға келеді. Елдің мерейін өсіретін, қалын жанкүйерді қуанта беретін жақсы іс жалғаса берсін деп тілейік.

II БӨЛІМ

ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ...





**Мишель ПЛАТИНИ,
УЕФА президенті:
ҚАЗАҚСТАН
ФУТБОЛЫНЫҢ
БОЛАШАҒЫ ЗОР**

Өткен ғасырдың 80-інші жылдары әлемдегі ең үздік футболшылардың бірі болған Платини бірнеше рет Еуропаның және әлемнің ең тандаулы футболшысы атанды. 1984 жылғы Еуропаның чемпионы. Әлем біріншілігінің жүлдегері. Еуропа чемпиондары және УЕФА кубогының бірнеше дүркін жеңімпазы.

Мишель Платини 2008 жылы Астанаға келді. Біздің елге тұңғыш рет келген сапарында атақты футболшыны Мемлекет басшысы және Қазақстан футбол федерациясының құрметті президенті Нұрсұлтан Назарбаев қабылдап, УЕФА мен Қазақстан футболы арасындағы ынтымақтастық туралы әңгімелескен еді. Әлемдегі және Еуропадағы ең үздік футболшыға берілетін

«Алтын доп» және «Алтын бутцы» жүлдесінің бірнеше мәрте иегері осы кездесу кезінде Қазақстан лидерін Астананың 10 жылдық мерейтойымен қызу құттықтады. Елбасымен кездесуден кейін УЕФА президенті мен Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділбек Жақсыбеков екіжақты делегациялардың қатысуымен Қазақстан футболын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың жоспары жайында кеңейтілген кеңес өткізді.

Шілденің бесі күні Мишель Platini қалалық футбол клубының оқу-жаттығу орталығында болып, Астананың 10 жылдық мерейтойына арналып өткізілген жасөспірімдер арасындағы турнирдің жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне қатысты. УЕФА президенті мерекелік жарыста чемпион атанған «Жеңіс» командасының капитаны Әділ Балғабаевқа кубок тапсырып, жүлдегер командаларға 2008 жылғы Еуропа чемпионатына арналып шығарылған доптарды тарту етті.

Біз осы шара барысында аты аңызға айналған футбол жұлдызын әңгімеге тартып үлгерген едік. Әңгімеміз шағын болса да атақты футболшы ағынан жарыла сөйледі.

– *Платини мырза, Астанаға келген сапарыңыздың мақсаты жөнінде айтып берсеңіз...*

– Алдымен барлық астаналықтар мен қазақстандықтарды Астананың 10 жылдық мерекесімен құттықтағым келеді. Он жыл ішінде мұндай сәулетті қала салу шынымен де тарихи жетістік деп ойлаймын. Астана болашақта үлкен футболдың қаласына айналатынына сеніммен қараймын. Жалпы, Қазақстан футболының болашағы зор деп есептеймін. Сіздердің елдеріңізде футбол индустриясы қарқынды дамып келе жатқаны қуантады. Футболға деген осындай ықылас бола берсе, 2020 жылғы Еуропа чемпионаты Қазақстанда өтуі әбден мүмкін (Платини қол соғып, күліп алды).

Ал Астанаға Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділбек Жақсыбековтің арнайы шақыруымен келдім. Менімен бірге УЕФА-ның басшылығындағы бірнеше жауапты мамандар да келді. Бізді Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қабылдады. Қазақстан басшысымен өте емен-жарқын әңгіме өткіздік. Президенттеріңіз футболды өте жақсы түсінетін адам. Сондықтан да болар мемлекет басшысы бола тұра Қазақстан футбол федерациясының құрметті президенті болып отыр. Мұндай ықыласы мен қолдауы бар елдің футболы міндетті түрде биік көрсеткіштерге қол жеткізеді деп ойлаймын. Мен соған тілектеспін.

– Астанада салынып жатқан жаңа стадионды көрдіңіз бе, УЕФА басшысы ретінде оның құрылыс деңгейін қалай бағалайсыз?

– Астана қаласы туралы жиі естуші едім. Еуразия кеңістігіндегі ең әдемі қаланың бірі осы Астана болады деген пікірлерді де талай естідім. Енді осы ғажайып сәулетті қаланы өзім көріп, шынымен де, келешегі керемет қала болатынына көз жеткізгендеймін.

Астанада салынып жатқан жаңа футбол стадионын аралап көрдік. Құрылыс жұмысы қарқынды екен. Бұл стадион халықаралық деңгейдегі қандай да болсын матчты өткізуге жарайтын болады. Еуропадағы ең көрікті стадионның бірі болайын деп тұр. УЕФА-ның барлық талаптарына жауап береді. Бұл стадионда жақын арада әлем біріншілігінің іріктеу турниріне қатысатын Қазақстан құрамасының ойындары өтетін болады. Уақытым мен мүмкіндігім болып жатса осы стадиондағы бірінші ресми ойынға келуге тырысамын.

– Қазақстан футболының қазіргі деңгейі туралы не айтар едіңіз?

– УЕФА мен Қазақстан футбол федерациясы арасында өте ынтымақты әрі іскерлік байланыс орнаған. Қазір

Қазақстанда УЕФА-ның материалдық көмек көрсету жөніндегі «Хет-трик» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Осы бағдарлама аясында балалар футболына арналған 41 футбол алаңы пайдалануға берілген. Сәуір айында ФИФА және УЕФА басшыларының келіссөздері өткені белгілі. Осы кездесудің барысында Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділбек Жаксыбековпен УЕФА-ның үлестік көмегімен Астана қаласында «Футбол үйін» салу жөнінде келісімге қол қойғанбыз. Сондай-ақ, УЕФА бағдарламасы бойынша Қазақстан ұлттық құрамасына арналған оқу-жаттығу базасын салу да қарастырылып отыр.

Түйіндеп айтқанда, Қазақстан футболын дамытуға УЕФА тарапынан жан-жақты қолдау болатынын айтқым келеді. Ең бастысы, балалар мен жасөспірімдер футболын жандандыруға күш салу керек. Сонда ғана Қазақстан футболының болашағынан үлкен жеңістер күтуге болады.

– Сіздің есіміңізді футбол сөзін білетін әрбір адам біледі деп ойлаймын, осы орайда өзіңіз үшін қандай матч есіңізде мәңгілік жатталып қалды, соны есіңізге түсіре аласыз ба?

– Менің өмірімде естен шықпастай ойындар көп болды ғой. Бір матчтан кейін өзімді ең бақытты адам сезінген сәттерім болса, енді кейбір ойындардан кейін мүлдем күйзелген кездерім де болды. Бірақ менің ойымша футболдағы бақытты сәттерім көп болғаны анық. Ал көңілімде жатталып қалған ең басты ойыным, бұл, әрине Францияның Еуропа чемпионы болған тарихи сәті. Басқа ойындар да болды ғой, мәселен, Еуропа чемпиондарының, УЕФА кубогының жеңімпазы болған сәттерім де футболдық өмірімнің бір-бір айшықты сәттері емес пе?! Түсіне білген адамға футбол деген бір ғанибет әлем ғой...

– Платини мырза, ақ тілегіңіз үшін көп рахмет, жаңа стадионымыз пайдалануға берілгенде бір соғып кететін шығарсыз...

– Астаналықтардың бәрін мерейлі мерекелерімен тағы да құттықтаймын. Жаңа стадиондарыңыз салынып бітері сөзсіз. Негізгі жұмыстары аяқталып қалғанын көрдік қой. Егер УЕФА-ның қат-қабат шаруасынан қолым қалт етсе Астанаға міндетті түрде келемін. Ал оның сәті қашан түсетінін дөп басып айта алмаймын. Ең бастысы, жас астаналарыңызда жаңа суперстадион пайда болады ғой. Бұл бізге, яғни УЕФА үшін де, сіздерге де үлкен қуаныш болмақ. Сондықтан мен алдын ала құтты болсын деп айтып та қояйын.

Әйгілі футболшы Қазақстан футболы мен елордамыз Астана туралы осылайша ойын ортаға салды. Әлемдік футболдың жұлдыздары Пеле, Марадона, Зико, Беккенбауэр, Гуллит сияқты ойыншылармен деңгейлес доп теуіп, миллиондардың ойыны футболдың құдіретін көтерген Платинидің біздің еліміздің футболына деген жанашырлық сезімін аңғардық. Тағы бір қосарымыз, Еуропаның футбол басқармасы Қазақстан футболын қолдайтынына айқын көз жеткіздік. Аты аңызға айналған футболшының ашық көңіліне, ақжолтай тілегіне риза болдық.

* * *

.... Атақты Платини айтқан сөзінде тұрды. Араға бір жыл салмай Астанаға ат басын тағы тіреді. Қазақстан футбол федерациясының шақыруымен 2009 жылғы Қазақстан кубогының финалдық матчына келді. Сәулетіне салтанаты сай жаңа стадионымыз «Астана-Арена» алаңында «Шахтер» және «Атырау» командалары арасындағы ақтық ойынды тамашалады. Тағы да Қазақстан футболы жайында жылы лебіздерін білдірді. Біз тағы да риза болдық.



Альберто КОНТАДОР
«Астана» велоклубының шабандозы,
Олимпиада ойындарының чемпионы,
«Тур де Франс», «Вуельта» және «Джиро де
Италия» бәйгелерінің жеңімпазы:

«АСТАНА» – ПРЕЗИДЕНТТІҢ КОМАНДАСЫ

Бүгінгі таңда әлемдегі велоспортта айшықты жеңістерімен ерекшеленіп жүрген команданың бірі Қазақстанның «Астана» командасы болып отырғаны айқын. Құрылғанына үш жыл болған қазақстандық велоклуб қазіргі кезде әлемдік веложұлдыздардың құрамасына айналды десе де болады. Сапында бүгінгі таңдағы № 1 велошабандоз испаниялық Альберто Контадор, «Тур де Франс», «Вуельта» және «Джиро де Италия» жарыстарының бірнеше мәрте жүлдегерлері

американдық Леви Лейфаймер мен неміс Андреас Клоден, әлем чемпионатының жеңімпазы украиндық Ярослав Попович секілді өте мықты спортшылар топтасқан командаға биыл «Тур де Франстың» жеті дүркін жеңімпазы, аты аңызға айналған американдық Лэнс Армстронг та қосылып отыр. Алдағы жылы Әлемдік велоспорт федерациясының шешімімен бір жылға спорттан шеттетілген өзіміздің Александр Винокуров та «Астанаға» қайта қосылмақ.

Жақында биылғы маусымда «Джиро де Италия» және «Вуельта» көпкүндік жарыстарында жеңімпаз атанған Альберто Контадор бастаған бір топ «астаналықтар» елордамыз Астанаға келді. Әлемдік жарыстарда Қазақстанның атын әйгілеп, Астанамыздың абыройын асқақтатқан спортшыларды Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев қабылдап, бүкіл қазақстандықтарды қуанышқа бөлеген жеңістері үшін ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысының қабылдауынан кейін Қазақстан велоспорт федерациясының президенті Даниал Ахметов «Астана» велоклубы мүшелерімен бірге бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен баспасөз мәслихатын өткізді. Бұл басқосуда «Астана» велоклубының бас менеджері Йохан Брунель команданың биылғы маусымдағы жетістері мен алдағы жылға арналған жоспары жөнінде әңгімелеп берді. Брунель мырза «Астана» командасы 2009 жылы өтетін барлық протур жарыстарына, яғни «Тур де Франс», «Вуельта» және «Джиро де Италия» көпкүндік бәйгелеріне қатысуға ресми лицензия алғанын хабарлады.

Біз осы кездесу барысында қатарынан екінші жыл әлемдегі ең үздік велошабандозға берілетін «Алтын велосипед» жүлдесін жеңіп алған Альберто Контадорды әңгімеге тартып үлгердік.

– *Альберто, биыл екі ірі жарыста, атап айтқанда, велоспорттағы ең беделді саналатын «Вуельта» және*

«Джиро де Италия» бәйгелерінде жеңіске жетіп, барша қазақстандықтарды қуанышқа бөлегеніңіз үшін алғыс айтқымыз келеді. «Астана» командасының жейдесін кигелі біраз уақыт болып қалған екен, осы орайда сіздің жалпы Қазақстан туралы ойыңызды ортаға салсаңыз?

– «Астана» велоклубына қабылданғалы Қазақстан мені өте қызықтыра бастады. Командалас серіктерім арқылы Қазақстанның тарихы, халқының дәстүрі жөніндегі кітап-журналдар алдырып оқыдым. Телехабарларды жиі көретін болдым. Сондағы байқағаным, Қазақстанның табиғаты керемет әдемі екен. Енді, міне, сол оқулықтардан немесе теледидардан көргендерімді өз көзіммен көрудің сәті түсіп отыр. Тағы бір аңғарғаным, сіздің елде аңшылық дәстүрі жақсы дамыған сияқты. Бір сәті түскенде қазақ даласында аңшылыққа шықсам ба деймін.

– Президентпен кездесуден қандай әсер алдыңыз?

– Өте тамаша әсер алдым. Назарбаев әлемдегі ең беделді саясаткер екенін мен бұрыннан білетінмін. Бізді қабылдаған кезде Президенттің көңіл-күйі өте көтеріңкі болды. «Астана» клубының әр жарысын көріп отыратынын айтты. Мен соған ерекше қуанып қалдым. Шынымды айтсам, «Астана» клубының осындай жеңістерге жетуіне алдымен Президенттің қолдауы негіз болып отырғанын айтқым келеді. «Астана» – Президент Назарбаевтың командасы, Қазақстанның бренді, елдің жас елордасы Астананың мерейі. Мемлекет басшысының өзі қолдау беріп, жанкүйер болып отырған мұндай командада өнер көрсетуім маған да үлкен мәртебе деп санаймын.

– *«Астана» клубының алдағы жылға қойған мақсаты қандай болып отыр?*

– Ең басты мақсат – әлемдегі ең беделді жарыс саналатын «Тур де Франс» көпкүндік бәйгесін ұту болып отыр. Одан кейін «Вуельта» және «Джиро де

Италия» жарыстары бар. Бұл жарыстарда да биіктен көрінуге тиіспіз. Мен үшін ең басты мақсат – «Тур де Франста» жеңіске жету. Бүгінде әлемдік велоспортта «Астананы» керемет команда деп айтып жүр. Біз осы сөзді жеңістерімізбен дәлелдей түсуіміз керек.


– Соңғы кездері бұқаралық ақпарат құралдарында «Астана» құрамына атақты Армстронгтың қосылуына байланысты команданың лидері кім болады деген сауал жиі көріне бастады, осы орайда өзіңіз қандай ойдасыз?

– Армстронг ұлы спортшы екені даусыз. «Астана» сапында бірге жаттығып та үлгердік. Ал қай жарыста кімнің команда көшбасшысы болатынын клуб басшылығы шешетін болады. Мен үшін биылғы «Тур де Франста» «Астана» командасының жеңіске жеткені бәрінен де қымбат. Оның үстіне біздің командада бізден басқа да мықты шабандоздар бар ғой. Мәселен, Лейфаймер, Клоден, Попович, жас та болса сенімді ақтап жүрген өздеріңіздің жерлестеріңіз Асан Базаев, Максим Иглинский бар. Бұл жігіттердің бәрінің де қандай жарыста болсын жеңіске жетуге мүмкіндігі бар. Тағы да қайталап айтамын, қазіргі «Астана» командасының басты мақсаты – ең беделді «Тур де Франс» көпкүндік бәйгесінде жеңіске жету болып отыр.

– 16 желтоқсан – Қазақстан Тәуелсіздігін жариялаған ұлы күні. Осы мереке қарсаңында қазақстандықтарға айтар тілегіңіз бар ма?

– Әрине, бар. Бұл мереке мен үшін де өте маңызды деп білемін. Өйткені, мен Қазақстанның намысын қорғап жүрмін ғой. Қазақстанның мәртебесі, халықтың жағдайы көтеріле берсін деп тілеймін. Ал біз өз тарапымыздан «Астана» командасы арқылы қазақ елінің мерейін өсіруге дайынбыз.

... 2009 жыл да «Астана» велоклубы үшін табысты болды. «Астана» командасы «Тур де Франс» көпкүндік велобәйгесін ұтып алды. Мәре сызығын бірінші болып Контадор кесті. Бұл жарыста атақты Армстронг та «Астананың» шашбауын көтерді. Александр Винокуров «Астана» велоклубының қатарына қайта қосылды. Бүкіләлемдік велоспорт федерациясының шешімі бойынша 2009 жылдың үздік велосипедшісі болып Альберто Контадор, ал үздік команда болып «Астана» танылды.



Константин Цзю
әуесқой бокстан әлем және Еуропа
чемпионы, кәсіпқой бокстан WBA, WBC
және IBF версиялары бойынша әлемнің
абсолютті чемпионы:

КУМИРИМ – **ҚОНАҚБАЕВ БОЛДЫ**

Әлемдік бокстағы әйгілі есімдердің бірі Константин Цзю екені талас тудырмайды. Тұла бойына талант құйылған ресейлік жігіт шаршы алаңға шыққанда жанкүйердің жаны сергіп сала беретін. Техникалық шеберлігіне жаужүрек мінезі қосылғанда, құдай басқа салмасын, Костяның қарсыластары шаршы алаңның бесінші бұрышын іздегендей құлап-сүрініп жататын.

Шын талантқа ештеңе тұсау болмайды екен, Цзю әуесқой бокстан әлем чемпионы атағын жеңіп алған соң, біржола кәсіпқой боксқа ауысып кетті. Ал кәсіпқой бокста бұл шебер керемет табысқа кенелгені белгілі. Ондаған жылдар бойы орта салмақта ешкімге дес бермеген талантты боксшымен әңгімелесудің де сәті түскен еді.

– *Константин, балалық шағыңызды еске алып, боксты қалай бастағаныңызды айтып берсеңіз.*

– Менің әкем мен шешем спортты өте жақсы көретін адамдар. Соның әсері болар, мені де спортқа ерте баулығысы келді. Әсіресе, әкем боксты қатты ұнататын. КСРО чемпионатын, Еуропа және әлем біріншіліктерін мамам екеуі қосылып тапжылмай көретін. Сонда маған мамам «Костя, боксшы болсайшы, әне анау Серік Қонақбаев сияқты боксшы болсаң ғой...» деп отыратын.

– *Сонда сенің боксты таңдауыңа әкең мен анаң әсер еткен екен ғой, әлде бокс өз қалауың болды ма?*

– Боксқа әкем апарды. Мен шын мәнінде, Қонақбаевқа ұқсайтын боксшы болғым келді. Серік нағыз фантастикалық техника көрсеткен шебер болды емес пе?!

– *Әуесқой бокста барлық биік белестерді бағындырдыңыз, тек Олимп тұғырынан ғана көрінбей қалдыңыз...*

– Дұрыс айтасыз, мен әуесқой бокста бұрынғы Одақтың, Ресей чемпионатының жеңімпазы болдым. Еуропа және әлем біріншіліктерінде де алтын медаль алдым. Ал Олимпиада ойындарында жолым болмады. Бұл спорт қой, әйтеуір бір жерде сүрінбей қоймайды екенсің. Есесіне кәсіпқой бокста жұлдызым жанды деп есептеймін.

– *Кәсіпқой бокс демекші, алғашқы жекпе-жегіңіз есіңізде ме? Кіммен шығып едіңіз?*

– Бірінші айқасты ұмытуға болмайды ғой. Американдық Квинсленд Дарреллмен шыққан едім. Оны бірінші раунд аяқталмай-ақ нокаутқа түсірген болатынмын. Содан кейін басталды, кәсіпқой бокстың нағыз өмірі. Бір айтарлығы, мен осы жекпе-жектен кейінгі өткізген барлық айқастарымды ұта бердім. Дегенмен...

– *Иә, сол Хаттонмен болған айқасыңызды еске алайын деп едім, бапкеріңіз сізді неге төбелестірмей қойды?*

– Рикки Хаттонды мен бұрын қиналмай-ақ ұтатын едім. Бұл жолы жекпе-жек тіптен басқаша болды. Қарсыласым менің бүкіл техникам мен тактикамды әбден зерттеген екен. Кәдімгідей қатты дайындалыпты. Ал мен болсам әдеттегідей өзіме өзім сеніммен шыққан едім. Содан керемет жекпе-жек болды. Алайда бапкерім он бірінші раундтан кейін мені шаршы алаңға шығармай қойды. Ал мен болсам қандай нәтиже болса да жекпе-жекті аяғына дейін өткізгім-ақ келген. Артынан ойлап отырсам, бапкерім дұрыс жасаған екен. Өйткені денсаулықтан артық ештеңе болмайды ғой. Егер мен қызбалыққа салынып кеткенімде сондағы жарақатым мүмкін өмір бойы айықпайтындай өкінішке алып келер ме еді? Бокстың аты – бокс. Біреу жеңіледі, біреу женеді. Менің де бір рет жеңілуге құқым бар шығар.

– *Кәсіпқой бокстың WBA, WBC және IBF версиялары бойынша әлем чемпионы болған боксшылар саусақпен санарлық қана, сіз осының үшеуінде алтын белдікті байлаған спортшысыз, бокстан алмаған енішіңіз бар ма?*

– Жоқ. Мен бокс әлемінде арман болатын бар жүлдені алдым деп ойлаймын. Осы бокс арқылы әлемді таныдым, әлем мені білетін болды.

– Қазір қай салада жүрсіз, қолғабыңызды біржола шешіп қойдыңыз ба?

– Қазір туған елімде, Ресейде ептеп бизнеспен айналысып жүрмін. Елімнің әр аймағынан кәсіпқой бокстың мектебін ұйымдастыруды қолға алдым. Өртүрлі шоу-бағдарламаларға қатысамын. Ал шаршы алаңға шығатыным, не біржола боксты доғаратыным алдағы уақыттың еншісінде тұр.

– Қазақстан боксы туралы не ойлайсыз?

– Қателеспесем, бокс Қазақстандағы нөмірі бірінші спорт қой. Сіздің елден керемет боксшылар шықты емес пе?! Қонақбаев, Демьяненко, Жиров, Саттарханов. Ибраимов, Артаев деген боксшылар әлем боксының бір бір жұлдыздары болды ғой. Жақында ғана Алматы қаласында болып келдім. Керемет боксшыларыңыз Серік Қонақбаевтың мерейтойына қатыстым. Бұл кісі маған ерекше адам саналады. Бала кезімнен ұқсағым келген кумирім болды ғой. Ал жалпы Қазақстанда әуесқой бокспен қатар кәсіпқой бокс та қарқын алып келеді. Өз басым менің тарапымнан қандай да көмек қажет болатын болса, қолымнан келгенше қолдау көрсетуге әзірмін.

– Сонда қандай көмек көрсетуіңіз мүмкін?

– Мәселен, Мәскеу қаласында өзімнің спорт кешенім бар, онда ресейлік бапкерлерге мастер-класс өткізіп тұрамын. Егер Қазақстандағы әріптестерімнен ұсыныстар түсіп жатса, онда арнайы келіп жаттығу және бапкерлерге арналған мастер-класстарын өткізуге болады. Тек барлық келісім кәсіби деңгейде ұйымдастырылса болды.



Кевин ДАЛЛМЭН (Канада).

“Барыс” хоккей клубының капитаны.

Қазақстан чемпионы – 2008 жыл.

НХЛ чемпионатында 100-ден астам ойын өткізді.

КХЛ чемпионатының үздік қорғаушысы – 2008 жыл.

«БАРЫСТЫҢ» БОМБАРДИРІ

Континенталдық хоккей лигасында өнер көрсететін Астаналық «Барыс» хоккей клубы бүгінде чемпионаттағы «азулы қарсылас» команда атанып отыр. Елорда командасы төрт елдің үздік командалары жарысқа қосылған жаңа лиганың бірінші маусымында-ақ плей-офф ойындарына шығып көзге түсті. Ал екінші

жылы тағы да чемпионаттағы 24 клубтың ішінен үздік 16 команданың қатарынан көрініп, КХЛ біріншілігінің жүлдесіне таласуды межелеп отырған жайы бар.

Ал біз болсақ «Барыстың» бүгінгі таңдағы ойын өрнегіне қарап, бұл межені ексеретініне сеніммен қарайтын болдық.

Континенталдық хоккей лигасында әр чемпионаттың үздік ойыншыларын анықтайтын жақсы дәстүр қалыптасқан. Команда бас бапкерлерінің дауыс беруі нәтижесінде «Барыс» клубының капитаны Кевин Даллмэн бірінші чемпионаттың ең үздік қорғаушысы болып танылды. Бұрын қорғаушы бола жүріп ең көп шайба соққан атақты Фетисовтың рекордын жаңартты.

Қорғаныстағы шеберлігімен әрі мергендігімен көзге түсіп жүрген Даллмэн Астанаға қайдан келді, бұрын қандай командаларда ойнады деген сауалды алға тартып, үздік хоккейшінің өмірбаянына үңіліп көрдік.

Кевин Даллмэн Канаданың Ниагара-Фоллз қаласында дүниеге келген. Бала кезінен хоккейге арбалған Кевин өз қаласына жақын орналасқан НХЛ командалары «Буффало» мен «Торонто» командаларының ойындарын жібермейтін болады. Төрт-бес жыл балалар хоккей клубында үздіксіз жаттыққан Даллмэн 15 жасында туған қаласындағы «Ниагара-Фоллз Кэнакс» командасына қабылданады. Әйгілі «Лос-Анджелес» клубының атақты қорғаушысы Роб Блэйкті өзіне үлгі тұтқан Кевин үш жылдай жасөспірімдер командаларында шыңдалып, чемпионаттың үздік қорғаушысы да атанады. Жас хоккейшінің таудай талабын ескерген Даллмэнді 18 жасқа толғанда НХЛ-дық «Бостон» клубы өзінің қосалқы құрамына шақырады. Бұл командада 21 ойын өткізген канадалық хоккейші келесі маусымда «Сент-Луис» клубына қабылданып, 49 ойында төрт шайба соғып, 9 рет дәл пас беріп көзге түседі.

Жыл өткен сайын шеберлігі толысып, тәжірибесі арта түскен қорғаушыны 2006 жылы «Лос-Анджелес» клубы өз қатарына қабылдап, үлкен сенім артады. Команда жетекшілері Кевинге қорғаныс шебін күшейтуді сеніп тапсырады. Өзіне жүктелген негізгі міндетті мүлтіксіз атқара білген ол қарсыластар қақпасына бірнеше шайба соғып та көзге түседі. 2007 жылғы желтоқсан айында «Лос-Анджелес» пен «Нешвилл» командалары арасындағы ойында Кевин Даллмэн ауыр жарақат алып қалады. Кезекті бір ойын қақтығысында оң аяғын сындырып алады. Осы оқиғадан кейін Кевин 11 ойынға қатыса алмай, өз командасының ойындарын сырттан тамашалауға мәжбүр болады. Осы кезеңде оның «Лос-Анджелеспен» жасаған шартының уақыты да аяқталады. Ауыр жарақат алып, көптеген ойындарға қатыса алмаған Даллмэнді команда басшылары клубтың құрамында қалдырудан бас тартады. Басқа командаларға қабылдану мерзімінен кешігіп қалады.

Міне, дәл осы тұста Кевин Даллмэнге Астанадан ұсыныс түседі. Бұл кезде «Барыс» Континенталдық хоккей лигасына қатысатыны толық шешіліп, команданы жасақтау қызу жүргізіліп жатқан кез еді. НХЛ-дық біраз атақты ойыншылары КХЛ клубтарына ауысып жатқанын ескерген Даллмэн көп ұзамай астаналық клубтың шақыруын қабылдайды.

– Маған Астанадан телефон шалып, «Барыс» командасымен шарт жасауға келісімімді сұрағанда, бір апта ойлануға уақыт беріңіздер, сосын толық жауабымды беремін деп айтқан болатынмын. Содан кейін жалпы Қазақстан хоккейінің, оның ішінде «Барыс» клубының жағдайымен танысып, барлық мәселені жан-жақты саралап, ойланып-толғанып болған соң агенттерге хабарласып, Астанаға келетінімді айттым. Бұл шын мәнінде, менің хоккейші

ретіндегі карьерамдағы ең үлкен өзгеріс болды. Қазір ештеңеге өкінбеймін. Бүгінде «Барысты» лигадағы азулы клубтардың бірі деп санайды ғой. Демек, біздің команданың алар асуы әлі алда деп ойлаймын, – дейді Астана клубына келуінің қалай басталғанын әңгімелеп берген канадалық хоккейші.

Кевин Даллмэннің бүгінгі ойынын көріп жүрген бірнеше КХЛ клубтары канадалық хоккейшіні өз командаларына шақыруға мүдделік таныта бастаған. «Салават Юлаев», «Ақ Барс», ЦСКА және «Металлург» клубтарының жетекшілері мұндай жоғары деңгейлі ойыншыны қалайша ерте танып-білмегендеріне өкініштерін де жасырмаған.

Ал әр ойын сайын өзінің шеберлігін дәлелдей түскен Даллмэн болса Астанада екі жыл ойнауға шарт жасасқаны белгілі. Тәжірибелі хоккейші негізгі шарт аяқталған соң тағы бір жыл «Барыстың» құрамында ойнауға ынталы екенін білдіріп те қойды.

– Кевин тек ойында ғана емес, жалпы команда лидерлерінің бірі болып саналады. Ол тек қорғаныста емес, шабуылда да өте пайдалы хоккейші. Алаңды тұтастай көре білетін бесаспап ойыншы десем болады. Осындай ойыншыны дер кезінде Астанаға шақыра білгенімізге қуаныштымын, – дейді «Барыс» клубының президенті Нұрлан Оразбаев.

Шынымен де, канадалық хоккейшінің «Барыстың» қазіргі көрсеткіштеріне қосып жатқан үлесі айтарлықтай екені сөзсіз. Ең бастысы, астаналық клубтың қарсыластары бүгінде «Барыстың» қорғаныс шебін бұзу оңайға түспейтінін мойындаған сияқты.

– Мен үшін биылғы маусымда қанша гол соғатыным басты мақсат емес, бастысы команда болып плей-оффқа өту керек. Міне, ең үлкен міндет осы. Егер үздік 16 команданың қатарынан көрінсек, онда барлық

клубтардың мүмкіндіктері қайтадан теңеседі ғой. Осы сәтте бар күшімізді жұмылдыра алсақ. Қазақстанның «Барысы» КХЛ-дағы үздіктердің біріне айналатынына сенімдімін. Ол үшін Қазақстан хоккей федерациясы, оның президенті Асқар Мамин мырза елдегі хоккей спортының дамуына жан-жақты жағдай жасап отыр. Сондықтан біз өзімізге артылған сенімді ақтап шығуға бар күш-жігерімізді саламыз, – дейді жиырма жеті жасар Кевин Даллмэн келешекке сеніммен қарап.

Тағы бір айтарымыз, астаналық Кевин Даллмэн КХЛ чемпионатының тарихына бірінші хет-трик жасаған қорғаушы болып тіркелді. Ол Мәскеуде ЦСКА клубына қарсы ойнағанда үш гол соққан болатын. Жалпы Кевин биыл да лигадағы сұрмерген қорғаушылардың бірі болып келеді. Осылайша, негізгі міндеті қорғаушы болса да, қарсыластар қақпасында шайба тулата білетін Даллмэн астаналық жанкүйерді әлі талай қуанта беретініне біз де сеніммен қарайтын болдық.

– Кевин, Астана қаласында екінші жыл тұрып жатырсың, отбасыңыз осында ма, әлде Канаданы қимай жүр ме? – деп сұрадық кезекті бір кездескен сәтімізде.

– О, оо, Астана мен үшін қазірдің өзінде туған қаламдай болып кетті ғой. Отбасым осында, әйелім де, екі қызым да өзіммен бірге. Бізге «Барыс» хоккей клубы қонақ үй беріп қойған. Бос уақытым болғанда бәрін алып, қаланы қыдырғанды ұнатамыз. Астана әдемі қала ғой. Маған, әсіресе осы қаланың тұрғындары ұнайды. «Барыстың» жанкүйерлері көбейіп келеді. Қай матчқа болсын халық көп жиналады. Мені ойын біткен соң қаншама жанкүйерлер күтіп тұрады. Солардың бәріне көңіл бөлуге тырысамын. Өйткені, біз өзіміз үшін ғана ойнамаймыз ғой, біздің ойынымыз да, көрсеткішіміз де осы астаналықтарға арналады емес пе?! Мен әлі де бар күшімді салып ойнай беремін.

– «Барыстыц» екінші чемпионаттағы мақсаты қандай. команданың ішкі көңіл-күйін қалай бағалайсыз? – дегенімде Даллмэн сұрмерген алдымен күліп алып, содан кейін әңгімелей жөнелді.

– Бірінші мақсат, былтыр плей-оффқа шығамыз дегенбіз, бұл жоспарды орындадық. Ал биыл бұл көрсеткіштен асып, кем дегенде жартылай финал деңгейіне жетуді мақсат етіп қойып отырмыз. Қазір біздің командада күшті ойыншылар көбейді. Канададан Гласс деген жақсы қақпашы келді, сондай-ақ словактар Штумпел мен Подхрадски, чех Клоучек, ресейліктер Гимаев, Васильченко, Глазачев сияқты ойыншылар бар. Бәрі жақсы хоккейшілер. Ал Қазақстанның төл хоккейшілері Александр Корешков, Талғат Жайлауов, Андрей Гаврилин, Роман Савченко, Андрей Спиридонов және басқалары «Барыс» жанкүйерлерінің ең сүйікті ойыншылары десем, артық айтқаным емес. Біз осы жігіттермен бірге бір жұдырықтай жұмылып ойнап жүрміз. Мақсатымыз бір – КХЛ чемпионатында Қазақстанның намысын абыроймен қорғау.

* * *

...Астанадағы «Қазақстан» спорт сарайының мұз айдынында ине шаншар жер жоқ. Алаңда «Барыс» пен «Металлург» командалары ойнап жүр. Ресей премьер-лигасының чемпионы алаң иелерінің жойқын шабуылдарына тосқауыл қоя алар емес. Таблодағы есеп 7:0! «Барыс» осы ойында қарсыластарын 7:1 есебімен ойсырата ұтты. Кевин Даллмэн тағы да ерледі.



Андрей ШЕВЧЕНКО

«Милан», «Челси», «Динамо» командаларының шабуылшысы

Еуропаның ең үздік футболшысы, «Алтын доп» сыйлығының лауреаты

Украина құрамасының капитаны

МЕНИҢ ТАҒДЫРЫМ – ФУТБОЛ

Украинаның атақты футболшысы Андрей Шевченко 2009 жылы Астана қаласында ашылған «Астана – Арена» стадионында өткен алғашқы матчқа қатысқан қонақтардың бірі болды. Отандастары Олег Блохин, Игорь Беланов секілді әйгілі футболшылардың ізін басқан А. Шевченко бүгінгі таңда тек қана Украинаның ғана емес, әлемдік футболдың бір жұлдызына айналды. Еуропа мен әлемнің жасыл алаңдарында жасындай жарқырап, миллиондаған жанкүйердің жүрегін баулаған «Шева» футболдағы айшықты қадамын Киевтің «Динамо» командасында бастаған. Одан кейін талантты футболшы

Еуропаға жол салды. Алдымен кәрі құрлықтағы танымал клуб «Миланда» өнер көрсетті. Содан кейін Лондонның «Челси» командасында ойнады. Соңғы бір жылда өзінің түлеп ұшқан «Динамо» клубында ойнап жүр.

Шевченконың Астанаға келген сапарында аз-кем әңгімелесудің сәті түсті.

– Андрей, сіздің есіміңізді әлемнің бар жанкүйері біледі, футбол ойнауды қайда бастадыңыз? Футбол әліппесін кім үйретті?

– Бала кезімде біздің «Динамо» керемет ойын көрсетуші еді. Блохин, Буряк, Демьяненко, Заваров, Беланов секілді талантты футболшыларға қызығып өстік қой. Әлі есімде Олег Блохин 1975 жылы Еуропадағы ең мықты футболшы болып танылғаны. Киевтің «Динамо» Еуропаның чемпиондары кубогын жеңіп алғанда бүкіл Украина халқы сонымен қатар Совет Одағындағы барлық республикалардың жанкүйерлері қуанған еді ғой. Ал енді өзіме келетін болсам, барлық балалар сияқты футбол секциясына жазылдым. Жасөспірімдер мен жастар арасындағы жарыстарға қатыса бастағанымда бапкерлер тарапынан маған деген ерекше ықылас бола бастағанын сезіндім. Сондай бапкердің бірі – Валерий Лобановский болды. Бұл кісі менің тағдырымды біржола футболға бұрды.

– Лобановский әлемдік деңгейдегі жаттықтырушы екенін әлем мойындаған. Киевтің «Динамо»-ын, сонымен қатар КСРО құрамасын бірталай биіктерге көтергенін білеміз. Сіздің бүгінгідей атақты футболшы болуыңызға дәл осы бапкер әсер етті дейсіз бе?

– Дәл солай. Егер мен Лобановскийдің көзіне түспесем, оның қол астында жаттықпасам, дәл бүгінгідей Шевченко болмас едім. Шынымды айтам, мен өзімнің футбол жолымда мұндай ғажайып бапкерді көрген жоқпын.

– Олай болса, сүйікті бапкеріңіздің қандай қасиеттерін ерекше атап өтер едіңіз?

– Біріншіден, бұл адам Украина футболын жаңа белеске көтерген, біздің елдің футбол тарихына керемет жеңістер әкелген қайталанбас тұлға дер едім. Сонымен қатар Валерий Лобановскийдің адамгершілігі, азаматтығы, қарапайымдылығы өз алдына бір төбе еді. Ал, футболдағы біліктілігі, сезімталдылығы және талапкерлігі де ерекше болатын. Доп ойнайтын баланы алыстан танитындай еді. «Динамоның» әкесіндей болды ғой. КСРО құрамасында биік деңгейге көтерді емес пе?! Түйіндеп айтсам, Валерий Васильевич бұл заманның супер тренері болды.

– Жас кезіңізде Киевтің «Динамо» командасында ойнап, Еуропаның клубтық жарыстарында керемет шеберлік көрсеткеніңізді талай көргенбіз. Италияға қалай жолыңыз түсті?

– Мен «Динамода» ойнап жүргенімде «Милан» командасынан шақыру алдым. Осы клубтың президенті, Италия премьер-министрі Берлускони мырза менің ойныма сырттай көз салып жүрсе керек. Футболшылар біледі, мұндай мүмкіндік кім көрінгенге туа бермейді. Сондықтан мен команда басшыларымен ақылдаса келе Италияға баратын болдым. «Миланда» қалай ойнағанымды білетін шығарсыздар. Одан кейін екі жылдай Лондонда ойнадым. Бразилияның Рональдиню, Кака, Англияның Лэмпард, Тэрри, Коул, Германияның Баллак секілді футболшылармен, Дрогба сияқты ғажап шабуылшымен қатар доп тептім. Мұның бәрі менің футболшы ретіндегі өмірімнің өшпес іздері деп ойлаймын.

– Бұрынғы кеңес одағын алып қарасақ, Чемпиондар лигасын ұтып алған санаулы футболшының бірісіз. Мұндай деңгейі жоғары турнирде жеңіске жетудің жөні бөлек шығар.

– Әрине, Чемпиондар лигасын жеңу бұл әр футболшының арманы емес пе?! Мен «Миланның» сапында осы турнирді жеңген едім. Сондай-ақ «Челсидің» құрамында осы жарыстың финалында ойнадым.

– Украина құрамасымен қандай биікке көтеріле алдыңыз?

– Біздің құрама бір рет ширек финалға шықты. Бұл үлкен жетістік деп есептеймін. Жалпы қазіргі Украина құрамасының жағдайы жақсы деп ойлаймын. Құдай қаласа, алдағы жылы Оңтүстік Африкада өтетін әлем чемпионатына барып қалатын да шығармыз. Олай дейтінім біздің құраманың сапында бірнеше талантты футболшылар бар.

– Он жылдан астам Еуропа алаңдарында жарқырап ойын көрсеттіңіз. Өзіңізге жанкүйер болғанымды несіне жасырамын, қазір «Динамоға» қайтып келдіңіз...

– Иә, қазір мен өзім түлеп ұшқан «Динамода» ойнаймын. Еуропалық клубтарда бар талантымды көрсеттім деп ойлаймын. Ешкім маған ренжімейді деп ойлаймын, мен өз карьерамды туған командада бітіргім келетін шығар...

– Астанаға келген мақсатыңыз қандай?

– Мені Қазақстанның футбол федерациясы осындағы «Астана-Арена» стадионының ашылу салтанатына арналған матчқа қатысуға шақырды. Мен бұл шақыруды ризашылықпен қабылдадым. Өйткені біз бәріміз бұрынғы бір алып мемлекеттің елдеріміз ғой. Сондықтан бір-бірімізге құрметпен қарауымыз керек қой. Ал, сіздердің стадиондарыңыз шынымен де ғажап екен. Маған өте ұнады. Нағыз футболдың стадионы.

* * *

...Миллиондардың ойыны футболдың құдыретін көтерген Андрей Шевченко осылай сыр шертті. Ала доптың арқасында туған елі Украинаның абыройын аспандатқан сайыпқыран жігітке біз де риза болып, еліңе де, әлемдік футболға да әдемі ойындар көрсете бер деп тілек қостық.

III БӨЛІМ

СӘУЛЕТТІ, САЛТАНАТТЫ...



«АСТАНА-АРЕНА» – СУПЕРСТАДИОН

Қазақстан спорты индустриясының елеулі жетістігі деп Астанада бой көтерген «Астана-Арена» стадионын айта аламыз. Есілдің сол жағалауында ат шаптырым жерді алып жатқан жаңа футбол стадионы ФИФА және УЕФА стандарттарына сәйкес салынды. Ұзындығы 105 метр, ені 68 метр футбол алаңы қысы-жазы қолдан өсірілетін көк майса шөппен көмкерілген. Футбол алаңын ауа-райының құбылмалы жағдайларынан, яғни жауын-шашыннан, қардан, желден және аптап ыстықтан жылжымалы шатыр қорғайтын болады. Ал бұл шатырды жабу және ашу үшін небары 20 минут уақыт кетеді. Яғни, қандайда күтпеген жағдайда жарысты тоқтатпай жалғастыруға кепілді болмақ. Мұндай жылжымалы шатыры бар стадион әлемнің бес-ақ қаласында бар екен. Сонымен қатар футбол алаңындағы көгалды қалыпты жағдайда ұстау үшін арнайы жылыту жүйесі іске қосылған. Бұл жүйе бойынша бес градустық жылылық тұрақты сақталып тұрады. Жалпы, футбол алаңының негізгі топырақ-тастан құйылып, оның үстіне жылыту жүйесі жүргізіліп, содан кейін қолдан өсірілетін көгалмен көмкеріліп жасалған.

Бұл стадионда өтетін матчты 30254 адам тамашалауға мүмкіндік алады. Оның ішінде 72 орындық мүгедек жандарға жабдықталған. Төменгі батыс трибунада 2656, жоғары батыс трибунада 4916, төменгі шығыс трибунада 5828, жоғары трибунада 5322, солтүстік трибунада 4814, оңтүстік трибунада 4814, журналистер үшін батыс трибунада 342, жеке мәртебелі қонақтар үшін батыс

трибунада 1562 орындық орналастырылған. Сондай-ақ, стадионның батыс бөлігінде төменгі және жоғарғы трибуналардың ортасында VIP сют жабдықталған. Онда 44 шаршы метрлік президенттік сют, он екі орындық 16 VIP сют, 100 адамға арналған мейрамхана-бар және VIP зал орналасқан. Жаңа стадионның батыс трибунасы астында спортшылардың киім-кешек сақтау бөлмелері, төрешілердің кабинеттері және арнайы жабдықталған допинг-бақылау, медициналық бөлмелер орналасқан. Шығыс трибуна жағында билет кассалары тізілген. Стадионда қазіргі заманғы циперблат, бейне-табло және 26 бейнекамера жұмыс істейді.

Стадионға жанкүйерлердің келуіне де жан-жақты жағдай жасалған. Осындағы ойынды тамашалауға жеке көліктерімен жететін жанкүйерлер үшін Қабанбай батыр даңғылы жағынан 1064 көлікке арналған автотұрақ, таксилер үшін 88 орын, 34 үлкен автобустар тұратын арнайы орындар жабдықталған. Ал Сарыарқа көшесі жағында 344 көрермен үшін ашық автотұрақ, баспасөз өкілдерінің көліктері үшін 65 көлік орны жоғары лауазымды қонақтардың машиналарына 136 автоорын жасақталған. Сондай-ақ стадионның ішінде 38 көлікке арналған жабық автотұрақ орналасқан.

Астанада бой көтерген «Астана-Арена» футбол стадионы еліміздегі ең үлкен әрі ФИФА және УЕФА талаптарына сай ірі халықаралық ойындарды өткізуге мүмкіндік беретін бір айрықша спорт кешені болмақ. 2008 жылы Астананың 10 жылдық мерейтойына мәртебелі қонақ ретінде шақырылған УЕФА президенті Мишелб Платини жаңа стадионның құрылысын аралап көргенде «Астанадағы стадион салынып біткенде, мұнда УЕФА бағдарламасындағы кез келген халықаралық матчты өткізуге мүмкіндік туады. Халықаралық стандартқа сай салынып жатқан стадионда алдағы

уақытта Еуропаның клубтық турнирлерінің финалдық матчы өтіп жатса тандануға болмайды. Өйткені, Қазақстан футболды дамытуға үлкен қадамдар жасалып отырғанын біліп отырмыз» деген пікірін айтқан еді. Бұл сөзді біз Еуропаның футболын басқарып отырған атакты Платинидің Астанадағы жаңа стадионның құрылысын жоғары бағалап, елордамызға әлі талай келетінін білдірді деп қабылдадық.

«Астанада салынып жатқан футбол стадионының жобасы әзірге әлемнің ешбір елінде жоқ. Бұл бір ерекше стадион болайын деп тұр. Көптеген елдердегі ірі стадиондардың оңтайлы ерекшеліктерін ескерген және жаңа идеялармен толықтырылған зәулім кешен болмақ. Мәселен, стадионның шатыры толықтай жабылып, толықтай ашылатын болады. Тағы бір ерекшелігін айтар болсақ, далада аяз болып тұрғанда стадион ішінде 10 градустық жылылық сақталып тұрады. Ол үшін 1 миллион 56 мың текше метр жылы ауаны тұрақтандыратын арнайы қондырғы іске қосылған. Бұл дегеніңіз стадионда қыс мезгіліне де ойын өткізуге толық мүмкіндік болады деген сөз» дейді жаңа стадионның жоба менеджері.

Иә, халықаралық стандартқа сай салынған стадион біздің Астанамыздың мәртебесін төрткүл дүниеге айрықша нысан болары сөзсіз. Өйткені, бұл алаңда тек қана елшілік жарыстар ғана өткізіліп қоймай, күні ертен «Астана-Арена» стадионында УЕФА турнирлерінің финалдық матчтары өтіп жатса танданбайтын боламыз. Құдай қаласа, Астанамыздың сәулетіне сән қосқан стадионымызда Қазақстан құрамасы Италия, Бразилия, Испания, Аргентина сияқты футбол державаларымен де ойын өткізетін болар. Сол ойындарды көретін қазақ балаларының футболға деген құштарлығы тіптен артып, осы «Астана-Арена» стадионында жаттығатын

ұландарымыздың қатарынан Пеле, Марадона, Зидан, Шевченко, Бехкем, Роналду, Аршавин... секілді жұлдыздар өсіп шығар.

Ең бастысы бар қазақтың бас қаласына айналған Астанамызда ФИФА және УЕФА стандарттарына жауап беретін суперстадион бой көтерді. Осы бір зәулім де ғажайып алаңымыз Қазақстан футболын биік белестерге көтеретін құтты шаңырақ болғай деп тілейміз.

* * *

Ақжолтай, Астана! Жақында елордамызда ел жүрегін елжіреткен ерекше қуанышқа да кенелдік. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Есілдің сол жағалауында бой көтерген жаңа футбол стадионын салтанатты жағдайда ашты. Бұл УЕФА стандартына сай салынған, Орталық Азияда теңдесі жоқ спорт ғимараты болып отыр.

– Елордамыз Астана ХХІ ғасырдың ең сәулетті де әдемі қаласы болып келе жатыр. Мұнда жыл сайын Астана күні қарсаңында жаңа ғимараттарды пайдалануға беру дәстүрге айналып отыр. Бүгін сол дәстүрдің жалғасы ретінде Астанамызда өңірде теңдесі жаңа футбол алаңының тұсауы кесіліп отыр. Бұл төбесі жабық стадион УЕФА стандарттарына сай салынды. Мұнда қысы-жазы жаттығулар жасауға болады. 2011 жылы елімізде қысқы Азия ойындарының ашылу және жабылу салтанаты осы стадионда өтеді. Жаңа стадионымыз халық үшін, бәрімізге құтты болсын! Еліміздің игілігіне қызмет етсін! – деді Елбасы ашылу салтанатында.

Осылайша талайдан күткен стадионымыз ашылды! УЕФА стандартына сай салынған стадион болғандықтан, бұл күні ала доптың қызығына кенелмей кетпегеніміз анық. Ойын болғанда да осал ойын болмады. Жаңа стадионның жасылалаңына бірінші болып Қазақстанның

жастар құрамасы шықты. Команда капитаны Талғат Адырбеков Елбасына осындай стадион салуға қолдау көрсеткені үшін барлық спортшы қауым атынан алғыс айтып, құраманың жейдесін сыйға тартты.

Алаңға екінші болып Астананың «Локомотив» командасы шықты. Қалың жанкүйер ду қол соқты. Бұны біз ұлттық чемпионатта елорданың намысын қорғайтын алаң иелеріне деген қошеметтің белгісі деп түсіндік.

Қызықтың көкесі алда екен... жастар құрамасына тағы екі ойыншы қосылды. Кімдер дейсіз ғой?! Андрей Шевченко мен Каха Каладзе. Кәдімгі Украина мен Грузияның бағына туған экстра-футболшылар. Астаналық «Локомотив» те қатарына әлемдік жұлдыздар тартқан екен. 2002 жылғы әлем чемпионатында Түркия құрамасын үшінші орынға көтерген Хакан Шүкір мен Хасан Шаш астаналықтардың шашбауын көтеруге келіпті. Қарап отырсақ, төртеуі де – төрткүл дүниеге әйгілі футболшылар. Ал стадион дикторы осы матчтың төрешісін хабарлағанда жанкүйер қауым тік тұрып қол соқты. Төреші бүкіл әлемге «Фантомас» атанып кеткен итальяндық Пьер Луиджи Коллина болды. Сол Коллинаның ысқырығы шыр еткенде ала допты бірінші болып ел Президенті тепті... Осы сәтте қалың жұрт орындарынан тұрып, ой-хой шапалаққа басты. Бұл баршамыздың жаңа стадионның іске қосылғанына қуанған сәтіміз болды.

Ақжолтай, «Астана-Арена», қазақ спортының мерейін көтеретін құтты шаңырақ болғай!

«ҚАЗАҚСТАН» – СПОРТ САРАЙЫ

Жыл санап сәулеті мен дәулеті асқақтаған елордамыз бүгінде еліміздің саяси-экономикалық орталығы ғана болып қоймай, өнер мен спорттың да үлкен ордасына айналып отыр. Бұрынғы қала келбеті мен қазіргі елордамыздың ажарына көз жіберсек, Астанамыз шын мәнінде қарыштап дамып, әлемдегі әсем шаһарлардың біріне айнала түскенін аңғарамыз. Қарап отырсақ, Есілдің екі жағасында да қаншама көркіне көз тоймайтын зәулім ғимараттар бой түзеп, Астананың айбынын бар әлемге айшықтап тұр.

Астананың ажарын айшықтаған ғимараттың бірі – «Қазақстан» спорт сарайы. Астананың бас жоспарын дайындау барысында жаңа елордада әлеуметтік нысандардың құрылысын жедел салуға баса назар аударылғаны белгілі. Бүгінде республикамыздағы ең таңдаулы спорт кешені болып отырған «Қазақстан» спорт сарайының жобасын ұсынған да, осы ғимаратты салуға бастама көтерген де мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың өзі болған еді. «Әлем Қазақстанды Астана арқылы танытын болады» деп жас елорданың келешегіне айқын сеніммен караған мемлекет басшысының Астана қаласында ірі халықаралық жарыстар өткізуге мүмкіндік беретін спорт сарайын салу жөніндегі игі бастамасын қолдаған демеушілер де аз болмады. Осылайша «Шеврон», «Аксесс Индартриз», «Эксон Мобил», «Испат Кармет», «Филипп Моррис» және басқа да ірі компаниялардың қолдауымен 1999 жылы құрылысы басталған «Қазақстан» спорт сарайы айналдырған екі жылдың ішінде пайдалануға берілді. Содан бері бұл сарай қандай да болсын халықаралық жарыстарды өткізетін ірі спорт нысанына айналып отыр.

«Қазақстан» спорт сарайының бір айтарлықтай ерекшелігі бұл ғимаратта бір мезгілде бірнеше жарыс

өткізуге толық мүмкіндік бар. Ал ең басты алаңы, әрине, мұз айдышы. Бір матч барысында 5000 жанкүйерді қабылдай алатын алаңда тек қана хоккей немесе мәнерлеп сырғанау бойынша жарыстар өтіп қоймай, арнайы технологияның көмегімен басқа да спорт түрлерінен жарыстар өткізуге болады. Атап айтар болсақ, осы алаңда өткен бірнеше ірі халықаралық жарыстарға өзіміз де куә болғанбыз. «Қазақстан» спорт сарайында әр жылдарда бокстан және самбо күресінен өткен Әлем кубогы, дзюдо және грек-рим күрестері, волейбол жарыстары бойынша өткен Азия чемпионаты мен халықаралық турнирлер аталмыш спорт кешенінің әлемдік жарыстар өткізудің стандарттарына жауап беретінін дәлелдеп берді. Осындағы олимпиадалық стандарттарға жауап беретін жүзу бассейні де халықаралық жарыстарды өткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ спорт сарайында басқа да көптеген спорт және өнер түрлері бойынша жаттығу залдары жеткілікті. Мәселен, Олимпиада ойындарының жүлдегері Асхат Житкеевтің дзюдо залында бүгінде жүздеген бала күнделікті жаттығулар жүргізіп жүрсе, жабық футбол алаңында қаланың кәсіпорындары мен мекемелері алдын ала тапсырыс беріп, жарыс немесе жаттығу өткізеді. Жалпы спорт сарайында хоккей, футбол, дзюдо, айкидо, каратэ, мәнерлеп сырғанау, жүзу, спорттық би және коньки спорттары бойынша балаларға және әуесқой спортшыларға арналған секциялар тұрақты жұмыс істеп келеді. Синхронды аудармасы қосылған баспасөз конференциясы залы да отандық және шетелдік журналистердің жедел ақпарат таратуы үшін жан-жақты жабдықталған. Спорт сарайындағы мейрамхана мен қонақ үйі де елордаға жарысқа келген спортшылар мен қонақтар үшін мінсіз қызмет көрсетуде.

2006 жылы спорт сарайында едәуір өзгерістер жасалды. Астананың «Барыс» хоккей клубы Континенталдық хоккей лигасында (КХЛ) өнер көрсетуіне байланысты мұз айдынында лиганың регламентіне сәйкес жарықтандыру, командаларды қабылдау орындарына қатысты бірқатар жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар жүзу бассейнін қайта



жарактандыру үшін күрделі жөндеу жүргізу қолға алынды. Жалпы спорт сарайында түрлі жарыстар мен шаралар жиі өтетіндіктен, оның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету біздің басты міндетіміз. Өйткені, «Қазақстан» спорт сарайы жылдан жылға нағыз халықаралық спорт аренасына айналып барады, – дейді «Қазақстан» спорт сарайының директоры Ерболат Ақанов. Спорт сарайында сондай-ақ аквааэробика, йога және кардиотренажер залдары іске қосылған. Спорт кешенінде денсаулығын шыңдау үшін корпоративтік келу жүйесі де қалыптасқан. Демек, ұжым болып келген кәсіпорындар мен мекемелер қызметкерлеріне жеңілдіктер жасалатын болады.

Республика спортының мақтанышына айналып отырған «Қазақстан» спорт сарайы тек қана жарыстар өткізумен шектелмей, әлемдік жарыстарда ел намысын қорғайтын сайыпқыран спортшыларымызды даярлайтын үлкен ұстахананың рөлін де атқарып келеді. Игілікке айналған сәтінен бастап бірнеше әлемдік додаларды қабылдаған «Қазақстан» спорт сарайында әлі де байрақты бәсекелердің жалауы талай желбірейтіні сөзсіз. Сондай халықаралық деңгейі биік жарыстың бірегейі 2011 жылы өтетін Азия ойындары болмақ. «Қазақстан» спорт сарайы шайбалы хоккей және мәнерлеп сырғанау ойындарын қабылдайды. Бас қаланың басты алаңы Қазақстан спортшыларының шыңға жетелей бер!

Жақын арада Астана қаласында Халықаралық велотрек және конькимен жүгіру стадионы пайдалануға беріледі. Осы нысандар игілікке айналған кезде қазақ елордасы халықаралық спорт аренасына айнала түседі.

IV БӨЛІМ

ӨТТІҢ ДҮНИЕ...





ҚАЖЫМҰҚАН
(1871 – 1948)

Қажымұқан Мұңайтпасұлы – французша және еркін күрестен көптеген халықаралық турнирлердің жеңімпазы. 1908 жылы Германияда өткен әлем біріншілігінің финалында немістің атақты балуаны Генрих Веберді жеңіп, бірінші рет әлем чемпионы атанды. 1910 жылы Аргентинаның астанасы Буэнос-Айресте, 1913 жылы Ресейдің Троицк қаласында, 1914 жылы Франция астанасы Парижде еркін күрестен өткен әлемдік чемпионаттың жеңімпазы. Токио, Харбин, Стамбұл, Мәскеу, Берлин, Санкт-Петербург, Будапешт, Киев, Лондон, Прага, Кабул, Тегеран қалаларында өткен халықаралық жарыстарда чемпион атанды.

1927 жылы Қазақ ССР Орталық Атқару комитетінің Президиумы «Қазақ даласының батыры» атағын берді. Астана қаласының бір көшесі және орталық стадион Қажымұқан Мұңайтпасов есімімен аталады.

ҚАЖЫМҰҚАН РУХЫ

Төрткүл дүниеге қазағын танытқан қайран Қажымұқан бабамыздың қадірі өзінің кіндік қаны тамған елінде неге көтерілмей отыр?

Қазақстанның бас қаласы Астананың батыс беткейінде 20 шақырымдай жерде орналасқан Қажымұқан ауылының аты дардай болғанымен, әлеуметтік жағдайы сын көтермей тұрғаны ащы болса да ақиқат. Қайран Қажекеңнің, кіндік қаны тамған ауылда көз тоқтататын, ауыз толтырып айтар мәдени мүйіс, тарихи орын жоқтың қасы. Сонау өткен ғасырдың басында-ақ қарға тамырлы қазағын төрткүл дүниеге танытқан тұлға туған жерінде құрмет тұғырына бір көтерілмей-ақ қойды.

Күпірлік болар, жоқ деп кесіп айтпайық. Ауылда шағын мектеп бар. Онда Қажымұқанның күрес әлеміндегі жасындай жарқылдаған сәттері туралы әр жылдарда газет-журналдарда, кітаптарда жарияланған мақалалар, бірді-екілі болмашы бұйымдар жинастырылған. Сондай-ақ мектептің ауласында атақты спортшының осы жерде туғанын білдіретін белгітас тұр. Міне, осы дүниелер сан жылдардан бері алпауыт бабамызды дүниеге әкелген алақандай ауылдың баға жетпес қазынасы болып келеді. Басқа...

Өкінішке қарай, бұл ауылда «Міне, осы ауыл – күш атасы Қажымұқанның туған ауылы» деп көзге ілінетін ештеңе жоқ. Шіркін-ай деймін, кешегі азуын айға білеген социализм кезеңіндегі молшылықтың тұсында да Қажекеңнің аруағына бас иетін бір «деректрдің» немесе «селсәветтің» табылмағанын қараңызшы. Осындай ойлардың жетегіне түскенде, аруағыңнан айналайын, Қажеке, өзіңіздің рухыңызбен сырласқым келеді...

Сонау нәубет жылдары «халық жауы» атансаңыз, әңгіменің жөні басқа еді ғой. Қайта боз кілемдегі нағыз интернационалист сіз болған жоқсыз ба?! Қажет дегенде орыстың да, қазақтың да, жапонның да, түріктің де шашбауын көтермеп пе едіңіз. Есіміңіз дүниежүзінің спорт тарихында атақты балуан ретінде тасқа басылған, Ұлы Отан соғысы кезінде қартайған шағыңызға қарамай, қайырымдылық танытып, жеке қорыңыздан 100 мың сомды ұшақ жасау үшін майданға тапсырған Сізге туған жеріңізде лайықты құрметтің көрсетілмеуі неліктен екен?! Әлде, Сіздің тұлғаңыз ескерткіштің стандартына келмеді ме? Мүмкін шарболаттай тұлғаңызды сомдауға қаражат қат болды ма? Егер олай болса, басқаны айтпай-ақ, өзіміздің елімізде ғана ондаған жылдар мызғымай тұрған Лениннің, Дзержинскийдің, Ермақтың, тағы басқа көсем-тұлғалардың арзанға соғылғаны ма?! Түсініп болмаймын. Не ауылда, не қалада айбарыңызды сезбеген соң осылай ойлаймын да.

...Ойды ой қозғайды. 1993 жылы Алматыда дүркіреп өткен «Қажымұқан бенифисіне» қатысқанда, сол шараға куә болған түрік ағайындар «Қажымұқандай мықтысы бар халық бақытты» дегені әлі есімде. Сонда маған түрік ағайындардың сол сөзінде ұлттық мақтанышқа деген қызғаныш та жоқ емес сияқты болып көрінді. Қажымұқан батырдың туған елінде тұңғыш бенефисін ұйымдастырған белгілі журналист Қыдырбек Рысбекұлы үлкен шаруаны қолға алған-ақ еді. Алайда аты аңызға айналған балуан бабамыздың рухын көтеруге келгенде ел болып қолға алатын әкім-қаралар табылмай қойды. Әйтпесе, содан бері Қажекеннің шашбауын көтере бергенде бүгінде батыр бабамыздың ескерткіші де, мұражайы да, салтанатты сарайы да бой көтеріп қалар ма еді?!

Иә, қайран баба, Сіз сенбессіз, бірақ жағдай осылай. Өзіңіздей өр тұлғаға еліміздің үлкен қалаларында бір ескерткіш қоюға да дәрмен болмай

тұр. Чемпиондардың чемпионы болсаңыз да, кіндік қаныңыз тамған ауылыңыз ондаған жылдар бойы Буденный ағанын келген, әйтеуір еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Қажымұқан ауылы атанды. Бергін келе Астанадағы орталық стадионға да есіміңіз берілді. Ақмола облысын әр кезеңдерде басқарған басшылардың, аудан әкімдерінің дәрмені осыған ғана жетті. Бұған да шүкіршілік жасап, бөркімізді аспанға атқанымыз бар.

Тағы да ойлаймын... Осы стадионның алдында ескерткішіңіз тұрса ғой. Онын ішінде бәленбай шаршы метр бөлмелер бар. Солардың бірінде сіздің өмір жолыңызға арналған мұражай болса, қандай ғанибет болар еді деп қиялдаймын.

Басканы білмеймін, өзім Қажымұқан бабаны ойласам, боз кілемде буырқанған алыпты, халқының қайратын көрсеткен қазақты елестетемін. Екі кісі белдесе кетсе, күрес туралы сөз қозғалса да. Қажекеннің құдіретіне иланып, «Аруақ», «Аруақ» деп қиқу салмайтын казак кемде-кем шығар.

Жә, жарайды, өткен күннің өкінішіне несіне өкпе арта береміз. Одан да бүгінгі күннің ағымына тоқталып, келешектің көкжиегіне иек артып көрейікші. Қажымұқан ауылында бұрында 50-ге таман отбасы түтін түтетіп келген. Бүгінде жан-жақтан қоныстанған жұрт көбейді. Бұл ауыл едәуір ел болып қалды. Бау-бақша шаруашылығы іске қосылды. Бірнеше мың гектар алқапта дәнді-дақылдар өсіреді. Оның үстіне әр әулеттің меншігінде жылқысы, сиыры, қой-ешкілері жетерлік. Яғни, малын бағып, құсын баптап, шаруасын жайлап отырған елдің, құдайға шүкір, қарны тоқ, көйлегі көк десе де болады. Ауылды көркейту, көгалдандыру жөнінен де шаралар жүзеге аса бастады. Егер осы ниет, осы қолдау жалғасын таба берсе, ертең-ақ алақандай ауылдың ажары ашыла түсетіндігіне күмән келтірмейміз. Тағы бір ескертетін жайт: халықаралық маңыздағы

«Алматы – Екатеринбург» автомобиль тас жолы осы ауылдың тура ортасынан кесіп өтеді. Қазіргідей шалғайдағы еңсесі түскен елді мекендерден қоныс аударушылар Қажымұқан ауылына уық шаншып жатса, өрістің кеңейгені емес пе? Сөйтіп, ауыл тұрғындарының саны артып, осындағы шағын мектеп үлкен орта білім ошағына айналары сөзсіз. Сосын осы мектепте күрес секциясын ашу міндеті өзінен-өзі туындайды. Қажымұқан ауылынан сайысқа түскен балуан осал болмауға тиіс. Яғни, күрес секциясы нағыз шеберлер ұстаханасына ұласар еді. Байқайсыз ба, осы шаруалардың өзі жүзеге асып жатса, елдің ертеңгі күнге сенімі, ауыл жастарының болашаққа деген ұшқындай сезімі жалынға айналар еді ғой. Батыр бабаның рухы да алға ұмтылған ұрпағын жебемей қоймайды. Амандық болып, ауыл, аудан, облыс басшыларынан қолдау болып жатса, бұл – шалынбайтын шаруа емес. Арпалысса, алынбайтын қамал жоқ. Тек ниет керек.

Мемлекетіміздің елордасына айналған Астанадан таяқ тастам жерде болған соң, Қажымұқан ауылын көруге ниет білдірушілер болмай қоймайды. Бүгінде елордамыз Астанада түрлі спорт кешендері, стадиондар салынып жатыр. Алдағы уақытта бас қаламызда халықаралық жарыстардың да жиі өтетіні белгілі. Қажекенді тілге тиек етіп, қазақ–балуан халық деп мақтанғанда сондаймыз, ал сол Астанаға жарысқа келген спортшылар «Ұлы Қажымұқан бабаларың туған ауылға барып келейік, күш атасының туған жерінен бір қуат алып қайтайық...» десе, бетімізге шок түсерін ойладық па?

Қажымұқанды ұлы балуан деп таныған шетелдіктерге ауылдағы малдың тұяғы, егістіктің бітімі – дүние емес. Олар келсе, атакты «Муханураның» еңселі ескерткішін, мәуелі мұражайын тамашалауға келеді. Ал бізде ол жоқ. Оқу бөлмелері, кітапханасы, мұражайы, от жағатын орны бір төбенің астындағы

мектен қана бар. Әйтеуір, мектеп ауласындағы «Осы ауылда Қажымұқан Мұнайтпасұлы туған» деген белгіге ғұр. Көңілге медет болар дүние әзірге осы ғана. Осыдан кейін рухың түспей көрсін. Бабаңның ұлы күрескер болғанын өрең жеткенше өзеуреп, сөзбен дәлелдеуге тура келеді.

Міне, ендігі әңгіменің желісі осы ұлттық рух хақында болмақ. Егер біз Қажымұқанды қазақтың тұңғыш әлем чемпионы, «Дала батыры»деп танысақ, дара тұлғаның кіндік қаны тамған ауылды қазақ спортының оймақтай ұясына айналдыруымыз қажет. Ол үшін осы ауылда спорт кешенін іске қосуды қолға алатын кез жеткен сияқты. Бұл шараны жүзеге асыру үшін алдымен ауыл ортасынан мәдени-спорт кешенін тұрғызу керек. Онда жарыс және жаттығу өткізілетін зал, мұрағаты бай мұражай, жуыну орны, тағы басқа да қажетті бөлмелер болса жеткілікті. Кешеннің айналасы кең болып, әшекейленіп қоршалса, ауласында ағаштар отырғызылып, гүлзарлар бүршік жарса. Мәселен, Астанадағы «Еуразия», «Астана», «Каспий» спорт кешендерінің үлгісінде шап-шағын етіп салса да жарайтын еді. Содан кейін ескерткіш сомдалса. Егер осындай кешен пайдалануға берілсе, оның жұмысын атқаруға осы ауылдан «отымен кіріп, күлімен шығуға» дайын азаматтар табылары сөзсіз. Кешенді аудандық, тіптен облыстық туризм және спорт басқармасының балансына беріп қойса тіпті жақсы болар еді. Тіптен егер біздің ойымыздағыдай осы ауылда спорт кешені ашылып жатса, онда осындағы жарысқа қатысушылар ауылға түнемей-ақ, іргедегі Астанаға келіп-ақ қонақтап жүре берер еді ғой. Тәйірі, бұл заманда жиырма шақырым деген алыс жол емес қой. Астана қаласының арғы-бергі шеті 20-30 шақырым болады екен. Әрине, мұның бәрі айтуға ғана оңай сияқты болып көрінуі мүмкін. Әйтсе де, республикалық, облыстық, аудандық спорт және туризм жөніндегі басшы органдардың

жетекшілері бір женнен қол, бір жагадан бас шығара кимыл көрсетсе, алынбайтын қамал емес. Үкіметке неге ұсыныс жасамаққа. Ел емесіз бе, елдің ерін көтеруге көп болып жұмылсақ, көтерілген бастама көл болмай ма?! Міне, бізге осындай ұлтжандылық, намысқойлық және шаруақорлық қасиеттер жетпей жатқан сияқты. Әкім-қаралардан қайран болмаса... Жақсылық – жампоз, Дәулет – дарабоз, Бақтияр – баһадүр, қайдасындар?! Биткөзов, бармысың? Жақытов, жокпысың?

Халқымыздың бағына туған күш атасы Қажымұқанның өнеріне тәнті болған әлем жұртшылығы оған «Мұсылмандардың ен үлкен балуаны» деген атақ берген. Біле білсек, Қажекең төрткүл дүниені түгелдей аралап, қазақ ұлтының күшті екенін, қайратты екенін сан мәрте дәлелдеген екен. Осындай біртуар тұлғаның туған жерінде қадірі неге төмен деген сауалға жауап беретін адам табылар ма екен? Болмаса, жұрты неге намыстан жарылмай жүр.

Тағы да өкініштен кеудені кернеген жүрек қағысы көсіліп барады...

«Қажымұқан – біздің бабамыз», «Қажымұқан – қазақ халқының ұлы перзенті» деп кеуденді сокқың-ақ келеді. Іштегі тұншыққан құрметте шек жоқ-ау. Өтген, көзге көрінер, тұғырға байланған құрметке не жетсін. Достың рухын тасытатын, дұшпанның мысын басатын айбар болмаған соң ұлықтың өзі кішікке айнала береді екен ғой.

Қажымұқан бабаның рухы туралы ойлай берсем, қолымдағы қалам су жорғалап тоқтар емес. Кезінде халқының абыройын асқақтатқан біртуар тұлғаның бағын қазақтан басқа кім ашады деймін өзіме өзім. Сөйтемін де тағы да ойға шомам, қиялға берілемін...

«...Арада жылдар өтіпті. Астананың көшелерінде «Қажымұқан ауылында еркін күрестен Азия чемпионатының салтанатты ашылу рәсімі өтеді...». «Қазақтың тұңғыш кәсіпқой спортшысы

Қажымұқанның мерейтойына арналған «Дүние-жүзінің түйе балуаны» халықаралық жарысы өтеді...», «Қажымұқан ауылында өтетін жасөспірімдер арасындағы Қазақстан біріншілігіне шақырамыз...», «Қажымұқан-Астана» аламан бәйгесі өтеді деген хабарландырулар, жарнамалар алыстан көз тартады. Спорт десе ішкен асын жерге қоятын ұлым «Әке, Қажымұқан ауылына барайықшы, сонда өтіп жатқан чемпионаттың финалын көргім келеді» дейді. Бардык. Ауылда мейрам. «Қажымұқан» мәдениет және спорт кешені көздің жауын алып тұр. Ән-күй... Көтерілген қазандар мен бұрқыраған самаурындардың жанында ақшасын шытырлатып шетелдіктер жүр. Ауыл ақсақалдары мен бала-шаға келгендердің бәрімен ізетті амандасып, қош келгенімізге қуанышты. Автобус, жеңіл машиналардың неше түрі тізіліп қалыпты. Кешеннің ішіне кірсек, тіпті ғажап, төрде Қажымұқан бабаның орасан суреті ілінген. Кілемде күрес қызып жатыр... Соңғы жұп ортаға шықты. Жеңгені «Әлемнің түйе балуаны» атанбақ. Біреуі қазақ... Зал ішін «Қажымұқан», «Аруақ», «Аруақ» деген сөздер тұндырып тұр. Орыс та, неміс те, кәріс те «Хаджи-Мукан» деп айғайлайды. Байқасам, жұдырықтай ұлымның жүзінде мақтаныш сезім ұялап қалған сияқты. Менің де рухым көтеріліп кетті».

Әй, көңіл-ай, көкдөнендей неткен жүйрік едің. Бір сәттік осы қиялым он жылдан соң орындалса да кеш болмас еді. Қажымұқан рухын көтеру жөнінде тізгін ұстаған әкім-қаралар құрығанда қиялдап көрді ме екен? Ал қиялсыз қандай іске қанат бітпек?

Мемлекеттің дамуын межелеген «Қазақстан-2030» атты стратегиялық бағдарламада басымды бағыттардың бірі ретінде белгіленген салауатты өмірді қалыптастыру үшін де алдымен талпынатын тұғырды айқындап алу керек сияқты. Біле білсек, сол тұғырдың бірі Қажымұқан рухы емес пе?!

Бұл мақаланы жазғандағы ойым - биыл Ақмола облысының 70 жылдығы аталып жатыр. Менің біліуімше облыста осы айтулы датаға байланысты неше түрлі шаралар өтуде. Атам қазақта «Ештен кеш жақсы» деген сөз қалған емес пе, олай болса мүмкін, осы жылда қайран Қажымұқан батырымызды құрмет тұғырына көтеру басталып кетер?!.



АНАТОЛИЙ ХРАПАТЫЙ
/1963 – 2008/

КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері.

Қазақстанның көп дүркін чемпионы.

КСРО чемпионы – 1985, 1986, 1987, 1988, 1989, 1990 ж.ж.

Еуропа чемпионы – 1984, 1985, 1986, 1987, 1988, 1989, 1990 ж.ж.

Әлем чемпионы – 1986, 1987, 1988, 1989, 1990 ж.ж.

Олимпиада ойындарының чемпионы – 1988 жыл.

Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері – 1996 жыл.

Азия чемпионы – 1995, 1996 ж.ж.

Азия ойындарының чемпионы – 1997, 1999, 2001 ж.ж.

Астана қаласының Құрметті азаматы.

ҚАЙРАН ХРАПАТЫЙ

Күш атасы Қажымұқан бабамыздан кейін қасиетті Ақмола атырабын төрткүл дүниеге сан мәрте танытқан да, мойындатқан да атақты ауыр атлет Анатолий Храпатый болғаны айқын. Кезінде Кеңес Одағының, атамекені

Қазақстанның намысын қорғап, байрағын биіктен желбіреткен саңлақ әлі де сапта, әлі де мойны озық. Он екі пұт кірдің тасы байланған белтемірді көтеріп, әлемнің түкпір-түкпірінде талай рекорд жасаған Храпатый шын мәнінде ел баласы, халық мақтанышы болып кеткен еді. «Күш атасын танымас» деген қанатты сөз осындай апайтөс жігіттерге ғана арналып айтылса керек.

Қазақ даласының қасиетті мекендерінің бірі Атбасарда кіндік қаны тамып, осы жерде ер жетіп, спорттағы алғашқы қадамдарын жасаған Анатолий қаншама жылдар Қазақстанның мерейін тасытты десеңізші?!

Спорттағы жетістіктері ұшан-теңіз сайыпқыранның мен білетін бір қасиеті – отансүйгіштігі. Егер «Елдің ең үздік патриоты» деген атақ болатын болса, оны ойланбай беретін адамның бірі осы Храпатый болатыны сөзсіз еді. Осыдан бірнеше жыл бұрын шетелдерден, сондай-ақ өз еліміздің басқа аймақтарынан Храпатыйға қолқа салғандар табылған. «Қанша сұрасаң, сонша ақша, қанша қажет десең, сонша дүние беруге әзірміз, тек біздің елдің намысын қорғасаң болды» деген алдын ала шарттар да жасалып қойған еді. Қайта-қайта келісім сұрағандар бір емес, бірнешеуі бір-ақ болған.

Өзінің бағасын да, беделін де бағамдай білетін Храпатый болса өз Отаны мен Астанасын ешкімге айырбастамады. Туған жерге ешкімді теңгермеді. Осындай ұлды қалай ғана алақанда ұстап, көкке көтермеске?! Бұл дегеніңіз нағыз отандық патриотизмнің өнегесі емес пе!

Спорт әлемінің ең биік шыңы – Олимпиада. Біздің Храпатый болса, осы шыңға екі рет көтерілді. 1988 жылы Сеулде өткен ойындарда жеңіс тұғырының ең жоғары сатысынан қол бұлғап тұрғанын көргенде тек қана қазақ елі емес, бұрынғы Одаққа қараған қалың халықтың баршасы қуанған еді ғой. Сеулде Храпатый ышқынып ұтқан жоқ, жұлқынып жеңді. Серпе көтеруде де, жұлқа көтеруде

де штанганы басынан асыра көтеріп, бұрын болмаған белесті бағындырды. Әлем және Олимпиада рекордын жаңартты! Одан кейін сегіз жылды артқа салып тәуелсіз Қазақстанның атынан, туған ел мен жердің туын көтеріп шыққан. Бұл жолы да Храпатый чемпион тұғырдан түскен жоқ. Осылайша отызында орда бұзған атбасарлық алып 1996 жылы Атланта Олимпиадасында да күміс медаль олжалады.

1998 жылы Астана қаласының мәслихаты Анатолий Михайлович Храпатыйға «Астана қаласының құрметті азаматы» атағын берді. Елорда әкімдігі қаладағы «Алатау» спорт сарайында «Олимпиада чемпионы А.Храпатыйдың ауыр атлетика мектебін» ашты. Бүгінде бұл мектепте жүздеген жасөспірімдер ауыр атлетикаға машықтанып жүр. Олардың қатарынан республика және халықаралық жарыстардың жүлдегерлері өсіп шығып жатыр.

Иә, туған елінің абыройын аспандатқан, елордасының мерейін өсірген Анатолий Храпатый секілді сайыпқыран жігіттерге қандай құрмет көрсетсе де артық болмайтыны ақиқат. Осындай күшімен де, рухымен де еліне елеулі, халқына қалаулы болған азаматтардың болғаны қандай жақсы, қандай ғанибет!

* * *

Адам баласы үшін мәңгілік өмір болмайды. Бұл – ақиқат.

Бірақ өзекті өртейтін мезгілсіз өлім болатыны өкінішті-ақ. Сондай орны толмас қасіретті кеше естідік. Аты аңызға айналған атақты спортшымыз Анатолий Храпатый қайғылы қазаға ұшырап, өмірден озды.

Қазақстан спортының беделін биікке көтерген Храпатый спортшыға арман болатын барлық белесті бағындырған сайыпқыранның өзі еді. Он алты жасында-ақ КСРО-ның спорт шебері атанып үлгерген Толяның талантында

шек жоқ еді-ау. Жастайынан ауыр атлетикаға арбалған ауыл жігітінің еңбекқорлығы мен жеңіске деген жігері Одақтағы талай банкерді қызықтырып, республикалар мен қалалардан шақырулар толастамайтын. Бірақ Анатолий өзінің туған жері Ақмолада жүріп-ақ әлемді мойындата берді емес пе?! Астанасында жаттығып жүріп-ақ Олимп шыңына шықты. әлем және құрлық біріншіліктерін бірінен соң бірін ұтып ала берді. Сірә, біздің елімізде Храпатыйдың көрсеткішін қайталаған спортшы жоқ-ау. Тізілтіп айта берсек. айта береміз, айтқымыз келе береді... Олимпиада чемпионы, әлемнің бірнеше, Еуропа мен Азияның сан мәрте жеңімпазы. Айта берсек, жеңісті сәттері жалғаса береді. жалғаса береді.

Олимпиада чемпионы – мәңгілік, ешқашан ескірмейтін атақ. Осындай атақ-абыройымен еліне құрметті болған Анатолий Храпатый есімі қазақстандықтардың жүрегінде мәңгілік сақталып қалмақ.

...Храпатый бүгін Пекинге ұшуы керек еді. Олимпиадаға. Дәл осы кезде Анатолийдің Сеул Олимпиадасында чемпион болғанына 20 жыл толатын шақ еді. Апайтөс атлет Қытай астанасында Қазақстанның бір спортшысы чемпион болып, еліне де, өзіне де керемет бір қуаныш болатынын сезді ме екен, әйтеуір Пекинге ұшқанша асығып жүрген еді. Кең жүрегін бұлқыntyп жүрген сол ой-арманы да жүзеге асты ғой. Бірақ сұм ажал, кездейсоқ апат өзінің ізін басқан Ильиннің ғаламат жеңісін атақты спортшыға көрсетпей кетті. Өкінішті-ақ...

МАЗМҰНЫ

I бөлім

Ер кезегі үшке дейін.....	5
Қайсар мінезді Қанат.....	13
Бәрекелді, Дәрмен!.....	27
Айналайын Айдана!.....	75
Шартарапты шарлап жүр.....	85
Қазақ күресінің қаһарманы.....	97
Жарайсың, Жайлауов!.....	105

II бөлім

Қазақстан футболының болашағы зор.....	112
“Астана” – Президенттің командасы.....	117
Кумирім – Қонақбаев болды	122
“Барыстың” бомбардирі.....	126
Менің тағдырым – футбол.....	132

III бөлім

«Астана-Арена» – суперстадион.....	137
«Қазақстан» – спорт сарайы	142

VI бөлім

Қажымұқан рухы.....	147
Қайран Храпатый.....	155

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

САЙЫПҚЫРАН

(спортшылар туралы мақалалар мен сұхбаттар)

Редакторы: *Ерлібай Қадырбай*

Корректор: *Олжас Сүлейменов*

Дизайнер: *Бақтияр Пулатов*

Суреттері: *Сұлтан Сейтов, Ерлан Омаров*

Басуға 12.12.2009 ж. қол қойылды.

Қалыбы 84 x 108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік қағаз.

Қаріп түрі «Таймс». Офсеттік басылыс.

Есептік баспа табағы 10. Тапсырыс № 2776.

“Астана полиграфия” акционерлік қоғамының
баспаханасында басылды

Астана қ., Брусиловский к., 87. Тел.: 37-05-59.



Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, С.Бердіқұлов атындағы сыйлықтың лауреаты. Ақмола облысы Қорғалжын ауданының Жанбөбек ауылында туған. Жалманқұлақ ауылындағы орта мектепті бітірген соң әскер қатарына алынды. «Ерлігі үшін» медалінің иегері. С.Сейфуллин

атындағы Целиноград мемлекеттік педагогика институтын бітірген. Еңбек жолын Ақмола облыстық «Арқа ажары» газетінде бастады. 1995 жылдан бері «Астана ақшамы» газетінде аға тілші, шолушы, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарып келеді.

